

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

ӘОЖ 811.512.122

Қолжазба құқығында

## НЕСІПБАЙ АЙНҰР ШЫҢҒЫСХАНҚЫЗЫ

Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері

8D02303 – Филология

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
Филология ғылымдарының докторы  
Абикенова Г.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
PhD доктор, профессор Нергис Бирай  
(Түркия мемлекеті, Памуккале университеті)

Қазақстан Республикасы  
Семей, 2025

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1 ТІЛДЕГІ БУДАН ҚҰБЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>12</b>
1.1 Будан құбылышының тіл білімінде зерттелуі .....	12
1.2 Тілдегі будан құбылышының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары .....	19
1.3 Будан терминдердің құрамы және типологиясы .....	25
1-тарау бойынша түйін.....	37
<b>2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>39</b>
2.1 Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер.....	39
2.2 Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер.....	49
2.3 Будан терминжасамның аралас тәсілі .....	65
2- тарау бойынша түйін.....	73
<b>3 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ ҮЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ.....</b>	<b>76</b>
3.1 Ғылыми мәтіндердегі будан терминдердің функционалдық ерекшеліктері.....	76
3.2 Медиакеңістіктегі будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметі.....	86
3.3 Будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар.....	91
3- тарау бойынша түйін.....	103
<b>КОРЫТЫНДЫ.....</b>	
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>105</b>
<b>ҚОСЫМША А – Саялнама нәтижесі.....</b>	<b>110</b>
<b>ҚОСЫМША Ә – Мемлекеттік терминология комиссиясының 2019-2024 жылдары бекіткен будан терминдер.....</b>	<b>118</b>
	124

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Аббревиация** (лат. «ab» – бастапқыдан, «brevio» – қысқарту) – кірме сөзді қысқарту арқылы жаңа сөз жасау.

**Агглютинация** (лат. «agglutination» – жалғау) – түбірге немесе негізгі стандартты аффикс жалғау арқылы сөз бен сөзтүлға тудыратын әдіс. Бұл мағынада (морфемалардың қосылу тәсілі ретінде) агглютинация фузияға қарама қарсы қойылады. Аффикстер белгілі бір иерархиялық жүйемен жалғанады. Аффикстердің дыбыстық вариантының сингармонизм нәтижесінде пайда болады.

**Акроним** (грек. «akros» – бастапқы, бірінші, «опума» – ат, атау) – сөз тіркесінің немесе есімнің бастапқы әріптерін алыш, есте сақтауға және айтылуға оңай жаңа сөз жасау арқылы жасалған сөз.

**Будан сөз** (гибрид лат. «hibridia» – аралас) – жартылай калька; әр тілді элементтен тұратын сөз. Гибрид сөздердің түп негізі кірмелең, қазіргі тіл білімінде шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы ретінде түсіндіріледі.

**Будан (гибридтен) құбылысы** бұл терминді академик Н.Я. Mapp енгізген лингвистикалық гибридтену құбылысы тілді байытуға ықпал етеді және жеке сөздердің семантикасы, олардың сөзжасамдық және лексикалық қатарлары мен аралас гибридті типтегі лексемалар арасындағы жаңа турақты байланыстарды қалыптастыруға жол ашады.

**Будан (гибридтік) аталым** – элементтері әртүрлі тілдерден алған сөз.

**Будан термин** – бұл екі тілдің компоненттерін қамтитын кірме және автохтонды элементтердің бірігуінен туындаған термин.

**Будан (гибридті) сөзжасам** – әртүрлі сөзжасамдық механизмдердің өзара әрекеттесуінің нәтижесі.

**Варваризм** (грек. «barbarous» – бөгде, жатжерлік; ағыл. «barbarism») – тілді пайдаланушылардың тілінде ұдайы қолданылатын, алайда тілдің лексикалық құрамына енбеген, фонетикалық түрғыдан бейімделмеген, тілді пайдаланушылар бөгде сөз деп танитын, өзге тіл сөзі немесе сөз тіркесі.

**Графодериватив** – құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да сөзден ауқымдырақ сөйлеу бірлігі.

**Деривация** (лат. «derivatio» – жасалу) – бастапқы тіл бірліктерінен басқа туынды тіл бірліктерін (дериваттарды) жасау.

**Дериват будан терминдер** – синтетикалық жолмен жасалған будан терминдер.

**Дефиниция** (лат. «definitio» – анықтау) – 1) белгілі термин не сөз арқылы бейтаныс терминнің, не сөздің мағынасын ашу (номиналды дефиниция), немесе контекстке мағынасы түсінікті сөздердің енгізу (контекстуалды дефиниция); 2) зерттелетін нысанның сипатын ашу.

**Жартылай калька** (фр. «calque» – көшірме) – құрамдас сөздердің бір бөлігін дәлме-дәл аударып, ал екінші бөлігін түпнұсқа қалпында сақтап жасау тәсілі.

**Кірме** (ағыл. «borrowing, loan-word») – 1. Бір тіл единицаларының басқа тілге ену үдерісі. 2. Нақты бір тілге екінші тілден енген сөздер, сөз тудыруши қосымшалар және құрылымдар.

**Ксенізм** (грек. «kseenos» – бөтен) – жаңа кірме сөздер, өзге елдердің түрмисын білдіретін сөздер: *кампо* – «дәстүрлі жапон медицинасы», *лим* – «литвалық валюта».

**Контаминант термин** (ағылш. «blend word or blends, portmanteau words», орыс. «акроним, контаминант, телескоп») – бір сөздің басқы бөлігі мен екінші сөздің соңғы бөлігінің бірігуі арқылы жасалған термин.

**Композит термин** – толық мағыналы сөздердің немесе терминбөлшектердің бірігуі арқылы жасалып, біртұтас ғылыми немесе техникалық ұғымды білдіретін құрделі термин.

**Компонент** (лат. «componens» – құраушы) – қандай да бір заттың, нәрсенің құрамдас бөлігі.

**Латын негізді термин** – латын негізіне ұлттық тіл қосымшасы жалғанып жасалған термин.

**Лексикография** (грек. «lexicos» – сөзге қатысы бар және «grapho» – жазамын) – сөздік құрастырудың практикасы және теориясымен айналысатын тіл білімінің бір бөлімі.

**Лингвоэкология** – тіл біліміндегі жаңа бағыт. Лингвоэкологияның қарастыратын мәселелері – ұлттық тілдің бүгінгі жағдайы мен тілдің дамуына оң немесе теріс ықпалын тигізетін қоршаған тілдік ортаның ластануы, тілдің қалыптасқан занылыштарының бұзылуы, ғылыми техникалық төңкерістер дәуіріндегі тілдің техникалануы, лингвистикалық негилизммен құрес, т.б.

**Морфологиялық бейімделу** – қабылдаушы тілдің грамматикалық формалары, қосымшалардың жалғануы қабілетін, қабылдаушы тіл жүйесінің грамматикалық занылыштарына бағынуы.

**Реципиент** (лат. «recipiens» – алушы) – ақпаратты алушы, сініруші, пайдаланушы.

**Субстрат** (лат. «sub» – астыңғы, «stratum» – қабат, қатпар) – екі тілдің тоғысының кезінде женғен тілдің құрамында сақталып қалған жеңілген тілдің іздері.

**Экзотизм** (грек. «exoticos» – бөгде, шетжерлік, ағыл. «exotism») – басқа тілден енген және сөйлеуге айрықша бояу үстеге пайдаланылатын сөз немесе сөз тіркес.

**Эндогенді құрамбөлік** – будан терминнің төлтілдік немесе бейімделген сынары.

**Экзогенді құрамбөлік** – будан терминнің шеттілдік кірме сөзден болған сынары.

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің жалпы сипаттамасы.** Қазіргі тілімізде бір бөлшегі кірме сөз екінші бөлшегі төлтілдік элементтен тұратын жаңа атаулар мен терминдер саны күрт көбейді. Мұндай тұзілімдер ғылыми мәтіндерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамаларда, жалпы тілдік қатынаста жиі пайдаланылатын болды. Будан (гибрид) сөздер деп аталатын мұндай тұзілімдер тіл-тілдің бәрінде дерлік кездеседі.

Лингвистикадағы будан (гибридтену) құбылысы атауы жаратылыстану ғылымдарындағы «будандастыру» терминінен бастау алады. Тіл білімінде аталған құбылыс тілдің әртүрлі деңгейлерінде орын алады. Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде «гибрид тілдер», «гибрид аталымдар», «гибридтену», «гибридтік сөзжасам», «будан (гибрид) сөздер», «будан (гибрид) терминдер», «будан құбылысы» деген терминдер кең таралуда. Гибридтік құбылысты зерттеушілер будан қолданыстарды тіл деңгейлеріне сәйкес, фонетикалық, лексикалық деңгейде және мәтін деңгейіндегі будандар деп бөліп қарастырады. Кейінгі жылдары будан құбылысы өсіреле терминжасам саласында кең таралған. Тілдегі будан тұзілімдердің ең көп бөлігі терминдерге тиесілі.

Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері, жасалу жолдары мен типологиясы, олардың қазақ тілінің термин жүйесінен алатын орны, функционалдық сипаты зерттелмеген. Қазіргі уақытта тіліміздегі будан терминдердің теориялық негізін қалыптастыру, деривациялық модельдерін айқындау, сонымен қатар қолданылуындағы кемшиліктерді анықтау мәселелері арнайы зерттеуді қажет етеді.

**Зерттеудің өзектілігі.** Тілдің түрлі деңгейлерінде шет тілдік бірліктердің енуі туралы тіл білімінде бұрыннан айтылып жүргенімен, кейінгі жылдары бұл құбылыстың қазақ тілінде қарқынды дамуы байқалады. Себебі, ғылым мен техниканың, саясат пен экономиканың дамуы тілге де өсер етпей қоймайтыны белгілі. Бұл өзгерістер алдымен, тілдің лексикалық жүйесінде орын алады. Ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың дамуы және қоғамдағы саяси экономикалық, мәдени өзгерістер, интеграциялық үдерістер шеттілдік кірме сөздер санының қауырт өсуі мен жаңа атаулардың көбеюіне әкелді. Олардың қатарының көбейе түсүі тіліміздің сөздік қорын, терминологиялық қорды байытатыны сөзсіз. Қазіргі тіліміздегі шетел тілі сөздерінен жасалған будан сөздердің пайда болуы мен қолданылу аясы негізінен терминология мен медиакеңістік болып табылады.

Ш. Құрманбайұлының: «Кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі «будандардың» саны көп және үнемі өсіп келеді. Сол себепті бұл мәселе лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, мұндай сөздердің тілдік табиғаты ашылмаса, онда сөзжасам, терминжасам үлгілері мен тәсілдері де толық айқындалып, олардың түр-тұлғасы бір-бірінен айқын ажыратылған деп тұжырымдау да қынға соғады» [1, 6.772], – деп атап көрсетеді.

Бүгінгі күні өзектілігі артып отырған осындағы мәселелер қатарына ағылшын және басқа да шетел тілдерінен енген кірме сөздерден жасалған будан

терминдердің тілімізде өте көп мөлшерде қолданысқа енуін жатқызуға болады. Будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар, олардың құрамындағы шеттілдік кірме сөздердің уәжсіз қолданылуы, яғни тілімізде баламасы бола тұра аударылмай жұмсалуы, оларды қолдануда бірізділіктің болмауы сияқты мәселелер тілімізде көп үшірасады. Будан терминдердің лингвистикалық табиғатын кешенді зерттеу ұлттық терминологияны жетілдіруге, қазақ тілінің ғылыми әлеуетін нығайтуға және жаңа ұғымдар атауларын ұлт тіліне бейімдеудің тиімді тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді, ұлттық терминдерды жаңа ұлгідегі терминдермен байытуға, терминологиялық жүйені реттеуге және жаңа терминдерді бейімдеудің тиімді тәсілдерін айқындауға септігін тигізеді. Сондықтан тілімізде қолданылып жүрген будан терминдердің жасалу жолдары мен лингвистикалық және функционалдық ерекшеліктері теориялық және практикалық тұрғыда зерттеуді қажет етеді. Тіліміздегі будан терминдерді зерттеу олардың ұлттық терминологиялық жүйедегі орнын анықтап қана қоймай, тілдің дамуы мен ғылыми әлеуетін нығайту үшін де аса маңызды.

Будан терминдердің жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін зерделеп, төл тіліміздің занылыштарына сай игерілуін, грамматикалық және әдеби нормаларға сай қолданылуын, функционалды-семантикалық ерекшеліктерін қарастыру зерттеудің өзектілігін айқынтайтын.

**Зерттеудің дереккөздері.** Диссертациялық зерттеудің материалдық базасы қазақ тіліндегі медиамәтіндерден, «Termincom.kz» ұлттық терминологиялық базасынан, салалық терминологиялық сөздіктер және ғылыми мәтіндерден алғынған 2000-дай будан терминдерді қамтиды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Лингвистикадағы будан құбылысын зерттеушілер ретінде славян тілдеріндегі, әсіресе украин, поляк және чех тілдерінің гибридті сөзжасамын кеңінен зерттеген Н.Ф. Клименко, Е.А. Карпиловка, Л.В. Кислюк, Д.Баттлер, Дж. Обара, С. Вархол және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Аталған зерттеулерде лингвистикалық будан құбылысы тілді байытуға ықпал етеді және жеке сөздердің семантикасы, олардың сөзжасамдық және лексикалық қатарлары мен аралас гибридті типтегі лексемалар арасындағы жаңа тұрақты байланыстарды қалыптастыруға жол ашады» деп есептейді.

Тілдегі будан құбылысы туралы орыс тіл білімінде Н.С. Авилова, В.В. Виноградов, В.В. Акуленко, В.П. Григорьев, Е.А. Земская, В.Г. Костомаров, В.В. Лопатин, В.П. Даниленко, Д.С. Лотте, Г.С. Онуфриенко, Ф.А. Никитина, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі.

О. С. Ахманова будан сөздерді «көп тілді элементтерден тұратын сөз» [2, с.98], – деп анықтайтын.

Ж. Марузо будан аталымдарды «элементтері әртүрлі тілдерден алғынған сөз» [3, б.68], – деп түсіндіреді. Л.А. Фридман қабылдаушы тілде алғынған негіздерден және лексемалардан алғынған күрделі сөздер мен сөз тіркестерін будан деп санайды [4, б. 23].

Түрік тілінің будан лексикасы түрік ғалымдары Х. Кубра, Е. Тамтамиш [5], Х. Ширин [6] сияқты ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Түрік лингвистері будан сөздерді «Hibrît sözcükler» немесе «Melez sözcükler» деп

атайды. Түрік тіліндегі будан түзілімдерді зерттеушілер мұндаі тілдік бірліктердің синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалатынын көрсетеді. Бұл бағыттағы зерттеулер қатарында Еркинай Тамтамиштың «Türk Dili Araştırmaları Yıllığı» журналындағы «Türkçede Hibrit (Melez) Sözcükler» атты еңбегін атауга болады. Аталған зерттеуде түрік тіліндегі будан түзілімдердің жасалу жолдары, қолданылу аясы зерттеледі. Ғалым бұл зерттеуінде түрік тіліндегі будан сөздердің эндогенді будан, экзогенді будан және үш сөзді будан атауларға жіктеп көрсетеді [5].

Қазақ тіліндегі будан сөздердің жасалу жолдары Б. Момынованың зерттеулерінде қарастырылады [7]. Ғалымның «Тілдегі гибрид сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері» [8] атты мақаласында будан сөздердің құрамына қарай «қос сөз түріндегі, тіркес түріндегі, біріккен сөз, дара сөз түріндегі гибрид сөздер» деп 4 түрге жіктейді. Лингвистикалық будан құбылышын ғалым Б. Момынова «гибридтену» деп атаса, Ш. Құрманбайұлы, А. Ахметтің мақаласында «будан құбылышы» деп аталағы [9].

Б. Момынова, Ү. Әнесованың «Қазақ тіліндегі гибридтік сөздер (массмедиа материалдары негізінде)» атты зерттеуінде баспасөз тілінде кездестетін будан сөздер зерттеледі [10]. С. Құлмановтың «Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау)» тақырыбындағы ғылыми мақаласында будан терминдердің статистикалық көрсеткіштері ұсынылады [11].

**Зерттеу нысаны.** Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдер.

**Зерттеу пәні.** Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық табиғатын кешенді зерттеу арқылы олардың морфологиялық құрылымын, будан терминжасам тәсілдерін, сөзжасамдық модельдерін, функционалдық ерекшеліктерін, үлттық терминологиялық қордан алатын орнын айқындау.

**Осы мақсатқа байланысты төмендегі міндеттер белгіленді:**

- лингвистикадағы будан құбылышын зерттеудің теориялық негіздерін айқындау;
- будан терминдер жасалуының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларын саралап көрсету;
- будан терминдердің құрамындағы компоненттердің шығу негізіне қарай түрлерін анықтау, лексика-семантикалық түрғыдан топтастыру;
- терминжасамдағы будан терминдердің компоненттік құрылымына, жасалу тәсілдеріне байланысты жіктеп, будан терминдердің сөзжасамдық моделдерін құру;
- будан терминдердің ғылыми мәтіндердегі қолданысын зерделеп, функционалдық қызметін анықтау;
- медиакеңістіктегі будан терминдік түзілімдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметін саралау;
- қазақ тіліндегі будан терминдердің қазақ тілінің терминжүйесіндегі орнын айқындау.

**Зерттеу әдістері.** Диссертациялық жұмысты жазу барысында қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктерін, түрлерін анықтауда жалпы ғылыми зерттеу әдістері ретінде жинақтау, тұжырымдау, қорыту және жіктеу, интерпретация, сөздік дефиниция әдісі; будан түзілімдердің құрылымдық және сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтауда сөзді морфемдік ұйымдастыру деңгейінде құрылымдық-семантикалық талдау, лингвистикалық модельдеу әдістері; будан терминдердің құрылымдық элементтерін және олардың қалыптасу зандылықтарын анықтауда семантикалық талдау; ғылыми мәтінде, ауызекі сөйлеу тілінде қолданысын анықтау мақсатында салыстырмалы лингвистикалық талдау әдістері, сауалнама әдісі, статистикалық зерттеу әдістері; будан терминдердің электронды ресурстардағы және медиакеңістіктегі қолданыс ерекшеліктерін айқындауда контент-талдау әдісі пайдаланылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Диссертацияда алғаш рет қазіргі қазақ тілінің терминологиялық жүйесіндегі будан терминдердің тілдік сипаты мен функционалдық ерекшеліктеріне кешенді лингвистикалық зерттеу жасалды:

1. Тіл біліміндегі будан құбылысын зерттеудің теориялық негіздері айқындалып, қазақ тіліндегі будан терминдер типологиясы, компоненттік құрылымы, лексика-семантикалық ерекшеліктері зерделенді.

2. Будан терминжасамның синтетикалық, аналитикалық және арасас тәсілдері анықталып, деривациялық модельдері құрылды; будан терминжасаушы өнімді және өнімсіз жұрнақтар анықталды; аналитикалық тәсіл арқылы будан терминжасауға қатысатын терминбөлшектер сараланды.

3. Ғылыми мәтіндердегі будан терминдердің функционалдық ерекшеліктері дәйектелді; бұқаралық ақпарат құралдарындағы будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметі талданды; будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар сараланып, тіл тазалығына әсері, қазақ тілінің терминжүйесіндегі орны мен ұлттық терминқорды жаңа ұлғідегі терминдермен байытуға қосатын үлесі айқындалды.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы.** Қазақ тіліндегі неоклассикалық компоненті бар будан терминдердің жасалу жолдары мен деривациялық модельдерін айқындау, терминологиядағы будан аталымдардың лексика-семантикалық классификациясын жасау, будан терминдердің функционалдық ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазақ тілінің терминологиясы, терминжасам, қазақ тілінің сөзжасамы, функционалды лингвистика салаларының теориялық түрғыдан толыға түсіне өз дәрежесінде үлес қосады.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы.** Диссертация материалдарын, оның нәтижелері мен қорытындыларын жоғары оку орындарында «Қазақ терминологиясы», «Терминжасам мәселелері», «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәндерін оқытуда және оку құралдарын әзірлеуде қолдануға болады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі будан терминдерді лингвистиканың жаңа бағыттары бойынша болашақ зерттеулерге мұрындық болады деп ойлаймыз.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі ретінде лингвистикадағы будан құбылысы және будан сөздердің жасалу жолдарына қатысты Л.А. Тарасова,

Е.Н. Ардаматская, Л.П. Крысин, Н.В. Перцов, Т.В. Попова, А.С. Пучинина сияқты шетелдік ғалымдардың және Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, А. Қөшекова, С. Құлманов т.б. отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдары назарға алынды.

Тіл білімі ғылымындағы терминология саласы мен терминдердің зерттелуіне байланысты шетелдік ғалымдар: Е. Вюстер, Д.С. Лотте, Дж. Л. Остин, П.Оже, Л.Ж. Руссо, Р. Бутен-Кеснель, Г. Будин, А. Класс, С.Э. Райт, Г. Пихт, Дж. Драскау, Г. Фелбер, Р. Арнц, Г. Рондо, Дж.К. Сейгер, Дж. Рондо, Дж. Пирсон, Г. Сомерс, Г. Чобану, Э. Рэй, М.Т. Кабре, Д. Гуадек, Р. Дебюк, Д.Сейджедер, А.А. Реформатский, О.С. Ахманова, Р.А. Будагов, Б.Н. Головин, В.М. Лейчик, Н.В. Подольская, А.Суперанская және отандық терминтанушылар А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ә. Айтбаев, Ж. Аймауытұлы, С. Қожанов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Н.Төрекұлов, Қ.Жұбанов, И. Қеңесбаев, Т. Жанұзақов, Ә. Қайдаров, Ш. Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың енбектері де назарда болды.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

– Будан терминдер – шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдер.

– Будан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын – қазақ сөздерінен; грек, латын негізді сөздер – қазақ сөздері; француз, неміс сөздері – қазақ сөздерінен; орыс – қазақ сөздерінен жасалған будан терминдер деп жіктелді. Олардың басым бөлігі – грек, латын негізді будан терминдер. Компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті будан терминдер деп жіктелді.

– Будан терминжасам тәсілдері синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсілдер деп жіктелді. Қазақ тіліндегі будан терминдер жасалу жолдарына байланысты дериват будан терминдер, композит будан терминдер, аббревиат будан терминдер деген түрлерге бөлінді. Басым бөлігі – дериват, композит будан терминдер. Статистикалық зерттеу нәтижесі аббревиат будан терминдердің үлес салмағы аз екендігін көрсетті.

– Қазақ тілінде будан терминдердің «кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнәк»; «Префикс + түбір/ негіз»; «кірме түбір/негіз +төлтілдік түбір/негіз, «кірме қысқарған сөз + төлтілдік түбір негіз» сөзжасамдық моделдері кездеседі.

– Будан терминдердің ғылыми мәтіндердегі функционалдық сипатын зерттеуде номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық функцияларымен қатар бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функциялары анықталды.

– Медиакеңістіктерінде будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінеді және күрделі ұғымдарды немесе процестерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Будан терминдер мағыналары көп жағдайда ғылыми дәлдігімен, толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленеді.

– Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуында төлтілдік баламалары бола тұра шеттілдік сөздерді орынсыз қолдану; будан

терминдердің тым шұбалаңқы болып келуі; терминге қойылатын талаптардың бұзылуы; тілдік нормалардың сақталмауы, бірізділіктің болмауы сияқты бірқатар олқылықтар ұшырасады. Аталған кемшіліктерді жою тіл тазалығының сақталуына, ұлттық ғылым тілінің дамуына ықпал етеді.

### **Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен мақұлдануы.**

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 3 мақала жарияланды:

- Ways of formation and structural features of hybrid terms in the tourism sphere in Kazakh language // Forum for Linguistic Studies, 7 (3) (2025) p. 779-789.
- Semantic and functional features of hybrid words in the modern Kazakh language // Scientific Herald of Uzhhorod University, Series «Physics». Issue 55, (2024) p. 147-154.
- Linguistic features of hybrid terms in modern Kazakh language // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. –2022. – №2 (65). – Б. 42-152.
- Hybrid words in the language: hybridization process // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2022. – №2 (139). – Б. 122-127.
- Қазіргі қазақ тіліндегі будан атаулардың тілдік ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. – №2 (143). – Б. 87-94.
- Penetration of borrowed hybrids into the Kazakh language // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №1.– Б. 284-295.
- Құрылымдың және сәүлет саласындағы будан атаулардың жасалу жолдары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №3 (148). – Б. 95-105.
- English language hybrid words in the modern Kazakh language. // А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты және қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ұйымдастырыған қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Сейілбек Исаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Тілтанымдық мектеп» аясында өткен «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоөзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 21 сәуір, 2023. – Б. 281-286.
- Шеттілдік терминдерді игеру жолдары // ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор, «Turk Dil Korumı» қоғамының корреспондент мүшесі, ҚР еңбек сінірген ғылым қайраткері, ҚР мемлекеттік сыйлығының, Ш.Үәлиханов

атындағы сыйлықтың иегері Р.Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 8 қараша, 2024. – Б. 219-222.

– Будан сөздердің тіл тазалығына әсері // Шәкәрім университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған «Шәкәрім оқулары – 2024» ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Семей, 15 қараша, 2024. – Б.175-179.

Зерттеу тақырыбына қатысты басқа да жарияланымдар:

– Будан терминдер сөздігі. (Г.Т.Әбікеновамен авторлық бірлестікте). Көмекші оқу құралы.– Семей, 2025. – 176 б. ISBN 978-601-80435-2-3.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысының көлемі қосымшаларсыз 117 бетті құрайды.


# 1 ТІЛДЕГІ БУДАН ҚҰБЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Будан құбылысының тіл білімінде зерттелуі

Бүгінгі жаһандану заманында білім мен ғылым, экономика, мәдениет, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы, халықаралық байланыстардың нығаюы әсерінен қазақ тілінің сөздік қоры шетел сөздерімен толығуда. Кейде шеттілдік элементтер кірме сөз ретінде тілімізге еніп жатса, енді бірде сөзжасамдық әдістермен жаңа сөздер мен терминдердің жасалуына негіз болады. Тілдік зерттеулерде бір сыңары төл сөзден, екінші сыңары шеттілдік кірме сөзден болған күрделі сөздер, немесе будан түзілімдер сөзжасам жүйесінің дәстүрлі механизмдерінің теориясы мен практикасы аясында қарастырылады. Аталған тілдік бірліктер негізінен ғылыми және техникалық терминология саласында өнімді болуымен ерекшеленеді.

«Будан (гибрид) сөздер термині» негізінен лингвистикаға биология ғылымынан ауысқан. Биология ғылымында гибрид, будан термині (лат. «híbrida» – будан, қоспа) – генотипінде айырмашылығы бар екі организмді будандастырудан (шағылыстырудан) алынған жаңа организм деген мағынаны білдіреді. Қазіргі лингвистикада гибрид тіл, гибридтік сөзжасам, гибрид сөз, гибридтік аталымдар, гибрид терминдер, гибридтену құбылысы деген терминдер ұшырасады. Гибрид немесе будан аталымдар шеттілдік кірме сөз бен төл тілдік бірліктің бірігуі немесе қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалады.

Тіл біліміндегі будан (гибрид) термині алғаш рет XVII ғасырдың орта шенінде француз ғалымы К.Вожланың «Француз тілі туралы жазбалары» атты зерттеуінде ұшырасады. Автор бұл енбегінде будан аталымдар жөнінде: «Бұл сөздерде бір өзгешелік бар, өйткені олар жартылай латын тілінде, жартылай француз тілінде, екіншіден гибрид атаулар немесе метистер барлық тілдерде кездеседі» [12, б.273], – дейді.



Сурет 1 – Будан сөздердің түрліше аталуы

Зерттеуші ғалымдар будан сөздерге түрлі атаулар ұсынады. Е.Д. Поливанов және А.А. Горбов мұндай түзілімдерді «композит» деп атаса, Л.П. Крысин «кентавр» деген атауды ұсынады. С.Г. Апетян, Б. Момынова «гибрид сөздер», К. Вожла «метисы», Ш. Құрманбайұлы «будан сөздер» деп атайды (1-сурет). Будан құбылысы да қазақ тіл білімінде түрліше аталып жүр. Б. Момынова «гибридтену құбылысы» [8], – деп берсе, Ш. Құрманбайұлы ғылыми мақаласында «будан құбылысы» [9], – деп атайды. Біз Ш. Құрманбайұлы берген атау бойынша будан құбылысы деп атадық.

Лингвистикалық дереккөздерде будан (гибрид) түсінігіне біршама анықтамалар беріледі. О.С. Ахманованың редакциясымен шыққан «Лингвистикалық терминдер сөздігінде»

«1. Скращенный, смешанный.

2. Составленный из генетически разнородных элементов. Гибридное слово. То же, что гибрид». Алайда «гибридизация» тілдік деңгейде «тілдерді будандастыру» [2, с.98], – деп түсіндіріледі.

Н. Г. Бабенко гибрид сөздерде сөздің сыртқы қабаты емес, сонымен қатар олардың мағынасы да будандастырылатынын айтады. Бұл жағдайда уәждеуші сөздердің импликациялық қана емес, сонымен қатар интенсионалдық сипаты да өзгеретінін дәйектейді [13].

Ғалым сөздерді морфемдік деңгейде қарастырады. Автор будан атальмдарды жасайтын жүрнақтардың кейбірі төл тілдік жүрнақтар, жартылай кірме жүрнақтар деп айтады [13, с.55].

Қазіргі уақытта шетелдік тіл білімінде будан түзілімдер біршама кеңірек зерттелген. Шетелдік тіл біліміндегі будан сөздер туралы зерттеулер қатарына қытай тіл біліміндегі кірме сөздер мен будан түзілістер туралы Қытай ғалымы Навотнаның 1967 жылы жарық көрген еңбегін атауға болады [14].

Б. Иоганнның 1993 жылы жарияланған санскрит тілін зерттеген еңбегінде буддистердің тіліндегі будан сөздердің қолданысы талданады [15].

А.Уэйли қытай және монғол әндері мәтініндегі будандастыру мәселесін зерттеп, кейбір монғол сөздерінің қытай сөздерінің қатысуымен енгізілгенін және олардың дәстүрлі сөздерге жатпайтынын мәлімдейді [16, б.581].

1948 жылы неміс ғалымы П. Шах Пенсильваниядағы неміс тіліндегі будан комбинациялар туралы зерттеуінде алынған сөздермен будандастырылған формалар екі тіл арасындағы алғашқы әсердің нәтижесінде пайда болғанын айтады [17]. Тіл біліміндегі әртүрлі тілдер бойынша жүргізілген зерттеулерде будан сөз/құрылым кірме сөздер аясында қарастырылғаны байқалады. Түрік ғалымы Е. Тамтамиш мақаласында түрік тіліндегі будан түзілімдердің басқа тілдерден алынған сөздер көмегімен жасалатындығы анықталады. Ғалым еңбегінде: «Қытай тіліндегі монғол сөздері тілге еніп, қытай сөздерімен тіркесе келгенде оны шетелдік сөздер ретінде қабылдауға болмайтыны сияқты, түрік тіліндегі гибридті құрылымдарды да кірме сөздермен тең қарауға болмайды. Будан сөздер тілдің құрылымына сәйкес дамиды және тілдердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде будандастырылады, сондықтан бұл сөздерді шетелдік сөздер ретінде қабылдауға болмайды» [5, б. 255-256], – деген қорытындыға келеді.

Дж. Ширд «гибрид мәселесі талқыланбаса, сөзжасамдық процестің сипаттамасы толық деп санауға болмайды» [18, б.10], – деп есептейді. Түрік тіліндегі гибрид сөздер туралы түрік лингвисті Х. Шириннің мақаласы да назар аудараптық. Ғалымның зерттеу еңбегінде түрік тіліндегі ағылшын, француз, неміс, итальян тілдері сөздерімен түрік сөздерінің тіркесуінен жасалған будан сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен жасалу жолдары жан-жақты талданған [6].

Э. Хауген, К. Санчес-Стокхаммер, А. Августин, Г. Буй, М. Хюнинг, В. Флейшер, И. Барц, Дж. Хант, Дж. Шерлинг, В. Пульцини, К. Фуриасси, Ф.Р. Гонсалес, К. Хацитеодору, В. Каппатос, Т.К. Бхатия, В.К. Ричи, Н.Дж. Питерс, т.б. шетелдік лингвист ғалымдардың зерттеулерінде тілдегі будандастыру (гибридтену) құбылысы мен будан сөздер, сөздердің будандасу тәсілі қарастырылған. Э. Хаугеннің пікірінше, будан сөздер «төл тілдік және шетел тілі материалынан құрылған сөздер» [19, б.14], – деп анықталады. Кірме сөздер мәселелерін зерттей отырып, Э. Хауген сөздердің тілге толық морфологиялық және жартылай морфологиялық жолмен енетінін айтады.

Э. Хаугеннің пікірінше, гибридтік сөздер «төл тілдік және шетел тілі материалынан құрылған сөздер» ретінде анықталады.

Кірме сөздер мәселелерін зерттей отырып, Э. Хауген сөздердің тілге толық морфологиялық және жартылай морфологиялық жолмен енетінін айтады. Ғалым кірме сөздердің 3 түрін (Сурет 2) жіктелеп көрсетеді: 1. Кірме сөздер (loanwords) – мағынасы мен айтылуы бірдей сөздер; 2. Калька сөздер (loanblends) – сөзбе-сөз аудару; 3. Семантикалық кірме сөздер (loanshifts) – кірме тілдің сөзінде шет тілдік сөз-эквивалентпен ұксас жаңа мәннің пайда болуы [19]. Көрнекі түрде төмендегідей береміз:



Сурет 2 – Э. Хаугеннің кірме сөздер жіктелімі

Белгілі неміс лингвисті И. Барц будан сөздерді сөзжасамның қолданыстағы модельдеріне сәйкес автохтонды және кірме элементтерді біріктірудегі будандастыру процесінің нәтижесі деп түсіндіреді [20]. И. Барц

(2019), А. Августин (2019), К. Санчес – Стокхаммер (2018), В. Пульчини, К. Фуриасси, Ф.Р. Гонсалес (2020) будандастыруды мәдениет салаларында болатын құбылыс деп санайды. Бұл ғалымдардың пікірінше будан сөздер жеке сөздердің будандасуы негізінде пайда болады. Аталған ғалымдар будан сөздердің экзогендік элемент, яғни шеттілдік бірлік пен эндогендік элемент, яғни ұлттық тілдің лексикалық бірлігі біріктірілген сөздер деп анықтайды. Бұл зерттеулерде будан түзілімдердің жасалуы, кірме элементтердің тілге енуі мен игерілуі, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері туралы сөз болады [21].

Ж. Марузо гибридтерді тек бір комбинаторлық түрмен шектейді. Мысалы, «әртүрлі тілдердің элементтерінен жасалған тілдік гибридтер: автомобиль – грек. «autos» – өзі және лат. «mobilis» – жылжымалы» [3]. Л.А. Фридман тілдегі ассимиляция құбылысы мен гибридтену құбылысын бірдей ұғым ретінде қарастырады [4]. В.М. Лейчик неміс тіліндегі будан тәсілімен жасалған сөздерді талдай келе, оларды халықтық этимологиямен байланыстырады [22].

Интернет коммуникацияның дамуына байланысты ауызша және жазбаша будан қолданыстар пайда болды. Лингвистикадағы аталған құбылыс ағылшын, француз, неміс тілдерінде жан жақты зерттелген. Әлемдік коммуникативті кеңістіктері «әлемдік ағылшын тілі» деп аталатын ағылшын тілінің үстемдігі тілдердің будан формаларының пайда болуына себеп болды [23]. Егер негізінен «ірі» лингвистикалық формалардың (тілдік жүйелер мен дискурстың түрлері) будандасуы шетелдік лингвистердің назарын аударса, орыс тіл білімінде лингвистикалық жүйе ішіндегі жеке элементтер деңгейінде жүретін будандастырудың «кіші» формалары қарастырылады [24].

Л.А. Тарасованаң еңбегінде будандастыру сөзжасамның дербес тәсілі ретінде зерттеледі [25]. Е.А. Ардамтасаянаң зерттеуінде будан түзілімдерге «кез келген фрагменттер мен контрактуралардан құрылған лексикалық бірліктер» [26, с.19] – деген түсінік беріледі.

Г.Н. Алиева мұндай тілдік бірліктерді сөзаралық бірігудің нәтижесі деп есептейді. Ғалымның түсіндіруінше, «бір сөздің аяғына басқа сөздің басы қойылады. Осылайша, өз мағынасына екі біріктіруші сөздің семантикасын біріктіретін, өз негізіне біріккен сөздер негізін қосатын ерекше түрдегі күрделі сөз пайда болады» [27, с.79].

«Жасанды» тілдік будандастыру процесін теориялық түрғыдан қарастыра келе, Н.В. Перцов әдейі будандастырылған барлық сөздердің түрін «сөздің графикалық-орфографиялық формасын бұзу және ойнау принципіне негізделген сөзжасамның кездейсоқ тәсілі» [28, с.216], – деп таниды.

Т.В. Попова бұл құбылысты графодеривация деген терминмен атауды ұсынады, өйткені будан лингвокреациялық әдістердің негізінде «графикалық тілдік ойын әдістерін қолдана отырып жаңа сөздерді қалыптастыру тәсілі, ал бұл процестің нәтижесінде графодериваттар пайда болады» [29, с.230], – деп есептейді

А.С. Пучинина тілдегі будан құбылысын графикалық сөзжасам деп санайды, ал оның нәтижесі, графодериваттарды құрылымдық-семантикалық түрғыдан ерекше бірлік ретінде сипаттайды [30, с.103]. Т.М. Шкапенко мен

С.С. Ваулинаның графодеривация процесінің сөзжасамға сәйкестігі немесе жақындығы туралы тұжырымдарға қарсы пікір білдіреді [31].

Осылан сәйкес лингвистикадағы будан құбылысы тілдің бірнеше деңгейлерінде жүзеге асады. Лексикалық деңгейдегі будан құбылысына шеттілдік сөздер мен төлтілдік түбір немесе қосымшаның будандасуы жатады. Графикалық деңгейдегі көрінісіне латын және кирилл емлесінің араласуын жатқызуға болады. Морфологиялық деңгейде шеттілдік морфемаларды қолданып сөзге жаңа грамматикалық категориялар беруді мысалы қелтіре аламыз. Будан құбылысы синтаксистік деңгейде сөйлем құрылымының шет тілінің ережелеріне сәйкес рәсімделуі жатады. Тілдегі сөздердің шет тілі нормаларына сай жазылуын орфографиялық деңгейдегі будан құбылысына жатқызуға болады [31].

О.К. Ирисханованаң пікірінше: «лингвистикалық будан құбылысы тіл деңгейлеріне байланысты фонетикалық (ассимиляция), лексикалық (сөздік), фразеологиялық (контаминация), мәтінаралық (интертекст, гипермәтін)» [32, с.33], – деп жіктеледі.

А.В. Кравченконың зерттеуінде будан құбылысының мәтіндік деңгейде жүзеге асуы қарастырылған [33].

Г.Н. Күзембаева [34], А.Р. Қөшекова [35], Ж.К. Нұрмахова [36] сияқты ғалымдар қазақ тіліндегі будан сөздерді кірме сөздер мен төл тіліміздегі сөздердің будандасуы нәтижесінде пайда болған сөзжасамдық бірліктер ретінде қарастырып, сөздердің будандасу үдерісін сөзжасамдық тәсіл деп есептейді.

А.Р. Қөшекова қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің бір түрі ретінде гибридтік (будан) сөзжасам тәсілін ұсынады. Ғалымның пікірінше будан сөздердің будан дериваттар, будан композиттер және будан контаминаттар деген түрлері бар. Ғалым будан сөздердің аталған түрлері ішінде будан дериваттардың жиі ұшырасатынын айтады. А.Р. Қөшекованың пікірінше, термин жасаудың өнімді тәсілдердің бірі будандастыру тәсілі болып табылады. Ғалым будан сөздерді жасауға қатысатын кірме сөздердің көбі ағылшын және орыс сөздері, ал аз ғана бөлігі түрік тілі сөздері деп есептейді [35].

Біздің зерттеуіміздің нысаны будан терминдер болғандықтан, тіл біліміндегі терминология саласы мен термин сөздердің зерттелуіне тоқталып өту қажет деп есептейміз. Терминологияның негізі 1930 жылдары Вена қаласында жарық көрген Е. Вьюстердің ғылыми еңбегінде іргетасы қаланды [37].

Лингвистика ғылымында терминология саласының зерттелуіне О. Эсперсен [38], Е. Вьюстер [37], Д.С. Лотте [39], Дж. Л. Остин [40], П. Оге, Л. Дж. Руссо [41], Р. Бутин-Кеснель [42], А. Класс [43], С. Е. Райт, Г. Будин [44], Х. Фелбер [45], Х. Пичт, Дж. Драскау [46], Дж. Рондо [47], Дж. С. Сагер [48], А. Рей [49], Дж. Пирсон [50] және т.б.шетелдік ғалымдардың сінірген еңбегі зор.

Қазақ терминологиясының қалыптасуы туралы ғалым О. Жұбаева «Қазақ тіліндегі терминжүйенің когнитивтік сипаты» атты мақаласында: «Қазақ тіл білімінде терминдері зерттеу мәселесі XIX ғасырда «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Тәржіман» сияқты басылымдарда жарық көрген Д. Сұлтанғазин, Ж. Көпееев, А. Құрманбаев, Р. Даулетовтың

мақалаларында айтылады. Мысалы, Д. Сұлтангазиннің «Біздің қазақ тілі туралы 5-6 ауыз сөз», «Түркі лұғатдары турада» атты мақалалары терминдер мәселесін көтерген алғашқы ғылыми мақалалар қатарында саналады» [51] деп атап көрсетеді.

Қазақ терминологиясының және терминжасам негіздері А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Бұл бағытта ғалымның Орынбор қаласында жарияланған «Тіл - құрал» еңбегі мен түрікшілер құрылтайында жасаған «Түрік тілінің пән сөздері», «Түркі тілдеріндегі терминология жайлышы» [52] тақырыптарындағы баяндамаларын атауға болады.

XX ғасыр басы қазақ терминологиясы дамуының маңызды кезеңі болды. 1910-1930 жылдар аралығында А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Н. Төреқұлов, Т. Шонанов тәрізді зиялды қауымның терминдерге қатысты зерттеулері жарияланды [53].

Ә. Бекейханов терминдерді аудару мәселесіне ерекше мән беріп, «Еңбекші қазақ» газетінде «Кітап сынны» деген айдармен аударма еңбектерге өз пікірін білдіріп отырған. Осы кезеңде қазақ тіліндегі кірме термин сөздерді жүйелендіру, терминологиялық сөздіктер құрастырылуы қолға алынды. 1926 жылы «Қазақша - орысша тілмәш» сөздігі Москвада басылып шықты. Құрастырғандар: Қошке Кеменгерұлы, Мұстафа Бұралқызы, Сұлтан Темірбекұлы т.б. Ә. Үмбетбайұлының құрастыруымен «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» атты сөздік 1926 жылы жарыққа шықты. 1929 жылы Н. Қаратышқанұлының «Пән сөздері», 1931 жылы «Атаулар сөздігі» баспа бетін көреді.

XX ғасыр басындағы жарық көрген «Еңбекші қазақ» газетінде мынау пән атаулары дұрыс па?» айдарымен, «Жаңа мектеп» журналы мен «Қызыл Қазақстан» газетінде «Ғылым ордасының қазақша ғылыми әдебиет кеңесінде қабылданып алынған пән сөздері» айдарымен ғылымның әр саласына қатысты терминдер жарияланып отырған.

«Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пән сөздері» (1926) атты сол кездің қостілді терминологиялық сөздігінде: «қөмірлі ғаз – углекислый газ; әуе кмие – авиахим; сақтық капитал – запасный капитал; сақтық сомасы – страховая сумма; магнит тас – магнитный железняк; сауда инспексиесі – торговая инспекция; калилей дүrbісі – галилеева труба; калбан елементі – гальванический элемент; мемлекет бюджеті – государственный бюджет; мұсатыр ғаз – амиак; мал дәрігерлік ұставы – ветеринарный устав; дөңес лінзі – выпуклая линза; лемпі ұлпа – сетчатая или лимфоидная или аденоидная ткань; каберіс онғылы – каверсов канал; селбе су ағары – сильвиев водопровод; жіңішке аурудың қазағыстандық дыспансыры – краевой показательный венерический диспансер; ұдеме пареліш – прогрессивный паралич; бодыретші – подрядчик» [54] тәрізді будан терминдер кездеседі. Бұл кездегі будан терминжасамның ерекшелігі – шет тілдік кірме элементтің қазақ тілінің зандылықтарына сәйкес бейімделіп алынуы. Алайда кейін бұл үрдіс жалғасын таба алмады. Кеңестік кезеңде кірме терминдердің көпшілігі өзгеріссіз сол күйінде тілімізге еніп кеткені белгілі.

Бұдан кейін кеңестік кезеңде М. Әуезов [55], Қ. Жұбанов [56], И. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов [57], Н. Сауранбаев [58], Ә. Қайдаров [59], Ә. Айтбаев [60], [61], Р. Әрекенова [62], Ш. Құрманбайұлы [63] және т.б. ғалымдар қазақ терминологиясының дамуына ат салысты. Бұлардан басқа да зерттеушілер терминология саласындағы ғылыми мақалалар жариялады, монографиялар мен оқу күралдары жарияланды, ғылыми диссертациялар қорғалды.

Терминология саласының өзекті мәселелері Ә. Айтбаевтың «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» (1992), Ш. Құрманбайұлы «Қазақ лексикасының терминдену үрдісі» (1999), Қ.Ж. Айдарбек «Қазақ терминологиялық аталымның ономасиологиялық аспектісі» (2009), А.Мусагулованың «Қазіргі қазақ тіліндегі бизнес терминдерінің даму үрдісі» тақырыбындағы (2014), А.Құрманаеваның «Сұлулық индустріясы терминжүйесінің қалыптасуы» (2020) атты, С.Қ. Әлісжановтің «Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасу процесі» (1996), Е. Әбдірәсіловтің «Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары» (1999), А.Т. Қоңырованың «Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы» (2003), Ә.Ә. Әбдірахманның «Құран кәрімдегі тұрақты тіркестер мен термин сөздердің қазақ тілінде берілуі (лингвомәдени аспектісі)» (2004) атты диссертацияларын айта аламыз. Бұлардан басқа да көптеген диссертациялар, монографиялар жарық көрген.

Терминдерге қатысты зерттеулердің көптігіне қарамастан ұлттық тіліміздің терминологиялық жүйесінен сан жағынан елеулі орын алғып отырған будан терминдер туралы ғылыми еңбектер өте аз. Будан терминдердің тілдік ерекшеліктері туралы Б. Момынова, Ш. Құрманбайұлы, А.Р. Көшекова, А. Ахмет сияқты зерттеушілердің бірқатар ғылыми мақалалары жарық көрген. А. Ахмет, Ш. Құрманбайұлының будан терминдер туралы ғылыми мақаласында будан терминдердің қазақ тілінің терминологиялық жүйесінің дамуына тигізетін әсерін зерделейді [9].

Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдер құрделі және ерекше сөзжасамдық үдерістердің бірінің нәтижесі болып табылады. Алайда қазақ тіліндегі будан терминдерге тән лингвистикалық ерекшеліктер, олардың сөзжасамдық модельдері мен функционалдық сипаты әлі де жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған десе болады. Будан терминдердің бүгінгі таңда лингвистикалық түрғыда қарастыруда мынадай мәселелер басты назарда болуы керек:

будан терминдердің құрылымдық және типологиялық ерекшеліктерін саралап, олардың тәлтілдік және кірме терминдерден айырмашылықтарын анықтау;

будан терминдік түзілімдердің тілдегі қолданысын зердедеп, тілдік нормаға сәйкестігін, қазақ тілі занылықтарына бейімделу дәрежесін айқындау.

Будан терминдер екі тілдің әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын тілдік бірліктер. Бұл тілдердің әрекеттесуі әртүрлі факторларға байланысты жүзеге асады. Солай бола тұра, белгілі бір тілдегі будандасу құбылысы, будан терминдердің жасалуы сол тілдің ішкі құбылысына жатады. Сол себепті будан

түзілімдер реципиент, яғни қабылдаушы тілдің генеологиялық, типологиялық ерекшеліктеріне, сонымен қатар қоғамдағы саяси, экономикалық, ғылыми техникалық жағдайларға байланысты әртүрлі сипатта болып келеді. Кірме сөз арқылы жасалса да будандар реципиент тілдің зандылықтарына икемделіп, сол тілдің сөзжасам зандылықтарына бағына отырып жасалады.

Қазақ тілі бүгінгі таңда жаңа терминдермен толығуда. Кірме терминдер әртүрлі жолдармен тілге еніп, бірқатары тілімізге бейімделіп, бірқатары аударылып қолданылып жүрсе, енді біршамасы аудармасыз сол күйінде тілге еніп, тілдің лексикалық жүйесінен берік орын алыш жатыр. Себебе, шет тілінен енген терминдердің қазақ тіліндегі баламасын табу әрдайым мүмкін бола бермейді. Кейбір кірме терминдер жартылай аударылып қолданысқа еніп жатыр.

## **1.2 Тілдегі будан құбылысының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары**

Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа аталымдардың пайда болу себептерін зерттеушілер екі факторға жіктеп көрсетеді. Біріншісі, экстралингвистикалық фактор, бұл фактор қоғамдағы саяси, мәдени т.б. өзгерістермен тығыз байланысты жаңа атаулар мен сөздердің қалыптасуына әсер етеді. Екінші фактор – лингвистикалық фактор деп аталады. Бұл фактор бойынша тілдегі бұрыннан бар сөздер мен атаулардың уақыт өте мағынасы өзгеріп басқа қызыметке жұмсалуы болып табылады. Аталған екі факторға байланысты қазақ терминологиясында да терминдердің екі бағытта жасалуын байқауға болады.

Зерттеу барысында тіліміздегі будан сөздердің ең көп бөлігі терминдік аталымдар екені анықталды. Будан терминдердің пайда болу тәсілдері мен тілге бейімделу ерекшеліктері, жасалу жолдары мен қолданыстағы ерекшеліктері туралы мәселе жеткілікті түрде толық ашылмаған. Осыған байланысты будан терминдік аталымдардың динамикасына қазақ тіліне бейімделу дәрежесін ескере отырып кешенді талдау жүргізу қажеттілігі байқалады.

Сонымен қатар будан терминдер санының күрт көбеюінің лингвистикалық, экстралингвистикалық факторларын анықтап, олардың жасалу жолдарын, лингвистикалық ерекшеліктерін зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Тіліміздегі будан сөздердің жасалуына негіз болатын – кірме сөздер. Тілдегі будан құбылысының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары кірме сөздердің тілге көптең енуінің себептерімен тығыз байланысты. Сондықтан біз будан құбылысының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларын анықтауда ең алдымен кірме сөздердің тілге ену себептері туралы ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдарын саралауға тырыстық.

Ғалымдар кірме сөздердің көбеюінің экстралингвистикалық факторларын: «шет елдерде ғылым мен техникалық жаңалықтардың көптең ашылуы; тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; шет елдердің экономикалық басымдығының болуы» [10, 6.16], – деп көрсетеді.

Шет тілдік сөздердің тілге көптең енү себептерін: «жазудың және әдеби тіл рөлінің артуы; жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енүі; мағынасы жағынан ұқсас, бірақ айырмашылығы бар ұғымдарды шектеу қажеттілігі; эвфемистік алмасулар қажеттілігі; қоғамда түрпайы естілетін сөздің мағынасын сыпайыландыру; кірме сөздер тақырыптық аймаққа, кәсіби ортаға және басқа да салаларда қызмет ететін терминдерді белгілі бір тілден алу дәстүрі; тілдің дамуының белгілі бір кезеңінде шетел сөзбен заттың немесе ұғымның қандай да бір түрін атау қажеттілігі» [64] сияқты факторлармен түсіндіреді.

Бірқатар зерттеушілер: «Байырғы сөздің көпмағыналылығын жою. Шетел сөздерінің енүі нәтижесінде байырғы сөздің көпмағыналылыққа бейімділігін жоюға, оның мағыналық құрылымының жеңілдеуіне алып келеді. Бірнеше сөзбен білдіретін ұғымды бір сөзбен атау. Егер белгіленуші біртұтастылықты білдірсе, онда тіл оны сөз тіркесімен емес, бір атаумен атауға ұмтылады» [65, с.14], – деп есептейді.

Тілдегі будан құбылысы негізінен жазба коммуникацияның дамуымен тығыз байланысты. Тілдегі графоорфаграфиялық құрылымдардың артуы жазба коммуникацияның қызметіне тікелей қатысы бар. Будан сөздер деп шеттілдік элементтердің ана тілі жүйесіне еніп, интеграцияланнуынан пайда болған туынды сөздер екені белгілі. Ағылшын тілінің реципиент тілге әсері мен ағылшын сөздерінің шамадан тыс көбеюі тек қазақ тілінде емес, кез келген басқа тілдерде де, мысалы, орыс тілінде тілші ғалымдар тарарапынан аландаушылық туғызуда. Себебі, кез келген ұлт үшін ана тілінің тазалығы, ұлт тілі ретінде өміршенендігі маңызды. Сондықтан бұл айрықша көніл бөлуді, зерттеуді қажет ететін мәселе екені даусыз.

«Ағылшын тілінен енген сөздер халықаралық (интернационал) сөздер мәртебесімен кең таралған сөздер. Оның ішінде ағылшын тілінен енген/енетін кірме сөздердің көбі кәсіби лексиканы байытатын салалық сөздер болып келеді. Салалық терминдер ғылым салаларымен байланысты, ал ғылымда шекара жоқ деген қағида қалыптасқан. Сондықтан бұл сөздер – халықаралық қатынастарда жиі қолданылатын, ғылым мен техникадағы креативті және трендтік, басым бағыттарды нақты әрі тура бегілейтін, сонымен қатар тілдегі бірліктерді ықшамдаудың талаптарына жауап беретін, сол ықшамдауды жүзеге асыруға қолайлыш сөздер» [7, б.123].

XX ғасырдың аяғындағы тарихи жағдайлар шет елдермен байланыстың күшеюіне әкелді. Ағылшын тілі сөздерінің тілімізге көптең енүінің басты себептері, ең алдымен бұл тілде сөйлейтін елдерде (мысалы, АҚШ) саяси күш пен экономиканың дамуы, екіншіден, ағылшын тіліндегі ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, интернет желіде ағылшын тілінің басымдығы; үшіншіден, мемлекет технологиялық бәсекеге қабілетті болу үшін дүниежүзілік ақпараттық қоғамға кіруге ұмтылыс; төртіншіден, халықаралық ұйымдардың жұмыс тілі ағылшын тілі болуына байланысты.

Қазақ тіліндегі кірме терминдердің орны ел тарихы мен саяси, экономикалық және мәдениаралық қарым-қатынастарға байланысты айқындалады. Әйткені қай тілдің болмасын сөздік құрамына қоғамдағы болып

жатқан өзгерістердің ықпалы бар, сол арқылы тіл дамиды. Негізінен қоғамның тілге ықпалы этимологиядағыданай айқын байқалмайды. Кеңес дәуірінде саясат, экономика және демократия саласы бойынша қолданысқа енген лексемалар, яғни қоғамдық-саяси мәнді лексемалар Кеңес Одағының ыдырауына байланысты көнерген сөздер қатарына өтті. Ал қоғамдағы осындай өзгерістер батыс әлемімен байланыс орнатуға мүмкіндік туғызды, соның нәтижесінде қазақ тіліне, соның ішінде терминдер қатарына жаңа сөздер легі ене бастады. Елімізде іскерлік, ғылыми, сауда, мәдени байланыс дами бастады, шетелдік туризм ісі ілгері қадам баса бастады. Бұл өзгерістердің тілімізге ықпалы да барышылық. Мамандардың шетелдік мекемелермен тәжірибе алмасуы, жұмыс істеуі, елімізде бірлескен кәсіпорындар ашылуы, жаңа техникалардың қолданысқа келуі т.б. кірме термидердің белсенді қолданысқа енуіне жағдай тудырды.

Бүгінгі жаһандану заманында шет елдермен байланыс нығайды, экономика, мәдениет, ғылым саласы бойынша шет мемлекеттермен түрлі қарым-қатынас жасау қажеттілігі артты. Бұл тілімізге әсер етпей қоймайды, себебі, шет тілдерден сөздік қорымызға тікелей, аузызекі сөйлеу тілі арқылы ғана емес, сонымен қатар тіліміздің (көбінесе ағылшын тілінен) терминологиялық жүйесіне жаңа терминдер ену қарқыны күшейді. Мысалы: компьютерлік техника, IT, медиа, ғылым, экономика, мәдениет, спорт салаларында көптеген жаңа терминдер қалыптасты.

Ғалымдар кірме сөздердің тілде қабылданып, белсенді қолданысқа енуінің бірнеше себептерін атап көрсетеді:

1. лексикалық қорды интернационалдандырудың жалпыәлемдік үрдісі;
2. жаңа заттарды, ұғымдар мен құбылыстарды атау қажеттілігі (*ноутбук-notebook, органайзер-organiser, сканер-scanner*);
3. сәйкес (дәлірек) атаудың болмауы (немесе оның кірме сөзben салыстырғанда ұтымды қолданылмауы), рецептор – тілде сәйкес атаудың болмауына байланысты іскер адамның сөздік қорына тұрақты түрде енген (*спрей-spray, дайджест-digest, виртуалды-virtual*);
4. ағылшын сөзінің көмегімен көпмәнді сипаттамалық орамдарды көрсету, білдіру қажеттілігі (*тернопот-термос пен шайнек бірге, peeling-пиллинг-крем-терінің жогарғы қабатын тазартатын крем*);
5. тілді неғұрлым мәнерлі/бейнелі құралдармен толықтыру (*image-имидж-образ орнына, show-show-көрініс, қойылым орнына, pricelist-прай-лист-прайскурант орнына*);
6. шеттілдік сөзді анағұрлым беделді, «әдемі дыбысталатын» сөз ретінде қабылдау (*exclusive-эксклюзивті-айрықша орнына, presentation-презентация-таныстырылым орнына*)» [66, с.15].

Шеттілдік терминдерді қабылдаудың экстралингвистикалық себептерінің бастысы – халықаралық қатынастың дамуы.

Тілімізге енген кірме сөздер қабатында басқа тілдермен салыстырғанда қазіргі таңда ағылшын сөздерінің басымдығы, тез таралуының негізгі себебі осы тілді тұтынатын елдерде ғылымның жаңа салаларының пайда болуы

(көбінесе Америка Құрама Штаттарында, мұнда Американдық фундаментализм тіпті тіл білімінде де жи үшырасады).

Кірме сөздердің тілге енуіне жарнамалардың ықпалы зор. Т.Н. Лившиц: «жарнама мәтіндеріндегі шеттілдік бірліктер «бірегейлік иллюзиясының» пайда болуына әсер етеді, белгілі бір тауардың немесе қызыметтің маңыздылығын жарнамалауда, шет тіліндегі атауының да аударылмай сол күйінде енуіне ықпал етеді» [67, с.126], – деп есептейді.

Тіліміздегі жарнама мәтіндеріндегі ағылшын сөздері тұтынушылардың жарнамаланып отырған тауарға немесе қызмет түріне назарын аудартатын құрал ретінде қолданылады. Жарнама жасаушылар көбіне сөздің ағылшынша нұсқасын калькалайды: *имидж, тур, вип, блокбастер, спам тарату, know-how жаңалықтар, spa индустрія және т.б.*

Қазіргі уақытта тілімізге интернет пен компьютерге қатысты шеттілдік атаулар көпtek енетіндіктен, осы салада будан аталымдар өте көп жасалуда. Мысалы: *интерактивті тақта, web-парапа, интернет жарнама*, т.б.

Сондай ақ, шетелдік фильмдер мен музыка көптеген кірме сөздердің енуіне және будан терминдердің пайда болуына әсерін тигізді: *кастингші, хит өлеңдер, мейкапшы (макияж жасаушы), консалтинг ұйым (кеңес беру ұйымы), хай тек нарық*, т.б.

С. Тер-Минасованың пікірінше: «тіл – өте күшті қару, себебі ол адамдарды этносқа біріктіреді, тіл арқылы ақпараттардың сақталуы мен берілуі жүзеге асады, тілде адамзаттың әлем туралы көзқарастары көрініс табады және өзге де түрлі көзқарастарды тануға мүмкіндік береді. Халықтардың сан түрлі мәдениеті мен тілі негізіндегі мәдениаралық қарым-қатынас барысында тіл сәйкестіліктің ең негізгі белгісі ретінде орын алады» [68, с.14].

Тілде кірме сөздердің көбеюі мәдениаралық қарым-қатынастың күшеюімен тығыз байланысты. Мәдениетаралық қарым-қатынас нәтижесінде кірме сөздер енеді, оларды тілдік заңдылықтарға икемдеп, игеру барысында, түрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы будан сөздер жасалады.

Сондықтан «Тілдердің арақатынасы, яғни түрлі экономикалық, этникалық қауымдастық арасындағы мәдени байланыстар, миграция, тілдердің қарым-қатынасы тіл дамуының маңызды факторы ретінде саналады. Тілде көрініс тапқан тарихи деректер халықтың тарихи тағдырын көрсетеді. Өзге елмен ешқандай қатынасқа түспеген халық қана өз тілінің тазалығын сақтай алады. Бірақ мұндай тілдер бірен-саран. Сондықтан тілдердің бір-біріне жақындастып, интеграциялануы тіл тағдырына және диалектілердің, жеке тілдердің пайда болуына әкелетін тілдік дифференцияциалану үдерісі үшін де өте маңызды. Тілдік өзгерістердің ең маңызды белгілерінің бірі – тілдер арақатынасы деп айту артық болмаса керек» [69, с.213], – деген пікірмен келіспеуге болмайды.

Тілдердің бір-біріне ықпалы нәтижесінде болатын өзгерістердің бірі – тілде будан түзілімдердің пайда болуы, олардың көбеюі және тілге бірте-бірте сіңісп, орнығуы. Мәдениаралық қарым-қатынастың негізгі себептерінің бірі – экономикалық, дипломатиялық, мәдениет пен өнер салаларындағы халықаралық байланыстың орнауы нәтижесінде тіл құрамында кірме сөздер

пайда болады, олар қабылдаушы тілдің тілдік заңдылығына бағынып, игеріліп, уақыт өте келе бөтендік қасиетін жоғалтады [69].

Б. Момынованың пікірінше: «Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі қүшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай нәрсе тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан». Фалым бұл құбылыстың бірнеше себептерін атап көрсетеді: «ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі», – деп есептейді [70, б.79].

Бұл пікірден байқағанымыздай, фалым будан терминдердің пайда болуын тілдердің донор және реципиент болып белінуімен байланыстырады. Фалымның пікірінше, тілдік қауымдастықтар арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың күшесі, компьютерлік технологиялардың кең таралуы, ғылым мен техниканың дамуы мен техникалық құралдардың қолжетімділігі – мұның бәрі кірме сөздердің көбеюіне және жаңа сөздердің жасалу үдерісінің жандануына әсерін тигізуде. Қазіргі қоғамда ғылым мен техниканың дамуына байланысты ғылымның әртүрлі салаларындағы түрлі жаңалықтарға қатысты жаңа атаулар беру қажеттілігі туындайды. Тілде баламасы болмаған жағдайда, осы ұғымдарды атаған кезде шетелдік сөзді қолдану қажеттілігі пайда болады.

«Жаңа құбылысты атау қажеттілігі шетел сөздерінің тілге енүінің негізгі себебі болып табылады. Егер кірме сөз мұлде жаңа мағынаға ие болса, ол реципиент тілдің сөздігіне әсер етпейді. Тіл бірліктерінің тілден-тілге ауысуы реципиент тілдің сөздігіне 3 түрлі тәсіл негізінде әсер етеді:

1. жаңа және ескі сөз мағыналарының араласуына әкеліп соғады;
2. ескі сөздің жойылуына себеп болады;
3. жаңа сөз де, ескі сөз де сақталады, алайда олардың мағыналары басымдыққа ие болады [71, с.159].

Терминжасам үдерісі кірме сөздерді игеру, шет тілдерден енген терминдердің төлтілдік баламасын табу, оларды толық немесе жартылай аудару тәсілдерімен тығыз байланысты. Шет тілдерден сөз алу мен ауысу нәтижесінде тілдер донор тілдер және реципиент тілдер деп ажыратылады. Донор тілдер – халықаралық деңгейде ықпалы жоғары, қолдану аясы кең тілдер. Қазақстанда қоғамдық өмірдің әр саласында белсенді қолданылып, әсерін арттырып отырған ағылшын және орыс тілдері осы топқа жатады. Бұл тілдер тек Қазақстандаған емес, әлем бойынша да кеңінен таралып, басқа тілдерге де өз ықпалын тигізуде. Қазақ тілі ағылшын тілі және басқа да донор тілдерден кірме сөздерді қабылдауда реципиент тіл болып саналады. Донор және реципиент тілдердің бір-біріне ықпалы әртүрлі деңгейде байқалады. Тілдердің өзара ықпалдастығы нәтижелерінің бірі будан терминдер болып табылады. Мұндай сөздер мен

терминдік атаулар тілде жаңа сөз ретінде қалыптасып, бірте-бірте тұрақтанып, тіліміздің лексикалық жүйесінен берік орын алады. Қазақ тілі қабылдаушы, яғни рецепент тіл ретінде экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан басымдық танытатын елдердің донор тілдерінен сөз алmasып, кірме терминдерді қабылдауда. Сонымен қатар тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы шет тілі элементі мен төлтілдік бірліктердің интеграциялануы нәтижесінде будан терминдер жасалуда. Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған заманында қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дами түсін үшін біз әртүрлі ғылым салаларында жасалып жатқан будан түзілімдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, оларды қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық заңдылықтарына икемдеп, тілге бейімделуін жүзеге асыру, будан терминдер жасаудың нақты қағидаттарын қалыптастыру қажет. Мұндай түзілімдердің дұрыс жасалуына, тілдік заңдылықтарға сәйкес құрылыш, норма бойынша қолданылуына мән беруіміз қажет.

Зерттеушілердің пікірлерін сарапай келе, тілдегі будан құбылысының бірнеше факторлары бар екенін аңғардық. Тілдегі будан сөздердің пайда болу факторларын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар деп жіктеуге болады.

Тілдегі будан құбылысының экстралингвистикалық және лингвистикалық себептерін Л. Крысин, Б. Момынова және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып анықтауға тырыстық. Жоғарыда аталған зерттеушілердің көзқарастарын сарапай отырып, будан терминдерінің пайда болуының мынадай лингвистикалық факторлары атауға болады:

- ғылым мен техниканың, мәдениеттің, экономиканың дамуына ықпал ететін жаңа заттар мен ұғымдарға атаулар беру қажеттілігі;
- терминдерді аударудағы қыындықтарға тап болу (сәтті баламаларды таба алмау);
- ауызша және жазбаша коммуникацияның тиімділігін арттыруға сәйкес сөздердің қажеттілігі;
- ғылым мен техниканың шығармашылық және трендтік басым бағыттарын нақты және тікелей анықтайтындықтан будан тәсілін тиімді пайдалану;
- терминнің білдіретін ұғымына сәйкес келмеуіне байланысты шеттілдік элементтен жаңа термин құру;
- терминдердің бастапқы тілдік баламаларымен салыстырғанда ықшамдылығы сияқты себептерді атауға болады.

Біздің пайымдауымызша, тіліміздегі будан терминдерінің сандық өсуінің экстралингвистикалық себептері:

- халықаралық қатынастарды, саяси, экономикалық, мәдени байланыстарды дамыту;
- жаһандану заманында ғылым тілін қалыптастыру қажеттілігі, сонымен қатар терминологиялық қағидаттардың белгіленуі;
- шетел тілдерін, әсіресе ағылшын тілін менгеруге деген қызығушылықтың артуы;

– көптеген шетелдік атаулар, қате аудармалар, терминдердің бірігуі және т.б.

Осындай себептерге байланысты тілімізде будан түзілімдер қатары артуда. Біздің пікірімізше, бұл құбылыс біздің тілімізге қауіпті емес. Дегенмен олардың тілде дұрыс қолданылуы, тілдік нормаларға немесе тілдің сөзжасамдық заңдылықтарына сәйкестігі, тілге бейімделуі, уәжділігі ерекше мән беріп, саралауды қажет етеді.

### **1.3 Будан терминдердің құрамы және типологиясы**

Заманауи ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты түрлі ғылым салаларында жаңа атаулар жасау қажеттіліктеріне байланысты пайда болған будан сөздердің басым бөлігі терминология саласына қатысты.

Г.С. Онуфриенко орыс тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің құрамындағы будан түзілімдерді зерттей отырып, «қазіргі славян тілдерінде экстра және интралингвистикалық факторлардың диалектикалық өзара әрекеттесуі нәтижесінде гибридтік жаңа түзілімдер пайда болды, олардың құрылымында төлтілдік және кірме текті морфемалар үйлескен материалдық біртекті емес моно және политүбірлі туынды лексикалық бірліктерді көре аламыз» [72, с.74], – дейді.

Украин деривациялық мектебінің тілші ғалымдары тілдегі будан құрылымдарды талдай отырып, олардың түрлі стильдегі негіздер мен сөзжасамдық форманттардың саналы түрде үйлестірілуі нәтижесінде пайда болғанын, нәтижесінде қазіргі деривациялық грамматиканың морфотактикалық ережелеріне қарамай, жаңа сөздер жасалатынын атап кетеді [72].

Е.В. Маринова қазіргі лексикологияның өзекті мәселелерінің бірі – төлтілдік және бөгде тілдік сөздердің үйлесуіне шектеу қою проблемасын қарастыра отырып, этимологиялық тұрғыдан анықтауда қындық туғызатын сөздерді атап көрсетеді. Оларға будан сөздерді жатқызады, мысалы: *сканировать, креативный (сканерлеу, креативті)*.

Е.В. Маринованың пікірінше: «будан сөздердің тұлғасы біріншіден, бөгде тілдік негізден тұратыны, екіншіден, тілдің оны қабылдаған кезеңіндегі кірме сөздің грамматикалық қолданысында жүрнақтардың шет тілдік элемент ретінде қабылдауына байланысты», – дейді [73, с.75-76].

Ғалым төлтілдік және бөгде бірліктерді ажырату мәселесі барлық будан сөздерге ғана емес, тек құрамында көпфункционалды морфемдер – кірме сөздерді грамматикалық тұрғыдан рәсімдеуге келетін және туынды негіздерді жасай алатын жүрнақтары бар будан сөз жататынын атайды. Аталған зерттеуде будан термині генетикалық тұрғыдан әртекті элементтердің, атап айтқанда негіз бен аффикстердің бірігуі арқылы жасалған туынды сөздерге байланысты қолданылады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында «будан сөздер» терминіне байланысты әртүрлі пікірлердің болуы, аталмыш түсініктің мазмұнына қатысты интерпретациялар мен ұғымдар қайшылықтары, оның, яғни будан ұдерісі табиғатының қарқындылығына байланысты екені белгілі болды.

Будан термин – бұл екі тілдің компоненттерін қамтитын кірме және автохтонды элементтердің бірігуінен туындайтын термин.

Будан терминдердің морфологиялық құрылымына келетін болсақ, зерттеушілер терминдерді морфологиялық түрғыдан, негізінен оларды беске бөлу арқылы қарастырады [70].

С. Құлманов будан терминдердің құрамына байланысты жеті түрлі тобын көрсетеді:

1) шет тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *газрязрядтық, нөл-заряд, разрядты-модулді, фактор-пространство, автомобойыз, фабрика-зауыт, жирочек, жирошот, контришот, меморандум-шот* және т.б.;

2) шет тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *автобелсендіру, электрқозгалтқыш, альфа-бөлишек, амплитудалық-жисілікті, атомдық-куштік, атомтәрізді, газсініргіш, радиобөгегеул, ультракүлгін, псевдосызықты, саналымды-аддитивтік, фактор-өлишем, әріпті-цифрлық, кулисалы-сыргақты, автомобиль-тоннажын, детектор-қармағыш,nanoаспап* және т.б.;

3) қазақ тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *ұзақпериодты, асқынгалактика, ауа-реактивті, бейстанционарлық, біркомпоненттік, сұйықфазалық (жидкофазный), төрттактілі, коммутаторлы-үлестіру, жисіліктік-импульстік, кернеудеформация, талишықты-оптикалық, бейстанционар, бейполарлы, шартты-периодты, iшалгебра (подалгабра)* және т.б.;

4) қазақ тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *бірзарядтық, бірөстік, айнымалы-токтық* және т.б.;

5) орыс тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *шот-фактура* және т.б.;

6) орыс тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *төлкелі-дөңгелекті, минаіздегіш, атаславян, славянтану* және т.б.;

7) орыс тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған – күрделі терминдер: *тепловоз, тепловизор* және т.б. [11, 6.57-58].

С. Құлмановтың зерттеу мақаласында қазақ тіліндегі будан терминдердің сандық статистикалық мәліметтері беріледі. Алайда ғалым екі немесе бірнеше шеттілдік компоненттен тұратын кірме терминдердің барлығын будан терминдер қатарына жатқызады.

Біздің пікірімізше, мұндай терминдер құрамында төлтілдік компонент жоқ болғандықтан олар қазақ тіліндегі будандар есебінде саналмайды. Будан термин болуы үшін оның құрамында төлтілдік компонент болуы шарт. Ал тіліміздегі әртүрлі шеттілдік компоненттердің будандасуы арқылы жасалған терминдер кірме термин ретінде қабылданады.

Отандық ғалым Б. Момынова будан сөздерді кешенді зерттей келе, бұл сөздерді құрылымына қарай төмендегідей жіктейді (1-кесте) [70]:

Будан сөздердің жасалу жолдары	Мысалы
Қос сөз түрінде	Вакуум-бөлмеше.
Тіркес түрінде	Жабық есік форматы, ұлттық валюта.
Біріккен сөз түрінде, оның ішінде түбір мен түбір, префиксOID пен түбір	Инфрақұрылым.
Дара сөз түрінде	Таргеттеу, американдану.

Кесте 1 – Б. Момынованың будан сөздердің құрылымдық жағынан жіктеуі

Жоғарыда келтірілген зерттеулердегі будан сөздің жіктелулеріне сүйене отырып, будан терминдері морфологиялық құрылымына қарай 5 түрлі топқа бөлеміз:

- дара сөзден тұратын будан терминдер: *секвендеу* (секвенирование), *фосфорлану* (фосфорилирование), *нитратсыздану* (денитрификация);
- қос сөз тұлғасындағы будан терминдер: *дейта-өнім* (дата-продукция), *сілті-жер* металы (щелочно-земельный металл), *статус-есеп* (статус-отчет), *центрлік-симметриялы нүктелер* (центрально-симметричные точки);
- сөз тіркесі тұлғасындағы будан терминдер: *энергиялық жарқырағыштық* (энергетическая светимость), *багытталған мутагенез* (направленный мутагенез), *анаэробыты тыныс алу* (анаэробное дыхание), *антропогендік орта* (антропогенная среда), *антропогендік факторлар* (антропогенные факторы);
- біріккен сөз тұлғасындағы будан терминдер: *мотобұргы* (мотобуры), *микроjишелер* (микрофибриллы);
- қысқарған сөз түрінде келетін будан терминдер: *ДНҚ* (дезоксирибонуклеин қышқылы), *ЛБҚ* (Лак бояу қаптаулары), *ДНҚ полимеразалар, ЯМР* (ядролық магнитті резонанс).

Будан терминдердің морфологиялық тұлғасына қарай жіктелуін тәмендегі суретten (3-сурет) көре аласыздар:



Сурет 3 – Будан терминдердің морфологиялық құрылымына қарай жіктелуі


Будан терминдер компоненттік құрылымына қарай әртүрлі болып келеді. Қазақ тіліндегі будан терминдерді сарапай келе, оларды компоненттік құрылымына қарай бір компонентті, екі компонентті және көпкомпонентті деп жіктедік. Бір компонентті будан терминдерге біріккен сөз түріндегі будан түзілімдер жатады: *анаморфирлеу*, *автоматтандырулу*, *вирулентсіздік аддитивтік авторландыру*.

Екі компонентті будан терминдер: *абсолюттік мән*, *абсолюттік сәуле шығару*, *абсолюттік кеңістік*, *абсолюттік ұзару*, *абсолюттік үдеу*, *маятниктік автотербелісі*, *автотербелмелі жүйе*, *автотербелмелі қозгалыс*, *автотербелмелі контур*.

Көпкомпонентті будан терминдер үш, төрт немесе одан да көп компоненттерден құралады. Мысалы үш немесе төрт компоненттен құралған будан терминдер: *вектордың абсолют шамасы*, *таңдаамалық абсолют момент*, *абстракт гармоникалық талдау*, *жазатайым оқиғаны зерттеу актілері*, *қылмыстық іс жүргізу актісі*, *фармацевтикалық тексеру актісі*.

Бес немесе алты компоненттен құралған будан терминдер: *ақпараттық-терминологиялық қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесі*, *жылу мәшинесінің пайдалы әсер коэффициенті*, *теориялық және қолданбалы химия халықаралық одагы*, *шартты алдын ала тексеру циклі*, *екі өрнек қосындысының квадратының формуласы*, *материалың нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозгалысы* және т.б [74].

Жинақталған будан терминдердің 38% бір компонентті будан терминдер; 34% екі компонентті; 18% үш компонентті, 10% көп компонентті будан терминдерді құрады (4-сурет).




Сурет 4 – Будан терминдердің компоненттік түрлерінің пайыздық көрсеткіші

Будан терминдерді жіктеуде олардың құрамындағы шеттілдік элементтердің шығу негізіне мән беріледі. *Антропогендік фактор, праис парап* және т.б., сондай-ақ көптеген будан терминдердің құрамында грек, латын, неміс компоненттері бар, мысалы: *автомектеп*, *автокөлік*, *автоқызмет*, *ампер-сагат*, *радиоарна*, *нанобөлшек*. Халықаралық лексика бірліктері болып

табылатын мұндай компоненттер қазақ сөздерімен жаңа терминдерді оңай қалыптастырады, ал олардың терминологиялық семантикасы жаңа будан терминдердің мағынасын түсінуге ықпал етеді.

Будан терминдер құрамына қарай ағылшын – қазақ сөздерінен жасалған; грек, латын негізінде сөздер – қазақ сөздері; неміс, француз және басқа шет тілдері сөздері; орыс – қазақ сөздерінен жасалған будан терминдер деп жіктеуге болады.

Төменде көрсетілген суреттен будан терминдер құрамындағы шет тілдік компоненттің қазақ тіліне қай тілден енгенин көруге болады (5-сурет).



Сурет 5 – Будан терминдер құрамындағы шет тілдік бірліктердің қазақ тіліне ену жолдары

**Ағылшын сөздерінен жасалған будан терминдер:** боксши, футболши, онлайн сабақ т.б.

*Боксши* – бокс (ағылш. «box» – соққы) – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. - шы қазақ тіліндегі зат есім тудыруышы жүрнақ.

*Футболши* – футбол (ағылш. «foot» – аяқ, «ball» – доп) – спорттың командалық ойын түрлерінің бірі. - шы қазақ тіліндегі зат есім тудыруышы жүрнақ.

*Тауарлық суоп мәмілесі* – своп (ағылш. «swap» – айырбас) – үлттық валютаны шетелдік валютаға белгілі бір мерзімнен кейін қайта айырбастауға міндеттеніп, айырбастау операциясы деген мағынаны білдіреді.

*Сенситив деректер* – сенситив (ағылш. «sensitive» – шетін) коммерциялық құпия деректер.

*Кірісі бойынша куинтил топтар* – квинтиль (ағылш. «quantity» – көлем, сан» + -ile).

*Айнымалы спред* – тамақ өнеркәсібі саласының термині (англ. «spread» – жағу, созу), көкөніс аналогы бар сары май.

*Дейта-өнім* – (ағылшын. «data» – дана, ақпарат) – кәсіпорында жасалып шыққан (өндірістің барлық сатыларынан өткен) және өндірістік немесе жеке бастың тұтынушы үшін жарамды өнімдер.

*Дренаж суы* (ағылш. «drain» – құргату, -age жүрнағы) су шаруашылығы термині [74].

**Грек сөздерінің қатысуымен жасалған будан терминдер:**

*Автожөндеу* (авторемонт), *авто грек сөзі*, *автобейне*, *автомасымал*, *автожүктегіш*, *автобетонараластырғыш*, *автобетонтасымалдағыш*.

*Гидрологиялық қадағалау, гидрологиялық бекет, гидрологиялық болжам.* Гидрология (грек. Υδρολογία; басқа грек тілінен. үбәр «су» + λογος «сөз, ілім») табиғи суларды, олардың атмосферамен және литосферамен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ суларда болатын құбылыстар мен процестерді (булану, қату және т.б.) зерттейтін ғылым.

*Агроэкологиялық аймақ, экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті, қолайлы санитарлық және экологиялық жағдайлар, экологиялық қолдану құқығының туындауы, мемлекеттік экологиялық сарната, экологиялық білім, экологиялық жүйе, экологиялық өлишемшарт деген будан терминдер 2024 жылы бекітілген. Будан терминдерге негіз болып тұрған экология сөзі грек тілінен алынған. Сөздікте: экология (грек тілінен. «օկօս» – тұрғын үй, орналасқан жері және «λόγος» – ілім) – тірі организмдердің өзара әрекеттесуі туралы ғылым деген анықтама беріледі [74].*

*Гибридологиялық әдіс, гибридологиялық зерттеу – биология саласының терминдері. Гибрид (лат. «hibrida, hybrida» – будандастыру) – генетикалық әртүрлі формалардың қызылсызы нәтижесінде алынған организм немесе жасуша.*

Гибрид сөзінің қазіргі уақытта будан деп аударылып жүргені белгілі. Сондықтан, бұл терминдерді де төл сөздерімізben алмастырып, будандастыру әдістері, будандастыруышылық зерттеу деп алған дұрыс болар еді. Тілімізде баламасы бола тұра шеттілдік элементті аудармай қолдану уәжсіз қолдану деп есептеледі.

*Генеологиялық әдіс, генеологиялық ақпарат, генетикалық өлишемшарт [74]. Бұл 2023 жылы бекітілген биология саласының теминдері. Құрамындағы шеттілдік элемент генеология грек тілінен шыққан «γενεαλογία» – шежіре, әрі қарай «γένος» – тұқым, шығу тегі, әрі қарай «gene» – туылу.*

*Микроорганизмдер, микроәлем, микротүтікшелер, микроэлектродтар, микрофлюидтер, микроцистин, микротүкттер будан терминдері құрамындағы микро грек сөзі.*

*Микроәлем* философия және саясаттану саласы термині, кіші әлем деп те жарыспалы қолданылуда.

*Клиникалық аурухана, клиникалық зерттеу, клиникалық хаттама, клиникалық тиімділік, клиникалық нәтиже, клиникалық шешімдердің қабылдауды қолдау жүйесі* – медицина саласының әр жылдары бекітілген терминдері. Мұндағы *клиника* грек тілінен шыққан «κλινική (τέχνη)» – жатқан науқасқа күтім жасау, емдеу деген мағынаны білдіреді.

*Альфа бөлшек, альфа сәулелер, альфа сәулешиғарғыш, альфа сәулелену, альфа ыдырау, альфа радиоактивтілік, альфа бөлшек массасы, альфа спектрі, альфа ядроның ыдырауы т.б.* физика саласының терминдері *альфа* деген грек сөзінен шыққан. Бұл мысалдарда берілген альфа сөзі грек тілінде алфавиттің алғашқы әрпі болғандықтан «алғашқы, бірінші» деген мағынаға ие.

**Латын негізді будан терминдер:**

*Мотобұрғы* 2024 жылы мемтерминком бекіткен термин [74]. Будан термин құрамындағы шеттілдік элемент «moto» - латын сөзі, үздіксіз жылжыту деген мағынаны береді.

*Репродуктив әлеует, репродуктив еңбек, репродуктивті жүйе* терминдері құрамындағы шеттілдік бірлік репродуктив -ре сөз алды жүрнақ, латынның «productum» сөзінен шыққан, өндіріс дегенді білдіреді.

Электронды биржаса, электрондық үкіметтің веб-порталы, электронды ақпарат жүйелерінің иесі, электрондық ақпараттың ресурстардың мемлекеттік тіркелімі, электронды ылғалөлшеуіш, электр ылғалөлшеуіш, электрлі өсімдіктер, электромагниттік зақымдану, су электр стансасы, қарапайым электр заряды, электр өрісінің кернеулігі, электр энергиясы көздері, электромагниттік толқындардың интерференциясы, электромагниттік өзара әсерлесу, электромагниттік өрісті өлшеу т.б. көптеген будан терминдер электр сөзінің қатысуымен жасалған. Электр сөзі латын тілінен шыққан «electricus», одан әрі көне грек тілінен ««*ηλεκτρον*» – электр, жылтыр металл, кәріптастар [74].

2023 жылы бекітілген математикалық терминдер сан квадраты, квадраттар айырмасының формуласы, квадрат теңсіздік, квадраттар теңсіздік шешімі, квадратты теңдеу, арифметикалық квадрат түбір, толымсыз квадрат теңдеу, орташа квадраттың ауытқу, квадрат түбір, квадрат үшмүші, толық квадрат теңдеу, биквадрат теңдеу т.б. [74] көптеген будан терминдердің негізі квадрат сөзі латынның «quattuor» – төрт деген сөзінен шыққан.

Шетел тіліндегі будан терминдерді зерттеушілердің пікірі бойынша: «Ағылшын тілінің сөздік қоры негізінен латын түбірлі сөздерден тұрады. Дүние жүзі бойынша латын тілі зан, медицина және ғылыми терминологияда кеңінен қолданылады, тіпті Рим империясына ешқандай тарихи байланысы жоқ елдер де латын тілі сөздерін қабылдаған» [75].

«Латын тілі әмбебап мәдени код ретінде өміріміздің түрлі салаларында қолданылуын белсенді түрде жалғастыруды» [76]. «Латын тілі қолданылуын ешқашан тоқтатқан емес» [77]. Қазақ тіліндегі будан терминдердің көп бөлігі латын негізді болуы осы пікірлердің дұрыстығын дәлелдейді.

### **Француз-қазақ сөздерінен болған будан терминдер:**

*Темір-бетон* (франц. «béton», лат. «bitumen» – тау шайыры) – құйматас, жасанды тас материал, байластырыш заттар.

*Өрттен қорғау гарнizonы* (фр.«garnison» – гарнизон, «garnir» – жабдықтау).

*Дифференциалдық есептейу* (фр.«differentiation», лат.«differentia» – айырмашылық, айырым) – функцияның туындылары мен дифференциалдарын есептейтін және олар арқылы функцияның қасиетін зерттейтін математиканың бөлімі.

*Жартылай консервативті модель* (консерватизм фр. «conservatisme», лат. «conservo» – сақтаймын, қорғаймын) – ДНҚ молекуласының қос тізбегі ұзына бойына бөлінетін, бөлінген әр тізбек жаңа түзілетін тізбекке матрица болып табылатын ДНҚ репликацияның түрі.

*Жиырылғыш вакуоль* (фр. «vacuole», лат. «vacuus» – бос сөзінен шыққан), өсімдік және жануарлар жасушаларындағы немесе біржасушалы организмдердегі сфералық пішінді ұсақ қуыстар.

*Нивелирлеу* (фр. «nivellelement» немесе «niveau» – түзеу, фр. «niveau» – деңгей, түзулік) – жер бетіндегі нұктелердің биіктіктерін қайсы бір бастапқы нұктемен немесе бастапқы деңгейлік бетпен салыстыра отырып анықтау.

*Сарқылатын ресурстар* (фр. «ressource» – құрал-жабдық, мүмкіндік), босалқы қорлар – табыс, ақшалай және басқа қаражат, құндылықтар мен олардың көздері.

### **Неміс – қазақ сөздерінен болған будан терминдер:**

*Лафетті оқпан* – әскери іс саласының термині. Мұндағы шеттілдік элемент (лафёт нем. «lafette», фр. «l'affut») – зеңбірек қаруының ұнғысы орнатылып бекітілетін тұғыр.

*Капитал қамтымы* (нем. «kapital», ағылш. «capital», лат. «capitalis» – басты нәрсе, басты мүлік, негізгі қаржы) – кең мағынада табыс әкеле алатын нәрселердің бәрі немесе адам өзінің тіршілік әрекеті барысында тауарлар, өнімдер, т.б. өндіру, қызметтер көрсету үшін жасаған ресурстар. Экономика саласының термині.

*Сұңгуірлік шлангы* (нидерл. «slang» – жылан, шланг, нем. «schlange» – жылан).

### **Орыс – қазақ сөздері:**

Қазақ тілінде біршама будан терминдердің құрамдас бөліктері орыс сөздері екені анықталды:

*Ведомстволық құпия мұрагат*, мұндағы (ведомство орыс. басқару ← ески слав. «вѣдѣти ← жалпы слав. vѣdti» - білу).

*Сұңгуір шлемі* (жалпы слав. «шельмъ», соның ішінде: еж.орыс – шеломъ, шлем).

### **Араб – қазақ сөздері:**

*Химиялық жарылыс* (арабша «al-kīmiya?») әдетте Египеттің көне атауы Кеме немесе Хемнен шыққан деп есептеледі, бастапқыда бұл сөз «Мысыр өнері» дегенді білдірсе керек.

*Цифрландыру* цифра (лат. «cifra», араб. صفر [ṣifr] – бос, ноль), цифрландыру – бұл ақпаратты сандық түрлендіру процесі (яғни компьютерде оқылатын) формат.

*Алкогольді өнім* (араб. الكحول, эль-қюхль) – тамақ өнеркәсібі термині.


*Есептерді шешудің алгебралық тәсілі* терминінің құрамындағы шеттілдік элемент – алгебра (араб. الحبر «әл-джәбр» – орнын толтыру) – математиканың алгебралық теңдеулерді шешу жөніндегі есептерге байланысты дамыған негізгі бөлімдерінің бірі.

### **Италиян – қазақ сөздерінен болған будан терминдер:**

*Есептілік валютасы* – валюта (итал. «voluta» – құн, баға) – тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі қаржылық есептілік көрсеткіштерін бағалау және ұсыну.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген будан терминдердің құрамындағы шеттілдік компоненттерді зерттей келе, олардың көбінесе латын және грек негізді сөздер болып келетінін аңғардық. Бірқатар ағылшын, француз, неміс, италиян сөздері негізді будан түзілімдер ұшырасады. Араб сөзінің қатысуымен жасалған будан терминдер санаулы ғана кездеседі.

Зерттеу барысында жинақталған будан терминдерді статистикалық талдау нәтижесі бойынша латын негізді будан терминдер – 42%; грек негізді будандар – 30 %; неміс, француз, итальян сөздерінен болған – 15% ; орыс сөзінен –13% құрады. Диссертацияда талдауға түскен 2000 будан терминдердің құрамындағы шеттілдік компоненттердің шығу негізіне қарай статистикалық зерттеудің қорытындысын төмендегі суреттен (6-сурет) көре аласыздар:



Сурет 6 – Будан терминдердің компоненттерінің шығу негізіне қарай пайыздық көрсеткіші

Неміс, латын және француз қорының қазіргі қазақ тіліндегі будан үдерістеріне қатысуы ұғымдардың қысқалығы мен бірегейлігіне ұмтылумен түсіндіріледі. Будан терминдер жасауда неміс, латын және француз тілдерінен алынған компоненттерге төл сөздік компонентті тіркестіріп қолдану осы терминдерді жақсы түсінуге ықпал етеді. Будан терминдер ғылым салаларының барлығында кең тараған, қазақ терминологиясы қорын молайтуға қызмет етеді.

Будан сөздер мен сөз тіркестері ғылымның және қоғамның барлық салаларында дерлік қолданылады, оның ішінде ауыл шаруашылығы, химия, машина жасау (компьютер, электр-электроника, өнеркәсіп, тамақ, құрылыш, машина жасау, металлургия, авиация), биотехнология, математика, энергетика, сәулет, статистика, теңіз және т.б. салалардың терминіне айналды. Будан терминдер қолданылу саласына байланысты бірнеше салаларға жіктелді:

**Заң және құқықтану саласы бойынша будан терминдер:** адвокаттық лауазым, адвокат кеңесі, адвокат құпиясы, әкімишілік полиция, әкімишілік тексеру, әкімишілік юрисдикция, әкімишілік-құқықтық статистика, әкімишілік-құқықтық нормалар, агрессия акті, дипломатиялық акт, коммерциялық акт, бақылаулық өлишеулер акті, бақылау акті, шығысқа шығару акті, суброгация туралы акт, жазатайым оқиғаны зерттеу актілері, лаңкестік акті, қылмыстық іс жүргізу актісі.

**Көлік және қатынас жолдары:** авиамектеп, автобетонтасығыш, автобетонқоспалаяши, автобитумтасығыш, автобұғаттау, теміржол автобұғаттауышы, айнымалы токты автобұғаттауыш, автоеленуші, автомасығыш, автозауыт, автомайқұю, автоқұйғыш, автобосбөлишек, автоинспектор, автоаунақ, автоқымшан, автотербеліс, автомізбек, автоөтемдеуіш.

**Энергетика саласы бойынша:** апарттық режим, энергетика жүйесі қуатының авариялық режимі, электрагрегаттың авариялық жұмыс режимі,

трансформатордың авариялық режімі, авариялық қор, авариялық қуат қоры, апарттық қуат қоры, авариялық жөндеу, апарттық жөндеу, энергетика жүйесіндегі авария, шектеу авария, қуаттық авария, энергиялық авария, энергиялық апарт, автогаздық ажыратқыш, автоиондау, автомотербелістер, өрісті өшіру автоматты, автоматтандыру, автоматтандырылған жүйе, автоматтандырылған бақылау жүйесі, автоматтандырылған басқару жүйесі, автоматтандырылған сауда жүйесі, автоматтандырылған жұмыс орны, диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған электржетек, асинхрондық режимді жою автоматикасы, жабдықтың асқын жүктемеленуін шектеу автоматикасы.

**Тіл білімі және әдебиет:** абсолюттік үстене, абсолюттік анықталатын сөйлем, абсолюттік билингв, сөздің абсолюттік соңы, дерексіз категория, дерексіз лексика, авторлық сын, терминологиялық жұмыстарды автоматтандыру, автоматтандырылған оқыту жүйесі, ақпараттық-терминологиялық қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесі, автоматтандырылған аударма жүйесі, аудармашының автоматтандырылған орны, автоматтандырылған машиналық сөздік, автоматтандырылған аударма, автоматтандырылған үдеріс, автоматтандырылған сөздік, сөйлеу дағдыларының автоматтылығы, автоаударма, автордың жсан-дүниесі, автор бейнесі, автореференттік сөйленім, автореференттілік, авторландыру.

**Механика және машинатану:** дәнекерлеу автоматты, қигаштық автоматты, буналау автоматты (автомат резьбонарезной), пісіру автоматты (автомат сварочный), тұрақтандыру автоматты, үдерісті автоматтандыру, автомоделділік, Крен автопилоты, автопісіру (автосварка), роторлық мәшине агрегаты, басқарылатын мәшине агрегаты, электрмен пісіру агрегаты, ақырлы аддитивтілік (аддитивность конечная), изоэнтропиялық адабата, соққылық адабата, астрономиялық азимут, геодезиялық азимут, гирокоптық азимут, магниттік азимут, өзара әрекет аксиомасы, динамиканың негізгі аксиомасы, инерция аксиомасы, механика аксиомасы.

**Философия және саясаттану:** абсолютті дүниетаным, абсолютті негіз, абсолютті артықшылық, абсолюттілік, абсолюттік, абсолютті рух, абсолютті идеализм, абстрактілі ойлау, абстрактілі барабарлық, абстрактілі тепе-теңдік, абстрактілік, өзекті шекіздік, теңестіру абстракциясы, әлеуетті жузеге асу, көркем абстракция, мәдени автономия, ұлттық-мәдени автономия, автортанулық сараптама, авторлық құқық, автоматтаурын, автостереотип.

**Математика саласы бойынша:** абсолют кеңістік, абсолют шама, вектордың абсолют шамасы, таңдамалық абсолют момент, абстракт гармоникалық талдау, математикалық абстракция, нүкте абсолюттасы, өріс автоморфизмі, көбейтінді автоморфизмі, регуляр автоморфизм, тор автоморфизмі, сингуляр автоморфизм, теңбе-тең автоморфизм, ықтималдықтың саналымды аддитивтігі, ұзындық аддитивтігі, ақырлы аддитивтік, өлшемнің саналымды аддитивтігі, көлем аддитивтігі.

**Су шаруашылығы:** абиссал жазық, абиссал шөгінділер, абиссал құдық, мұздық аблациясы, абразиялық қойнау, абразиялық жаға, мұз жағдайының

*абрисі, абсолют өткізгіштік, абсолют ылғалдылық, вентури суөлишеуіші, вакуумсыз суагар, вакуумметрлік биіктік, вакуумды гидроциклон, вакуумметрлік қысым, вакуумдық мөлшерлеуші, вакуумды кәріздеу, вентури астаяу, вертикалдағы лайлыштық.*

**Физика және астрономия:** көлденең сфералық аберрация, бойлық сфералық аберрация, сферохроматтық аберрация, өстен тыс аберрациялар, аберрациялық ығысу, жұлдыздар аберрациясы, линза аберрациясы, оптикалық жүйе аберрациясы, шоқ аберрациясы, радиалді аберрация, жарық аберрациясы, абсолюттік ақ дене, абсолютті серпімсіз соққы, абсолютті қатты дене, абсолютті серпімді соққы, абсолюттің қара дене, абсолюттік уақыт, абсолюттік мән, абсолюттік сәуле шығару, абсолюттік кеңістік, абсолюттік ұзару, абсолюттік үдеу, автотербелістер, маятниктің автотербелісі, автотербелмелі жүйе, автотербелмелі қозғалыс, автотербелмелі контур, автотолықтыру.

**Женіл және тоқыма өнеркәсібі:** талишықты бөктіру агенті, үтіктеу агрегаты, азометинді бояғыш, азоүйлесімділік, композицияны талдау, фотоколорименттік талдау, анаморфирлеу, пластикалық анатомия, анаэробты жібіту, анималистік стиль, күйдер ансамблі.

**Дене тәрбиесі және спорт:** абсолют күш, бұлышықеттің абсолют күші, абсолютті рекорд, абсолютті чемпион, авиамодель ісі, авиамодельші, авиация спорты, авиомодельді спорт, автоматты үйлесімділік, қолдаушы автомәшине, спорттық автомәшине, жарыс автомобилі, спорт автомобилі, автомобиль спорты, автомотоайлақ, автомотоклуб, автомотоспорт, автомототуризм, автомотомектеп, автошана, автоуақытөлшегіші.

**Статистика стандарттау, зияткерлік меншік саласы:** өлишеуіш автомат, қадағалауши автомат, бақылауды автоматтандыру, программауды автоматтандыру, жобалауды автоматтандыру, өндірісті автоматтандыру, мемлекеттік статистиканың автоматтандырылған жүйесі, автоматтандырылған бақылау жүйесі, тәжірибелік деректердің автоматтандырылған өңдеу жүйесі, агроОнеркәсіптік комбинат, агроОнеркәсіптік кешен, адаптивтік бақылау картасы, технологиялық үдерісті автоматтандыру, есепті автоматтандыру, автоматтандырылған картотека, деректерді автоматтандырылған түрде өңдеу, статистикалық ақпаратты автоматтандырылған түрде өңдеу.

**Медицина саласы бойынша** терминдік аталымдардың будан түрлері: авиаациялық жарақат, вируленттіздік, енжар агглютинация, арнаіры агглютинация, эритроциттік агглютинация, иммундық агглютинин, ойламай аггравациялау, саналы аггравация, әдейі аггравация, дыбыстық агнозия, дәмдік агнозия, көру агнозиясы, иістік агнозия, сөздік агнозия, жсанасулық агнозия, иммундық агранулоцитоз, дәрілік агранулоцитоз, сәулелік агранулоцитоз, миелотоксіндік агранулоцитоз.

**Туризм саласындағы будан терминдер:** туристік аттрактивтілігі, туризм географиясы, туристік ұсыныс, туризм индустріясы, туризм базасы, туристік маркетинг, туристік-экскурсиялық ресурс, туристік операторлық қызмет, туристік агенттік қызмет, туристік маршруттар мен

соқпактардың мемлекеттік тізілімі, туристік рекреациялық ресурс, рекреацияның шаруашылық потенциалы, туристік-экскурсиялық қызмет көрсету комплексі, туристік ресурстар, туристік кешен, туристік топ, туристік байдарка, туристік жолдама, туристік база, туристік құрал-саймандар, туристік өнімге тапсырыс берушілер, туристік имидж, туристік өнімді ұсыну (индустрия) туристік бағдар (индустрия), туристік қызмет (индустрия), туристік үйім (индустрия), туристік автобус (көлік және қатынас жолдары), т.б. [74] .

Бұл мысалдардан көріп отырғандарыныздай, будан терминдерді кез келген саладан ұшырастырамыз. Ғылым мен техника салаларында, БАҚ, киноиндустрия, радио, интернет сайttарда будан терминдер жиі қолданылады.

Қазақ тіліндегі будан терминдердің туризм саласындағы қолданысы А.Несіpbай, Г.Әбікенованаң мақаласында талданады. Мақала авторлары қазақ тіліндегі туристік дискурста кездесетін салааралық терминдерді қарастыра келіп, «Туристік дискурстағы терминдер адресаттың мәдени құзыреттілігін екі бағытта кеңейтуге ықпал етеді. Біріншіден, олар ел бейнесін қалыптастыруға қатысады. Туризм саласында кездесетін көптеген ұғымдар, мысалы елдің географиялық жағдайы мен оның климаты – физикалық география, саяси жүйе – саясаттану және әлеуметтану терминдерінің көмегімен, қаржылық – экономикалық терминдердің көмегімен сипатталады, тарихи анықтамалар үшін тарих терминдері қолданылады. Екіншіден, арнайы лексикада тіл дамуының халықтың материалдық және рухани мәдениетінің тарихымен байланысы айқын көрінеді. Оны сипаттау үшін техникалық, өнертану және басқа терминдер қажет. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі туризм терминдері ішінде әртүрлі тілдің бірліктері арқылы жасалған будан терминдер де көпtek ұшырасады» [78, б.779] деген тұжырымға келеді.

Будан терминдер белгілі бір кезеңде аса маңызды ұғымдар мен түсініктерді атайдын болса, сол кезеңде олар белсенді қолданыста болады. Будан терминдер деп бірнеше компоненттерден құралатын, белгілі бір ұғымды, бір құбылысты атайды. Бұл олардың атальмыңық яғни номинативтік қызметін көрсетеді. Ал тіркес түрінде келген будан түзілімдердің құрамындағы компоненттердің орны тұрақты болып келеді. Мұндай тілдік бірліктердің құрамындығы элементтердің орны тұрақты болып келеді. Префикстердің қатысымен жасалған будан терминдердің бір сыңары көбінесе аударуға келмейтін сөздерден тұрады. Қазақ тіліне аударуға келмейтін терминбелшектердің де будан құрылым ішіндегі орны тұрақты болады.

Қос сөз түрінде келген будан терминдердің құрылымы дә әртүрлі болады. Олардың тіліміздегі дәстүрлі қосарланған сөздерден өзгешеліктері болады. Мұндай будандар ішінде қайталама қос сөздер ұшыраспайды. Олар негізінен қосарланған қос сөздер моделімен жасалады. Абревиаттармен келген будандардың да бірнеше түрлері кездеседі. Әріптік қысқарту, қысқарған сөз, буын түрінде қысқарту т.б. түрлері кездеседі.

Ғылым мен техника салаларында, БАҚ, киноиндустрия, радио, интернет сайttарда будан терминдер жиі қолданылады. Солай бола тұра қазақ тіліндегі будан терминдер мәселесі әлі толық зерттелмеген, әсіресе олардың теориялық

негізі, қалыптасу үлгілері мен қолдану аясы жүйеленбекен. Сондықтан қазақ тіліндегі будан терминдерді зерттеу олардың ұлттық терминологиялық жүйедегі орнын айқындаپ қана қоймай, тілдің дамуы мен ғылыми әлеуетін нығайту үшін де аса маңызды. Бұл зерттеу ұлттық терминкорды жаңа үлгідегі терминдермен байтуға, терминологиялық жүйені реттеуге және жаңа терминдерді бейімдеудің тиімді тәсілдерін ұсынуға өз үлесін қосады. Қазіргі ақпараттық-ғылыми кеңістікте қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылу мүмкіндігін арттыру үшін будан терминдерді жан-жақты зерделеу өзектілігі мен маңызы артып отыр.

Қазақ тілінде будан терминдер санының күрт артуы қазақ тілінің қазіргі әлемнің өте күрделі бейнесін бейнелейтін таңғажайып икемділігі мен үлкен ұтқырлығы бар деген қорытынды жасауға жағдай туғызады.

## **1- тарау бойынша түйін**

Зерттеуімізге нысан болып отырған будан терминдер – шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдер. Тіл біліміндегі будан (гибрид) термині алғаш рет XVII ғасырдың орта шенінде француз ғалымы К. Вожланың «Француз тілі туралы жазбалар» атты зерттеуінде қолданылған. Будан аталымдар тілдік қорымызды көбейтетін кірме сөздер қатарынан орын алады. Кірме сөздер жаппай қолданыста бола отырып, тілде олардың қатысы арқылы жаңадан сөз жасалуына негіз бола алады.

Бүгінгі жаһандану заманында сөздік қорына шеттілдік сөз енбеген тіл жоқ, өйткені тілдің сөздік құрамның баюы өзінің ішкі мүмкіншілігі арқылы ғана емес, өзге тілден енген кірме сөздер арқылы да тілдің сөздік құрамы кемелдене түседі.

Будан терминдер қазақ тілінің сөздік қорын белсенді түрде кеңейтуде. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдер төл тіліміздің ресурстары негізінде ғана емес, сонымен қатар кірме сөздерден әртүрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатын жаңа сөздермен, терминдермен белсенді түрде толықтырылып жатқаны анықталды.

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген будан терминдердің құрамындағы шеттілдік компоненттерді зерттей келе, олардың көбінесе латын және грек негізді сөздер болып келетінін аңғардық. Бірқатар ағылшын, француз, неміс, итальян сөздері негізді будан түзілімдер ұшырасады. Араб сөзінің қатысуымен жасалған будан терминдер санаулы ғана кездеседі.

Зерттеу нәтижесінде будан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын – қазақ сөздерінен жасалған; грек, латын негізді сөздер – қазақ сөздері; орыс – қазақ сөздерінен жасалған; француз, неміс сөздері – қазақ сөздерінен, басқа да шетел (итальян, араб, түрік т.б.) сөздерінен жасалған будан терминдер деп жіктелді.

Будан терминдер компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті будан терминдер деп жіктелді. Будан терминдердің құрамы эндогенді және экзогенді құрамбөліктерден құралады. Будан термин сыңарларын эндогенді және

экзогенді құрамбөліктерге жіктелдік. Эндогенді құрамбөлік будан терминнің төлтілдік немесе бейімделген сыңары болса, экзогенді құрамбөлік будан терминнің шеттілдік кірме сөзден болған сыңары болып табылады.

Будан терминдерің морфологиялық құрылымына қарай 5 түрлі топқа бөлдік:

- дара терминдер;
- қос сөзден тұратын будан терминдер;
- сөз тіркестері түріндегі будан терминдер;
- біріккен сөздер түріндегі будан терминдер;
- қысқарған сөзбен бірге келетін будан терминдер.

Лексика-семантикалық ерекшеліктеріне және қолданылу аясына байланысты: іс қағаздары және мұрағат ісі, экономика, заң және құқықтану, көлік және қатынас жолдары, медицина, электроника, радиотехника және байланыс, химия, тіл білімі және әдебиет, механика және машинатану, философия және саясаттану, геология, геодезия, география, әскери іс, педагогика-психология, математика, ауылшаруашылығы, су шаруашылығы, баспа және кітапхана ісі, информатика және есептеуіш техника, физика және астрономия, биология, тарих, мәдениет және өнер, сәулет және құрылымыс, тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, статистика, стандарттау және зияткерлік меншік, дене тәрбиесі және спорт саласындағы будан терминдер деп топтастырылды. Будан терминдердің терминологияның барлық салаларынан кездесуі олардың қазақ тілінің терминжүйесіндегі орнын айқындайды. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық табиғатын зерттеу ұлттық терминологияны дамыту мен біріздендіруге ықпалын тигізеді.

## **2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ**

### **2.1 Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер**

Кез келген тілдің терминжасам жүйесі сол тілдегі сөзжасам заңдылықтарына бағынады. Қазақ тілінде де терминжасам тіліміздегі сөзжасам тәсілдері бойынша жасалады.

«Терминжасам – жүйелі құбылыс, яғни жүйенің бір мүшесіне терминжасамдық тәсілдер жатады. Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір мүшесі, бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды, оған бағынады, ол терминжасамда қолданылады. Олай болса, терминжасамда сөзжасамның тәсілдері түгел қолданылады. Сонымен бірге терминжасамның өз ерекшелігіне байланысты тәсілдер де терминжасам тәсілдерінен орын алады» [79].

Бүгінгі таңда терминауышы ғалымдардың терминжасам тәсілдерін түрліше жіктейтінін байқауға болады. Қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдерінің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, морфолого-синтаксистік және т.б. тәсілдері айтылып жүр. Ш. Құрманбайұлы «бірқатар ғалымдар терминжасам (терминообразование) тәсілдерінің бәрінің басын біріктіріп, терминшығармашылығы (терминотворчество) деп атайдынын» [1, б.539] ескерте отырып, өзі де осы пікіріді қолдайтынын білдіреді. Ғалым терминжасам тәсілдерінің мына түрлерін көрсетеді: 1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, 2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл, 3) терминдену (лексика-семантикалық) тәсілі, 4) калькалау тәсілі [1].

Ш. Біләловтың еңбегінде терминжасам туралы мынадай пікір беріледі: «Біріншіден, сөзге қосымша, жалғаулықтар жалғану арқылы жасалады. Мысалы, көрме (хорда), жарма (биссектриса), кейіптеме (формула), түзгі (элемент), қосым (интеграл), ақырам (дифференциал), ұстеме (мантиssa), бүйірлік (абсцисса), беттік (ордината), төбелік (апликата), қиынды (сектор), тікше (прямоугольник)... Екіншіден, жаңа сөз сөздердің бірігуі арқылы жасалады: теңқиық (ромб), ішжиын (подмножество), қиықша (параллелограмм), қиықжақ (параллелепипед), қостабан (трапеция), кілшоқы (пирамида), екімүше (бином), баскерме (диаметр)... Үшіншіден, сөз тіркестері арқылы жасалады: алғашқы берне (первообразная)...» [80, б.18-23].

Ғ.Б. Шойбекова, Ж.Ә. Абдрахманова, А.Б. Насырғазының «Қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері арқылы жасалған компьютер терминдері» мақаласында терминжасам тәсілдердің төрт түрін көрсетеді: «Терминдік жүйені жасауда терминжасамның әлемде ең кең тараған төрт түрлі тәсілі пайдаланылады, олар: 1) терминжасам (сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы), 2) терминдену (термин емес сөздердің терминдер қатарына өтуі), 3) қайта терминдену (өзге саланың дайын терминін пайдалану), 4) терминалмасу, халықаралықтандыру (өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдап алу» [81, б.213].

Тілде жаңа терминдік атаулардың жасалуы негізінен, қай тілде болмасын тек терминжасам тәсілі арқылы емес, сөздік қордағы жалпыхалықтық сөздердің

терминденуі арқылы да жүзеге асады. Аударма әдісі арқылы жасалған терминдер де тіліміздің терминологиялық жүйесінен үлкен орын алады. Сондықтан бірқатар терминтанушы ғалымдар аударма тәсілін терминжасамның бір тәсілі деп таниды.

Б.С. Жонкешов «Ғылыми техникалық терминдер және терминдерді аудару мәселелері» атты мақаласында аударма тәсілі арқылы термин жасаудың:

«Лексикалық трансформация: транслитерация, транскрипция, калькалау және т.б.

Грамматикалық трансформация: грамматикалық алмасымдар және сөйлемнің бөлшектенуі және т.б.

Лексика-грамматикалық трансформациялар экспликация (сипаттамалық аударма), компенсация (түрлендіріп аудару)» сияқты түрлерін анықтайды [82, 6.52].

Галымның пікірінше, аударма тәсілі терминжасам шығармашылығының бір тәсілі болып табылады. «Төл лексикалық қордағы жекелеген сөздерді тілдің ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып, терминжасау үрдісі назардан тыс қалып бара жатыр» [82, 6.55], – дей келе, шет тілден термин қабылдауда сақтықпен қарап, ана тілінің тазалығын ту еткен алаш зиялышары ұсынған қағидалар бүгінгі заманда да өзекті болып отырғанымен, көп жағдайда ескерусіз келе жатқанын айтады.

Терминологиялық жүйенің даму кезеңдерінде терминология мен тиісті ұғымдар жүйесінің аралығында сәйкесіздіктердің болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар терминнің тиісті кәсіптік саладағы қолданысына кедергі тудырады.

Әртүрлі ғылым салаларының дамуы мен қоғамдағы маңызының артуы, түрлі шетел тілдерінен халықаралық терминдердің кіруі, т.б. құбылыстар бұған ерекше әсер етеді. Осындай жағдайларға байланысты терминологиялық жүйені біріздендіру, жүйелеу қажеттігі туындаиды. Қазіргі терминология ғылымы алдындағы міндеттердің бірі – кірме және туынды терминдердің жасалу жолдарын, қолданыс ерекшеліктерін, тілге бейімделуін, терминологиялық жүйеден алатын орнын айқындау. Терминтанушы ғалымдар терминологиялық ғылымның мынадай маңызды міндеттерін ерекше атап көрсетеді:

1) арнайы лексикалық бірліктердің типологиясын жасау; 2) терминдік бірліктердің жасалу жолдарын, тәсілдерін, модельдерін құру, терминбөлшектердің түрлері мен терминдердің уәжділігін зерделеу; 3) терминдердің және терминологияның басты ерекшеліктерін анықтау; 4) түрлі коммуникативтік қатынастардағы терминдердің қызметін сарапау; 5) тілдік жүйедегі терминологияны айқындау; 6) терминдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін тілдегі жалпыхалықтық сөздермен салыстыру; 7) терминдік тіркестердің негізгі белгілері мен қасиеттерін терминологиялық сөз тіркестерінің ерекшеліктерін еркін және тұрақты тіркестермен салыстырып талдау.

Дара сөздерден болған терминдік аталымдар жалпыхалықтық сөздерден немесе белгілі бір сөзжасамдық модельдер арқылы морфемдерден жасалған тілдік бірліктер болып табылады. Қарапайым терминдер жалпыхалықтық сөздерден өздерінің семантикалық ұйымдасуы арқылы өзгешеленіп тұрады.

Тілдегі терминжасам жүйесі сөзжасам зандылықтарына бағынатыны белгілі. Терминдер морфологиялық қасиеттері жағынан да жалпы тілдің морфологиялық зандылықтарына сәйкес келеді. Терминдердің семантикалық қатынастары логикалық сипатқа ие. Бірақ мұндай семантикалық қасиеттер белгілі бір терминологиялық жүйеге қатысты нақты терминдік атауларды байланыстырады.

Терминологияның бұл сипаты оның жүйелілік қасиетін көрсетеді және оны терминологиялық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ш. Құрманбайұлы терминге қойылатын талаптарды төмендегідей анықтайды:

«Терминнің бірмағыналығы – бір арнаулы сала ішінде бір ғана мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы;

Термин мағынасының дәлдігі – атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі;

Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы – бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде қолдану қолайсыз. Алайда терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес. Белгілі бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндерден тұратын тіркеспен аталса, ол терминнің жүйелілігін көрсетеді;

Терминнің тілдегі сөзжасам зандылықтарына сәйкес келуі – терминологияда сөзжасам зандылықтарын қанағаттандыра бермейтін терминдер кездеседі;

Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы – терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі;

Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы – ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы;

Эстетикалық талаптарға сай келуі – терминнің дыбысталуы айтуға қолайсызық туғызбай, естуге жағымды болуы» [1].

Тілдегі модельдеу жаңа бірліктердің пайда болу процесін зерттеу мен сипаттаудың қуатты құралы болып табылады.

Зерттеушілер атап өткендей, тіл дамуының ішкі зандары жаңа негіздерді бөлуге және жаңа аффиксалды элементтерді пайдалануға, сөзжасау жүйесін дамытуға және жетілдіруге байланысты тілде бар немесе жаңадан пайда болатын модельдер мен сөзжасам типтері бойынша жаңа сөздердің пайда болу қажеттілігін анықтайды.

Біздің ойымызша, тілдік үлгілеу бұқаралық-медиалық кеңістіктің кеңеюіне, интернет-коммуникация рөлінің артуына, жаңа кірме тілдік элементтер лексиканың кең деривациялық әлеуетінің артуына байланысты неғұрлым өзекті болып отыр. Сондықтан тілдегі модельдерді кешенді зерттеу қоғамдық дискурста гибридті неономинациялардың пайда болуының деривациялық модельдерін сипаттау, жүйелендіру және талдауды көздейді.

Казак терминологиясындағы будан терминдер мәселесін анықтай келе Шерубай Құрманбайұлы: «Тәуелсіздік тұсында жасалып, қазіргі тілімізде

қолданылып жүрген атауларды ең алдымен қазақтың өз сөздері мен қосымшалары негізінде жасалған және бір бөлігі қазақ сөзінен немесе қосымшалардан қалған бөлігі кірме сөздер мен қосымшалардан тұратын будан (гибрид) атаулар деп екіге жіктеуге болады. Қазақтың төл сөздерін терминдендерінде немесе сөзжасам тәсілдерін пайдалану жолымен жасалған атаулардың да, аралас тұлғалы «будан» атаулардың да жасалу жолдарын тілдік түрғыдан талдау өте маңызды. Тіліміздегі сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің және сөз тудыруши жүрнақтардың қайсысы өнімділік танытқанын, керісінше, қай тәсіл мен қосымшалардың аз пайдаланылғанын, аралас тұлғалы сөздердің қалай жасалып жатқанын да анықтау қажет» [83, б.30], – деген тұжырым айтады.

Терминжасам тәсілдері морфологиялық, синтакистік және семантикалық тәсілдер деп жіктеледі. Сонымен қатар халықаралық терминдерді латын графикасында жазу мәселесі де терминологиядағы күрделі мәселелердің бірі.

Халықаралық терминдерге байланысты транскрипциялау мен транслитерациялау кезінде кірме терминді қабылдайтын тілдің өзіндік зандылықтарын ескерген дұрыс. Халықаралық терминдерді түпнұсқа тілдегі нұсқасымен немесе соған жақын нұсқада беру керек деген пікірлер де бар. Будан терминдер құрамындағы шеттілдік элементтерді мүмкіндігінше қазақ тіліндегі баламасымен беру керектігі айытылып та жүр.

Терминдерді жүйелеу, біріздендіру жұмыстары қатарында терминологиядағы ықшамдылық және үнемділік қағидаттарына сай келмейтін, яғни шұбаланқы будан терминдерді қатаң сұзгіден өткізіп, оларды негұрлым ықшамдап немесе талапқа сай етіп құруға баса мән беру қажет.

Будан терминдерді жасауда терминологиядағы жүйелік қағидатын қамтамасыз ететін фономорфологиялық бейімдеу қағидаты да ескерілуі қажет деп ойлаймыз. Сонымен қатар тіліміздегі қолданылып жүрген будан терминдік аталымдар ішіндегі мағынасы түсініксіз, артық форманттарды қолданбау мақсатында терминдерді латын графикасына таңбалау кезінде ұлттық тілді қолдану мүмкіндігін арттыру керек.

Будан терминдердің жасалу тәсілдерін анықтауда қазақ тілінде жарық көрген әдістемелік-оқу құралдары мен монографиялық еңбектерден, сондай-ақ бұқаралық-ақпарат құралдары тілінен материалдар, терминологиялық сөздіктер мен *termincom.kz* сайтының мәліметтерін пайдалана отырып зерттеу жүргізілді.

Басқа да ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында белсенді сөзжасамдық үдерістердің ішінен тілші ғалымдар төмендегілерді атап көрсететінін анғардық: бөгде тілдік негіздердің төлтілдік аффикстер арқылы туынды сөз жасауға бейімделу процесі, композиттер, бірліктердің будандасу (гибридтелу) әлеуетінің жоғарылауы, әлеуметтік факторлардың өсерінен кірме тілдік бірліктердің мағынасының өзгеруі, тоғысу аймағының кеңеюі, қысқарған негіздердің өнімділігі, контаминацияланған бірліктердің тууы.

Будан терминжасам қазақ тіліндегі дәстүрлі сөзжасам тәсілдері арқылы жүзеге асады. Будан терминдердің жасалу тәсілдерін зерттей келе, оларды төмендегідей жіктедік:

1) синтетикалық тәсіл;

2) аналитикалық тәсіл;

3) будан терминжасамның аралас тәсілі.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдерге мысал келтіретін болсақ:

*Галогендеу* – «галоген» (ағылш. halogen ← грек hálс «тұз»+ gen «тұзілу, пайда болу») + «-деу» (қазақ тіліндегі етістік жасаушы жүрнақ).

*Гибридтену* (хим.) «гибрид» (лат. hibrida, орыс. «гибрид») + «-тену» (қазақ тіліндегі етістік жасаушы жүрнақ).

*Нитратсыздану* – «нитрат» (ағылш. nitrate ← лат. nitrum) + «-сыз» + «-дан» + «-у» (қазақ тіліндегі жүрнақтар тізбегі).

*Детекторлау* – «детектор» (ағылш. detector ← лат. detectio «әшкерелеу, табу») + «-лау» (қазақ тіліндегі етістік жасаушы жүрнақ).

*Дифференциалдау* – «дифференциал» (ағылш. differential ← лат. differentia «айырма, өзгешелік») + «-дау».

*Иммерсивтілік* – «иммерсив» (ағылш. immersive ← лат. immergere «батыру, енгізу») + «-ті» + «-лік» (қазақ тіліндегі сын/зат есім тудыруши жүрнақтар).

*Инерттілік* – «инерт» (лат. iners «әрекетсіз, енжар»; орыс. «инертный») + «-ті» + «-лік».

*Интернеттендіру* - «интернет» (ағылш. internet ← interconnected network) + «-тен» + «-дір» + «- у» (қазақ тіліндегі өзгелік етіс жүрнағы мен тұйық етістік жүрнағы).

*Йодтау* – «йод» (ағылш. iodine ← грек. iodes «кулгін тұсті») + «-та+у».

*Клондау* – «клон» (ағылш. clone ← грек. klōn «өркен, бұтак») + «-да+у».

*Кокстаяу* – «кокс» (ағылш. coke «отын тұрі») + «-та+у».

*Синхрондылық* – «синхрон» (грек. syn «бірге» + chronos «уақыт») + «-дылық».

*Модулдену, модулдеу* – «модуль» (лат. modulus «өлшем») + «-дену»/ «-деу».

*Мобильдік* – «мобиль» (ағылш. mobile, лат. mobilis «қозғалмалы») + «-дік».

*Нивелирлеу (tex.)* – «нивелир» (франц. niveau «деңгей», орыс.«нивелир») + «-леу».

*Плюрипотенттілік* – «плюрипотент» (лат. pluri «көп» + potentia «куат, қабілет») + «-ті» + «-лік».

*Полимерлеу, полимерлену* – «полимер» (грек. poly «көп» + méros «бөлік») + «-леу» / «-лену».

Будан атальнымдар тәмендегідей функционалды-деривациялық модельдер негізінде пайда болады:

1) кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнақ;

2) префикс + түбір/негіз;

3) кірме тілдік негіз + төлтілдік сөз;

4) аббревиатура + төлтілдік негіз.

Будан терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы «кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнақ» моделі арқылы жүзеге асырылады. Алайда термин жасауға тіліміздегі әртүрлі сөзжасамдық жүрнақтар қатысады.

«Тілімізде сөз тудыруши жүрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп тұруы үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалады» [1, 6.86].

Сөзжасам үлгілерінің әрқайсысының құрылымдық компоненттердің нұсқалары бар, олар тілдегі интернационалдық элементтердің бейімделуінің толық көрінісін ашады және жаңа аталымдардың пайда болу процесін көрсетеді.

Казіргі қазақ тіліндегі динамикалық сөзжасамдық құбылыстарының бірі – төлтілдік аффикстермен туынды сөз жасау жолымен енген бөгде тілдік бірліктерді бейімдеу процесі болып табылады.

Қазақ тілінде де өзіндік мәні сақталған, алайда шығу тегі жағынан басқа тілден енген кірме сөз болып саналатын және де өзінің бойында шетелдік тілдік элементтердің сақтарап қолданылатын сөздер қазіргі уақытта көптеп кездеседі. Қазақ тілінің сөзжасамдық заңдылығына сәйкес жасалған кірме аталымдардың бір тобы -лық, -лік жүрнақтарының жалғануы арқылы пайда болған будан аталымдар болып табылады. Мысалы: *блогерлік, диджейлік, копирайтерлік, фирмалық, бизнестік* және т.б. Бұл туралы Н. Оралбаева: «мұндай сөздер қазақ тілінің топырағында жасалып, қазақ тілінде «казаматтық алған сөздер» қазақ тіліндегі сын есімнің -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жүрнақтары арқылы мағынаға ие болып отыр» [84, 6.16], – дейді. *Тарихилық, аристократиялық, антикалық, сатириалық, географиялық, модельдік* және т.б. сөздер де осы қатарға жатады.

Тілдегі және кірме негіздердің сөзжасамдық мүмкіндіктерін кенейту лексикалық инновациялардың белсенді пайда болуына негіз болып табылады. Зерттеулерде тілді дамытудың әртүрлі кезеңдерінде сөзжасамдық типтер түрлі белсенділік дәрежесіне ие болғаны айтылады. Жалпы, қазақ тілінің сөз тудыруши жүрнақтары туралы мамандар -шы, -ші, -лық, -лік, -шылық, -шілік, -ма, -ме, -ыс, -іс, -с, -ым, -ім, -ш, -іл, -л, -қы, -кі, -у жүрнақтарын өнімділер қатарына қосып жүргенін ескеру керек. Алайда бұл қосымшалардың аталымжасамдағы өнімділігі үнемі бір деңгейде емес екені де түсінікті болар. Материалды сұрыптағанда, әсіресе қоғамдық ғылымдар терминологиясын сарапқа салғанда, бұлардың аталымжасам процесіндегі қызметі әрбір кезеңге орай және ғылым мен техниканың даму деңгейіне байланысты құбылып отыратынын көреміз.

Өнімсіз деп танылып келген кейбір сөзжасамдық жүрнақтардың -ым, -ім, -м, -ыс, -іс, -с, -қы, -кі, -к, -қыш, -қіш, -уыш, -уіш, -кері, -гері қоғам дамуының сипатына сәйкес ерекше активтілік танытатынын көптеген мысалдар дәлелдейді. Тілде бұрыннан қалыптасқан сөзжасам модельдерінің ізімен жасалатын бұл тәсіл де аталымжасамның ең өнімді амалдарының қатарына жатады.

Олар кірме сөздерге жалғанып, «кірме негіз + төлтілдік қосымша» моделі бойынша будан аталымдарды жасайды. Мысалы, *автоматтандыру, индустріяландыру, электрлендіру, министрлік* т.б.

Зат немесе мамандық атаулары, бір нәрсенің ерекше белгілерін атау мақсатында қазақ тілінің кейбір жалғаулары атальным жасаудың тұрақты элементіне айналды десек те болады. Атальнымның дәл болуы негіз бер қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе атальнымдық мәнге көшеді. Сондай атауларды жасауда қазақ тілінің -шы, -ші қосымшалары арқылы мынадай атальнымжасам моделі қалыптаса бастағанын көреміз.

Біріншіден, -шы, -ші жұрнағының негізгі түбірге қосылуы арқылы жасалған атаулар *трактор-шы, бетон-шы, спорт-шы, коньки-ші, футбол-шы, архив-ші* сияқты кірме сөздерге жалғану арқылы жасалған будан атальнымдар. Будан терминжасамда қолданылатын жұрнақтар әрдайым өнімді қолданыла бермеуі мүмкін. Бұрын өнімді деп танылған жұрнақтардың уақыт өте келе белсенділігі тәмендеуі мүмкін. Кейде керісінше бұрын өнімсіз қолданылған жұрнақтар сөзжасамдық үдерісте кең қолданысқа өтуі әбден мүмкін.

Кірме бірліктердің тез бейімделуі, төлтілдік аффикстер арқылы туынды сөздер жасау арқылы қазақыландыру үдерісіне қатысуы қазақ тілінің қабілеттілігінің бір қыры болып табылады. Яғни, морфология саласындағы нормалану жайын сөз еткенде кейбір жұрнақтардың активтеніп, енді бірқатарының сөз жасау әлеуеті азайып бара жатқанын айтуға болады. Мысалы, -шы, -ші жұрнағының шет тілдік түбірлерге жалғануы орын алды: *футболшы, гипнозшы, комбайншы, колхозшы, дегенмен адамның кәсібін, мамандығын, бір нәрсеге икемдігін, қабілеттін т.б.* көрсететін -шы, -гер, -кеш жұрнақтары көптеген кірме сөздердегі -ист, -ор, -щик, -ант (-ент), -ург, -ер т.б. сияқты орыс тілі қосымшаларын алмастыра алмай келеді. Мысалы, *гастролер, акционер, монтер, гимналист, диктор, диктатор, конструктор, аспирант, комендант, металлург, анархист, социалист* сияқты сөздер қазақ тілі үшін түбір мен жұрнақтан тұратын морфемалар тіркесі ретінде емес, тұтас тұлға (сөз) ретінде қабылданды деуге болады.

Аталған мағынаны білдіруде бұл күнде -гер (*баспағер, айтыскер, қаламғер, тәлімғер, танымғер* (знаток), *майданғер, иегер* жұрнағы активтенді). Сол сияқты жаңа сөз жасауда -ым (*қойылым, оқылым, сұраным*), -ыс жұрнақтары да жиі кездесе бастады. Қысқасы, бірқатар сөз тудырушы жұрнақтардың вариантар қатары ұлғая түскені байқалады. Ал, керісінше, жалғаулықтардың кітаби тілдік (*шагатайлық, арабтық, парсылық*) жарыспа қатарлары тежеліп, қолданыстан, демек, әдеби нормадан ығыстырылғаны да байқалады.

Ал орыс тіліндегі осы текстес пікір Е.В. Петрухинада кездеседі. Ол: - ник-, -чик-, -щик-, -ец-, -овец-, -ист-, изм- жұрнақтарының бөлгеде тілдік бірліктерге жалғанып, зат есімдер жасайтынын айта келіп: «шет тілдік негіздерден жұрнақтар арқылы жасалған зат есімдер белсенді түрде қалыптасады, мұндай туынды сөздерді қолдану бақ пен интернет мәтіндеріне тән (*оффшорник, интернетчик, пиаровец, спамчик*)» [85], – дейді.

Зерттеушілер будан терминдердің қазіргі тіл біліміндегі маңызды орын алатынын айтып, туынды будан атальнымдардың тілге пайда болуы және енүі үдерістерінің бірте-бірте емес, тіл ұжымының қажеттіліктеріне сәйкес қандай

да бір ұғымның өзектілігіне байланысты, тілдік айналымға қарқынды енетінін атап өтеді [86, б.32-33].

Тілдегі интернационалдық лексиканың пайда болуын талдай отырып, Л.В. Рациурская: «Жаһандану жағдайындағы тілдерде шет тілдік туынды негіздер мен төлтілдік сөз тудырушы аффикстердің жалғануы арқылы пайда болған жаңа аталымдарды жасаушы деривациялық үдерістермен және реципиент тілдегі бірқатар өзге тілді морфемалардың морфемдік мәртебесін өзгертумен байланысты» [87, с. 377] еkenін атап көрсетеді. Мысал ретінде қазір белсенді қолданылатын шет тілдік аббревиатуралық бірлік – *тиарды* алуымызға болады.

*Пиар* (ағылш. «public relations» – қоғаммен байланыс), ол тілде PR – ПР – пиар деп қолданысқа еніп, қазір сөзжасамдық ұя негізіне айналып отыр: *тиаршы*, *тиаршыл*, *тиарлау* және т.б.

Талдауға енетін бірлік тек бір туынды сөзді ғана емес, сонымен қатар күрделі туынды сөзжасам ұясын да жасайды: *тиар-қызмет*, *тиар-құрылым*, *тиар-кеңістік*, *тиар-шешім*, *тиар-жүргіс*, *тиар-құлыш*, *тиар-жиназ* және т.б.

Мысалы: *Пиардың маркетингте де алар орны улken. Мәселен, атақты Ford компаниясы Ford Taurus аталағын өз авто моделдерінің атақ - даңқын *тиарлау* арқылы шығарған.* **Пиаршы** маманының негізгі қызметі мен жұмысы – кампанияның имиджін қалыптастыру ғана емес, жақсы жағынан таныту мен жағымды пікір қалыптастыру арқылы аудитория немесе тұтынушылар арасында көрі байланыс орнату (<https://qamshy.kz/>).

- Шы, -ші журнақтарының көмегімен кәсіп иесі, іс әрекет орындаушысын білдіретін жаңа зат есімдер пайда болды.

Мысалы: *инстаграмши* (ағылш. «instagram» – әлеуметтік желінің бір түрі); *хайпиши*, орысша – хайпер (hype ағылшын сөзі, мағынасы тұтынушының қалауын қалыптастыруға бағытталған агрессивті жарнама).

Агрессивті жарнаманың атавы жүрттың назар аудару үшін алдау немесе құлыш дегенді білдіретін сөзден шыққан); *скайпиши* (ағыл. skype – «компьютерлердің арасындағы Интернет арқылы мәтіндік, дауыстық байланысты және бейне байланысты қамтамасыз ететін жабық коды бар тегін бағдарламалық қамтамасыз ету»); *спамиши* (ағыл. spam – «коммерциялық және басқа жарнамаларды немесе басқа да хабарлардың түрлерін оларды алуға ниет білдірмеген тұлғаларға тарату»); *компьютерші* (компьютер саласының маманы), *медиашы* (медиа қызметкері) т.б.

Орыс тіл білімінде зерттеуші В.В. Лопатин мұндай будан аталымдардың мағынасында зат немесе оның белгісінің басқа бір зат немесе оның белгісіне қатынасы болатынын дәйектейді [88].

*Мейкапши* будан аталымының пайда болуын қарастыра отырып, соңғы жылдары тілімізге енген мейкап (make up – «грим, косметика, аксессуарлар») сөзіне назар аудару қажет, оның баламасы қазақ тілінде «әрлеу» сөзі болып табылады. «Make up» лексикалық бірлігі транслитерация арқылы бейімделу процесін өтеді: make up-мейк ап (мэйк ап)-мейк-ап (мэйк-ап)- мейкап (мэйкап), ол «ир» (ағылш. «up» – жоғары) сөзінің сөздің құрылымдық элементіне айнала отырып жасалғандығын аңғартады.

Дерексіз атауларды құрудағы белсенділік экстралингвистикалық факторлармен (техниканың дамуымен, компьютерлендіру, интернет дәүірімен және т.б.) байланысты. Мысалы, *брендеу*, *брендтік*, *демпингтеу*. Айналысып жүрген салаңыздан бөлек, қосымша тағы да бизнесіңізді дамытуға мүмкіндік бар. *Мәселен, мейрамхана ашу*. Сізде «*жеке бренд*» болғандықтан, мейрамхана бизнесінде жетістікке жету қыынға соқпайды. Ұлттық мінездің, салтымыздың байлық пен беделден жоғары тұруы – міне, «*қазақ бренди*» осы.

Содан кейін *демпингтеу* бұл коммерциялық тәжірибе болып табылады, өнімді негұрлым төмен бағамен сатып, халықаралық рынке тиімдірек бәсекелесу мақсатында оны өндіруге жұмсалған шығындар.

-лық, -лік, тық, -тік, -дық, -дік жүрнақтарының қөмегімен *спичрайтерлік* (ағыл. speech-writer – «сөзжазушы», мемлекеттік қайраткерлер, саясаткерлер және т.б. үшін сөз құрастыруши), *мейкерлік*, *рерайтерлік*, *копирайтерлік*, *блоггерлік*, *диджейлік* және т.б. лексемалары жасалған. Мысалы: Егер Сізде жарнамаларды жазу таланттыңыз бар болса және жарнамалық орталардың кең ауқымы үшін шыгармашылық ойдана алатын болсаңыз, сіз **копирайтерлікте еркін турде жұмыс істей аласыз!** (<https://kk.chalized.com/>). FPC ұсынған АҚШ сапары: *блоггерлік* институтын ұштау талпынысы. Дыбыстар әлемімен жүртшылық арасындағы дәнекер диджей Максим Степанов өз кәсібін осылай деп түсінеді. «*Диджейлік* – бұл бүтін бір өнер» – дейді Максим.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тік, -тық жүрнақтары арқылы будан терминдер жасалады: *медиалық өнім*, *оффшорлық кеңсе* (ағылшын «offshore» – жағалаудан тыс). Оффшор лексемасы (ағылш. әлемдік қаржы орталықтарын, компанияларды және қаржылық операциялардың кейбір түрлерін белгілеу үшін қолданылатын термин. Осы кірме негіз берілгенде де *оффшорлық* фирмаларды тіркеуге мүмкіндік бар. *Оффшорлық* компания тек салық шығынын азайтуға ғана емес, шетелдік компанияның атынан келісімді жүзеге асырып, шетелдік банктердегі несие қорларына қол жеткізе алады.

Кез келген ғылым саласының терминологиялық жүйесіндегі терминдердің құрамы сын есім, үстеу т.б. сөз таптарынан болатыны белгілі. Қазіргі терминжүйеде -лық сын есім тудырушы жүрнағы арқылы жасалған будан терминдерді көптеп кездестіреміз. Мысалы: *абсолюттік*, *позитивтік*, *психикалық*, *факторлық*, *вестибулярлық*, *бисцеральдық*, *патологиялық*, *дистанттық*, *референттік*, *рефлекстік*, *ассоциациялық*, *информациялық*, *оптикалық*, *аутогендік*, *сенсорлық*, *гностикалық*, *психикалық жаракат*, *экологиялық* үстемеңдік, *әлеуметтік* диалект, *әлеуметтік* диалектология, *лексикалық* бірлік, *логикалық* екпін, *морфологиялық* бірлік, *синтаксистік* бірлік, *фонетикалық* бірлік, *фонетикалық* дыбыстаңба, *фонологиялық* дыбыстаңба, *фразалық* екпін, *фразеологиялық* бірлік, *авторлық* аударма, *авторлық* баяндау, *авторлық* қаламақы, *авторлық* қолжазба, *авторлық* қолтаңба, *авторлық* мәтін, *авторлық* түпнұсқа, *авторлық* түсініктеме, *агартушылық* реализм, *азаматтық* лирика, *академиялық* басылым, *академиялық* стиль, *әлеуметтік*

лирика, ғашықтық эпос, дикторлық мәтін, ерекше құқықтық режим, техникалық шыгармашылығы, дамытудың биогенетикалық тұжырымдамасы, дәстүрлі педагогикалық әдіс, естің биохимиялық теориясы, жалпылама психикалық құбылыстар, жаңаша педагогикалық ойлау, жас ерекшелік симптом кешені, жастардың демократиялық қозғалысы, жеке адамдық компонент, жоғары аттестациялық комиссия, жоғары психикалық функциялар, жоғары техникалық оқу орны, зерттеудің математикалық әдістері, көркем шыгармашылық психологиясы, қос faktorлық теориясы, мектептің педагогикалық кеңесі, мидың динамикалық оқшаулануы, т.б. осы сияқты будан терминдердің бір компоненттері сын есіммен берілген.

Кірме негіздерге -лылық, -лілік, -тылық, -тілік төлтілдік жүрнақтарының жалғануы арқылы ликвидтілік, мультимедиялық, креативтілік сияқты будан аталымдар жасалады.

Тілдік материалды талдау көрсеткендей, сын есім түрінде атау жаңа семантикалық компоненті бар сөз тіркестерін оңай қалыптастырады, жалпы лингвистикалық және мәдени жағдайды көрсетеді, осылайша валенттіліктің ауқымды мүмкіндіктерін көрсетеді: брендтік (интернет, дүкен, белбеу, трикотаж, сток, костюм, смартфон, тауар, зат, киім, сөмке, аяқ киім, косметика, көйлек, іш киім, пальто және т.б.); инженерингтік (орталық, холдинг, инкубатор, департамент, компания, фирма, топ және т.б.); клирингтік (орталық, үй, код, банк, операция, компания, қызмет, жүйе, қызмет, палата, келісім, агенттік, қызмет көрсету, жабдық, қамтамасыз ету және т.б.); лифтингтік (массаж, крем, гель, күтім, макияж, маска, жүйе, сарысу, компания, тарақ, май, құрылғы, орау және т.б.); лизингтік (калькулятор, брокер, шарт, әдіс, конфискат, үй, қор, брокер, кредит, төлем, компания, қызмет, операция, мүлік және т.б.); имидждік (телефон, сайт, ноутбук, ролик, жоба, мәтін, буклет, жарнама, өнім, фотосессия, мақала, саясат, бағдарлама, бейне, агенттік, кино, сұхбат, іс-шара, фото, бейне, және т.б.).

Орыс тіл біліміндегі «тілдегі бөгде сөздер» проблемасын қарастырған Е.В. Маринованың атап көрсетуі бойынша: «орыс тіліндегі шет тілінен енген кірме лексикаға жататын көптеген сөздер сыртқы белгілермен де, сөзжасам ерекшеліктерімен де ерекшеленбейді. Олар тілде қолданылып жүрген сөзжасамдық тәсілдермен жасалады және лексикалық мағынасы бойынша – төл сөздерден өзгеше емес, мысалы: магазин, проба, суп, морс, паркет, лампа және т.б. шет тілден сөз алу процесінде қолданылатын шет тіліндегі сөздер орыс сөзжасамдық морфемаларымен байланысқан, мысалы, шет тіліндегі түбір + көне жүрнак» [73].

Төлтілдік аффикстердің көмегімен жасалған негіздер орыс тілінің сөзжасамдық процестеріне белсенді түрде қамтылып, тілдің деривациялық әлеуетінің ғана емес, сонымен қатар белгілі мәдени-тілдік үрдістердің көрінісі болып саналады.

О.Г. Щитова өзге тілді неологизмдер тіл жүйесіне кіре отырып, оның сөзжасау деңгейінің әсерін сезініп және олардың деривациялық белсенделілігі

нақты сөзжасам үлгілері мен типтерінің өнімділігінің көрсеткіші болып табылатынын мәлімдейді.

«Жаңа ксенолексиканың сөзжасамдық ассимиляциясы жалпы игерудің қосалқы белгісі бола отырып, оның реципиент тілде белгілі дәрежеде игерілетінін дәлелдейді. Ксенолексиканың игерілу дәрежесі туралы келесі сөзжасам критерийлерін: шет тілдегі неологизмдердің морфологиялық-сөзжасамдық тұрғыдан жаңа сипат алуы; сөздердің топтастырылу дәрежесі; олардың бір типті құрылымдық туындылар жүйесіне қосылуы; деривациялық белсенділік сияқты кешенді кriteйлерді қолдана отырып, бағалауға болады» [89, с.15].

Будан термин жасауға қатысатын жұрнақтар шығу тегіне қарай төлтілдік жұрнақтар және кірме жұрнақтар деп бөлінеді. Құрамына қарай дара және құранды жұрнақтар түрінде кездеседі. Төлтілдік жұрнақтар өз ішінде дара және құранды болып жіктеледі.

### **Дара жұрнақтар:**

-лі, -лы, -ды, -ді, -ты, -ті: *авторитарлы, вегетативті, дискурсивті, имплицитты, менталды т.б.*

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: *идеологиялық, авторлық, генеологиялық, инфляциялық, физикалық т.б.*

-ши, -ші: *аукционшы, алиментші, террорышы, электриші, плашиаты т.б.*

### **Құранды жұрнақтар:**

-та+у, -те+у, -да+у, -де+у, -ла+у, -ле+у: *акциялау, визуалдау, декодтау, ламинаттау, реабилитациялау т.б.*

-тан, -тен, -дан, -ден, -лан, -лен, +дыр (дір, тір, тыр)+у: *автоматтандыру, индустряландыру, компьютерлендіру, электрлендіру т.б.*

-дыр, -дір, -тыр, -тір +ыл(іл)+ған (ген, қан, кен): *авторизацияланған, ыодтталған, рафинирленген т.б.*

-ла, -ле, -да, -де, -та, -те+у+ші: *иондаушы т.б.*

-ты, -ті, -ды, -ді, -лы, -лі+лық (-лік, -дық, -дік, -тық,-тік) *экспрессивтілік, модальділік, мобильділік, валенттілік, индуктивтілік т.б.*

### **Кірме жұрнақтар:**

-гер, -кер: *мердігер;*

-хана: *емхана, тойхана, дәріхана, құдахана.*

Қазіргі қазақ тіліндегі будан аталым жасайтын неғұрлым белсенді сөзжасамдық құбылыстарға кірме негіздердің төлтілдік жұрнақтар жалғану арқылы тілге бейімделу процесін айтудымызға болады.

## **2.2 Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер**

Орыс ғалымы А.В.Суперанская аналитикалық тәсілді синтаксистік тәсіл деп атайды және мынадай анықтама ұсынады: «Термины-словосочетания по количеству занимают одно из первых мест почти в любой отраслевой терминологии. Этот традиционный способ создания специальных наименований в словообразовании современной русской терминологической лексики также занимает ведущее место. Терминам словосочетаниям отдается предпочтение в силу того, что они способны с наибольшей полнотой отразить

необходимые отличительные признаки именуемого понятия. Терминами словосочетаниями легче, чем другими словообразующими средствами (аффиксами, например), передать принадлежность классификационному ряду, основанному на родовидовом соотношении понятий» [90, с.131-132].

Қазақ тілінің терминжасам жүйесіндегі аналитикалық тәсіл – белсенді қолданылатын тәсілдердің бірі. «Терминжасамның аналитикалық тәсілі» атты мақалада аналитикалық тәсілге мынадай анықтама берілген: «Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады» [79].

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерге тән бір ерекшелік олар қанша сөзден құралса да, бір лексикалық мағынаға ие болады. Бұл қасиет будан терминдерге де тән.

Көпқұрамды будан терминдердің мағынасына талдау жасауда олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасала отырып, құрделі құрылымдармен келетін түрлерін кездестірдік. Сонымен қатар аналитикалық тәсіл арқылы жасалған әртүрлі құрылымда келген будан терминдердің барлығы терминжасам заңдылығына сәйкес жаңа бір мағынаға көшеді. Бұл тәсілмен жасалған будан терминдер терминологиялық жүйенің кез келген саласынан орын алады. Аталған тәсілмен жасалған будандардың бірнеше түрлері бар: біріккен будан терминдер, қосарланған будан терминдер, тіркескен будан терминдер және аббревиат будан терминдер.

Аналитикалық тәсілдің сөздердің қосымшасыз, жалғаусыз, орын тәртібі, интонация және шылаулар арқылы байланысатыны белгілі. Бұл тәсіл будан терминдер жасауда өнімділік танытқанын байқаймыз.

Мысалы:

*биоөнім* – био (грек. bios «өмір») + өнім (қазақ. «жасаған зат, өнім»);

*биотоп* – био (грек. bios «өмір») + топ (грек. topos «орын») – «тіршілік ету орны» мағынасында;

*вафлиқалып* – вафли (орыс. вафля ← нем. waffel) + қалып (қазақ. «форма, шаблон, қалып»);

*видеожады* – видео (ағылш. video ← лат. video «көремін») + жады (қазақ. «есте сақтау қабілеті, жад»);

*газтұтік* – газ (ағылш. gas ← нидерл. gas, алғашқыда грек. chaos ұғымынан да таралуы мүмкін) + тұтік (қазақ. «құысты ұзын зат, труба»);

*изотоптар* – изо (грек. iso «тең, бірдей») + топ (грек. topos «орын»), «изотоп» бастапқыда «элементтің атомдық орны бірдей» мағынасында;

*криптоталдама* – крипто (грек. kryptós «жасырын») + талдама (қазақ. «талдау» + «-ма» заттандыруышы жүрнақ);

*микроәлем* – микро (грек. mikrós «өте кішкентай») + әлем (қазақ. «дүние, әлем»);

*мегагалам* – мега (грек. mega «аса үлкен, зор») + галам (қазақ. «әлем, вселенная»; түп-төркіні араб-парсылық «alam»);

*микротұтішелер* – микро (грек. mikrós «кішкентай») + тұтік (қазақ. «тұтік, трубка») + -шелер (көптік-ұсақтық мән беруші қазақ жүрнақтары);

*түсблок* – түс (қазақ. «color») + блок (ағылш. block ← фр. bloc);

**қайтарымпұл** – қайтарым (қазақ. «қайтару, кері қайту» + «-ым» заттық жүрнағы) + пұл (парсы. pul «ақша»);

**радиобайланыс** – радио (лат. radius «сәуле» → ағылш. radio) + байланыс (қазақ. «коммуникация, хабарлама»);

**нанобөлшек** – нано (грек. nanos «ергежейлі», өте кіші, ұсақ) + бөлшек (қазақ. «бөлу, бөлшек» ұсақ зат);

**нитроқосылыстар** – нитро (лат. nitrum, фр. nitre, химияда «азот тобы» мағынасындағы формант) + қосылыс (қазақ. «бірігу, құрам») + «-тар» (көптік);

**бактерияжегілер** – бактерия (грек. baktérion «таяқша» ← биол.«бактерия») + жегі (қазақ. «жеген, жейтін, құртушы») + «-лер» (көптік);

**электртерістік** – электр (грек. elektron «янтарь») + теріс (қазақ. «жағымсыз, негатив») + «-тік» (қазақ тілінде қасиет/абстракт мән беруші жүрнақ). Біріккен будан терминдер көбінесе термин жасауға негіз болатын, терминдік мәні бар терминбөлшектер арқылы жасалады. Мұндай терминбөлшектер төлтілдік немесе кірме болуы мүмкін. Қазақ тіліндегі біріккен будан терминдер құрамында грек, латын, араб, парсы тілдерінен енген терминбөлшектер көп кездеседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі бірігу тәсілі арқылы будан термин жасайтын терминбөлшектерге *агро*, *аэро*, *био*, *демо*, *метео*, *видео*, *эко*, *фото*, *теле*, *мульти*, *микро*, *евро*, *ксеро*, *кино*, *инфра*, *электр*, *VELO*, *аудио*, *авто*, *авиа*, *зоо*, *ультра*, *анти*, *транс*, *ауто*, *изо*, *инфра*, *макро*, *медиа*, *метро*, *моно*, *этно*, *гео*, *гидро*, *гипер*, *дендро*, *ион*, *квази*, *кибер*, *нарко*, *метта*, *мега*, *мед*, *мезо*, *ферро*, *эн ergo*, *мото*, *нано*, *мульти*, *термо*, *пиго*, *пневмо*, *поли*, *пост*, *радио*, *суб*, *супер* т.б. кірме морфемалары жатады.

Біріккен будан термин жасайтын кірме терминбөлшектер арқылы жасалған будан терминдерді тәмендегі кестеден көруге болады (2-кесте):

Кесте 2 – Біріккен будан терминдер

Терминбөлшек	Будан терминдер
авто	автожол, автотұрақ, автоапат, автобекет, автокөлік
агро	агромәдениет, агрокалашық, агроенеркәсіп, агросаясат
аудио	аудиокітап, аудиоойнатқыш, аудиохабарлама
био	биоөнім, биотағам, биоқалдық
VELO	VELOшабандоз, веложарыс, велобәйге, велошеру, велосаяхат
видео	видеоақпарат, видеоұдеткіш, видеокөшірме
гео	геосаясат, геоаумақ
газ	газалым, газжұтқыш, газқұбыр
гидро	гидрожүйе, гидроокшаулау

## 2-кестенің жалғасы

1	2
гипер	гипермәтін, гиперсілтеме, гипержазықтық
евро	евроодак, евроаймақ, еврожөндеу, евродода
зоо	зообақ, зоодүкен
изо	изокүй, изосызық
ион	ионёткізгіш, ионалмастырғаш
инфра	инфрақызыл, инфрадыбыс, инфрақұрылым
кибер	киберқауіпсіздік, киберқарақшы, кибершабуыл
кино	киноөндіріс, киножоба, кинотаспа, киномұрагат
квази	квазибөлшек, квазимемлекет
медиа	медиақаралық, медиажоспар, медиаорталық
мета	метатаным, метамәтін, метатіл
микро	микроағза, микроденгей, микроқұрылым
макро	макроқұрылым, макросұраныс, макроамал
нано	нанобөлшек, наноқұрылым, наноұнтақ
термо	термокілем, термоөлшеуіш
радио	радиоактивтілік, радиоқондырығы
суб	субқоржын, субөнім
супер	суперөнім, супербөлшек, супербаға

Терминбөлшектердің көмегімен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған біріккен будан терминдер ғылыми еңбектерде композиттер деп те аталады [91, б. 55-56].

Жоғарыда көрсетілген кірме терминбөлшектерден басқа төлтілдік терминбөлшектер де будан термин жасауға қатысады. Төлтілдік терминбөлшектер арқылы жасалған будан терминдерге мынадай мысалдар келтіруге болады:

**әуе** – *әуебилет, әуекеросині, әуекомпания т.б.*

**әсіре** – *әсіретолеранттылық т.б.*

**бейне** – *бейнекамера, бейнеклип, бейнеконференция, бейнекі фильм;*

**жалпы** – *жалпыкомандалық.*

Бұл мысалдардан байқағанымыздай, төлтілдік бірқатар терминбөлшектер де біріккен будан термин жасауға негіз бола алады. Сондықтан осындай төлтілдік терминбөлшектерді ұлттық терминжасамда кеңінен қолданып, жаңа терминдер жасау алғағы күннің міндеті болып саналады.

Орыс тіл біліміндегі сөзжасам процестерін зерттей отырып, ғалым Т.Б. Возбранная орыс тіліндегі гибридтердің жасалу жолдарына тоқталады: «Әртүрлі лингвистикалық компоненті бар күрделі модификацияланған сөздер – бұл лексикалық бірліктер тобы, олардың ерекше экспрессивтілігі сөзжасам тәсілінің ерекшелігімен, сондай-ақ осы түрдегі сөздердің құрамына кіретін элементтердің ерекшелігімен шартталады. Жаңашылдық, сергектік және

айқындық сезімін тудырады және оларды лексиканың ерекше түрі ретінде анықтауға мүмкіндік береді» [92, с.30-31]. Оның айтуынша, практикалық материалды талдау көрсеткендегі, қазіргі орыс тілінде өзге тілді компоненті бар курделі сөздер өте белсенді түрде қалыптасуда. Осындай модельдің бір түрі ретінде «о» дауыстысы арқылы біріккен «кірме негіз + біріктіруші о дауыстысы + төлтілдік түбір» моделін көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінен енген лизинг (ағылш. leasing < to lease – «жалға алу, жалға беру») *лизингодатель* ← *лизинг* + -о- + *датель*, *лизингополучатель* ← *лизинг* + -о- + *получатель* сияқты екінші компоненті бар композиттер құруға қатысады.

**«Префикс + түбір/негіз» моделі.** Орыс тілінде сөз тудыруши, форма тудыруши қосымша морфемалардың бірі ретінде сөз алды қосымша префиксстер деп аталады. Префикс дегеніміз түбірдің алдында тұратын сөзтудыруши, форматудыруши морфема. Мысалы: *вы-ход*; *делать* – *с-делать* т.б. Орыс тілінде сөз алды қосымшалар (префикстер) кейде сөздің грамматикалық, лексикалық мағынасын да өзгертеді. Мысалы: *на-писал*, *пере-писал* т.б.

Ал қазақ тілінде сөз алды қосымшасы жоқ, тек кірме сөздерде *-на*, *-би*, *-бей* сияқты сөз алды қосымшалары кездеседі және олар тек болымсыздық мағынаны білдіреді.

Бұл модельмен жасалған будан терминдерді біз аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан түзілімдерге жатқыздық. Ғалым Б.Момынова будан сөздердің жасалуы туралы мақаласында осындай құрамда келген будан сөздерді біріккен сөздер деп таниды [8]. Себебі, қазақ тілінде сөз алды қосымшасы жоқ болғандықтан, префиксoidтармен бірігіп жасалған терминдерді біріккен сөз тұлғасындағы будан терминге жатқызамыз.

Тіліміздегі будан сөздер жөнінде Ш. Құрманбайұлы: «Бүгінгі уақытта бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар саны күрт өсті. Бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамада және жалпы тілдік қатынаста осы типтегі бірліктерді пайдалану өте жиілеп барады. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Ондай сөздер тіл білімінде гибрид сөздер деп аталады. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді «будан» деген баламамен атап жүр» [1, б.766], – дейді. Ғалым будан терминдерді терминбөлшек ұғымымен байланыстыра келе, олардың халықаралық терминдерді жасайтынын айтады. Терминбөлшекке мынадай анықтама береді: «Терминбөлшек дегеніміз – әдетте терминнің құрамында бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтанған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі» [1, б.767]. Ш. Құрманбайұлы будан терминдерді термин жасаудың бір тәсілі деп есептейді. Сондай-ақ, будан термин жасауға қатысатын *авиа*, *авто*, *микро*, *аэро*, *зоо*, *контр*, *ультра*, *микро*, *макро*, *моно*, *мото*, *нейро*, *нео*, *поли*, *транс* т.б. 35 түрлі терминбөлшекті атап көрсетеді [1, б.767].

**Бей** префиксі. Бұл префикс араб, парсы тілдерінен енген. Сөз алдында тіркесе келіп жаңа сөз жасайды: *бейресми*, *бейсаналық* т.б. Қазіргі уақытта тілімізге сіңісп кеткен бұл префикс қазақтың төл сөздерімен қатар, орыс тілінен енген кірме сөздерге де тіркесіп келіп сөз жасауға қатысады: *бейпартиялық*, *бейфенитті тұлға*, *бейтерминдену* т.б.

Бей префиксімен жасалған жаңа терминдерді талдай келе, ғалым Қ. Есенова: «Тілімізге парсы тілінен енген бей префиксі арқылы жасалып, әбден орнықсан, тыңдаушыға толығымен түсінікті *бейтанаис*, *беймәлім*, *бейтарап* сияқты сөздердің бар екені белгілі. Соңғы 15-20 жылда осы үлгімен жасалып, тілдік айналымға еніп, тұрақтанған *бейресми*, *бейберекеттік*, *бейтілдік* сияқты сөздерді ерекше атауға болады. Осы сөз формаларының қайсысын алсаңыз да бей префиксі білдіретін *болмау*, *тыс болу*, *теріске*, жоққа *шыгару* сияқты кері мәндерді жеткізе алатын сын есімнің – сыз/-сіз жүрнағын қабылдамайды. Мүмкін тілдік жүйеге салып, таза форма тудыру мақсатымен оларға осы тұлғаны қосып көруге болатын шыгар, бірақ сөзжұмсамдық (речь) норма тұрғысынан ешқандай талапқа сай болmas еді» [93, 6.64], – деген тұжырым айтады. Ғалым аталған префиксіндегі көмегімен жасалған жаңа атаулардың уәжділігі күшті екенін атап өтеді.

Ал орыс тілі арқылы енген авто, агро, макро, квази префикстері көптеген жаңа терминдерді жасауға қатысады. Мұндай аталымдар қатарына *автомербеліс*, *автомұрақ*, *автокөлік*, *автожелі*, *автоқұрылғы*, *автоқондырғы*, *автожол*, *агроөнеркәсіп*, *агроазық*, *агрожүйе*, *агрокешен*, *макродуние* (*макромир*), *макроорта*, *макроқондырғы*, *макроудеріс*, *макроясинақ*, *макросұраныс*, *макросаясат*, *макроМарыши* (*макрокосмос*), *микроагза*, *микрокөшірме*, *микротолқын*, *микротербеліс*, *микроясинақ*, *микроорта*, *микроясинақ*, *микросаялау*, *квазибөлшектер*, *квазиоптика*, *квазипайда*, *геосаясат* (*геополитика*), *этносаяси* (*этносаяси жағдай*) сияқты аталымдарды жатқызамыз.

Мысалы: *Өз тарапымыздан тіркеуши мәліметтерді терминологиялық сөздіктің қолданысына, таралуына әсер ететін мәліметтер ретінде базалап, әлемдік терминографияда микроказылымга жататын осындай ақпарат беруші сөздік құрылымының бар екендігін атап өтеміз.*

Тілімізде пайда болып жатқан будан аталымдарды қарастыру барысында олардың тәмендегідей кірме префикстер арқылы жасалғанын аңғарамыз.

**Анти** префиксі грек тілінен шықсан. Будан аталымдардың жасалуындағы өнімді сөзжасамдық элемент болып табылады. Жалпы мағынасы – қарама-қайшылық.

Бастапқыда бұл префикс тек латын және грек негіздерімен біріктіріліп гибридті туынды негіздер жасаған болатын: *antivirus*, *antipode*, *antiklimax*, *antiproton*, *antineutron*.

Қазіргі кезеңде анти префиксі арқылы тілімізде біршама будан аталымдар пайда болды. Әрине, олар тілімізге орыс тілі арқылы енді. Мысалы, *антидене*, *антидагдарыс*, *антитаңкестік*, *антидіріл*, *антизаттек*, *антитіркендердіргіш*, *антисоздырғыш*, *антитоп* және т.б.

**Антиденелер** қанның сарысуының 30% құрайды, өзінің синтезін стимулдеген антигендерден арнаулы байланысып гуморалдық иммунитеттің арнаулылығын қамтамасыз етеді.

Отырыс барысында депутаттар үкімет мүшелеріне сұрақ қойды. Нактырақ айтқанда Мәжіліс депутаты Өтемісов **антидагдарыс**

*баздарламаның дамуына байланысты үкіметтің ендігі шаралары қандай екенін сұрады.*

Келтірілген мысалдар қазақ тілінде анти префиксі қосылуы мүмкін негіздердің әртүрлілігін көрсетеді, бұл өз кезеңінде қазақ тілінің интернационалдануын, оның сөзжасамдық жүйесінің ішінде түрлі бөгдептілдік қабаттарының енуін көрсетеді.

**Экстра** префиксі «арнайы, ерекше» деген мағынаны беретін латын наречиесінен шыққан. Қазіргі қазақ тілінде зат есімдерге «қосымша» және «арнайы, ерекше» деген қосалқы мағынаны үстеп, орыс тілі арқылы тілімізге енген будан аталымдар құрамында қолданылады. Мысалы: *экстражүйе, экстравингвистикалық, экстрасенсорлық, экстрасистол* және т.б.

**Гипер** префиксі де грек тілінен шыққан. Өзі қосылатын зат атауына үлкейту мағынасын үстейді. Тілімізге орыс тілі арқылы *гипергендік, гипергеометриялық, гипертониялық, гипертрофиялық* сияқты сөздер енген. Қазіргі кезеңде тілдік қолданыста *гипердыбыс, гиперқозғалыс, гиперкешең, гиперқызмет, гипертізбек* сияқты аталымдардың бар екенін көздестіреміз.

Келтірілген мысалдар *гипер* префиксінің әртүрлі тілдердің негіздерімен, соның ішінде ағылшын тіліндегі сөздермен (*hyperdiscounter*) қосылып, аталым жасай алу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл бүгінгі таңда түрлі тілдердің элементтерін біріктіріп қазақ тілінің де интернационалдандыру үрдісінің дамуын көрсетеді. Мысалы қазіргі тілдегі ірі дүкен мағынасын беретін «гипермаркет» сөзі. Біз оны ірі дүкен деп қолданбаймыз, ағылшын тілінен енген нұсқасымен қолданамыз.

Түрлі тілдерде көздесетін осындағы параллельді үдерістер қазіргі әлемде тілдердің жаһандану үдерістеріне енгізілгендердің растап береді. Гипер префиксі төлтілдік негіздер, сондай-ақ бөгде тілдерден қазақ тіліне енген негіздермен қосылатын өнімді сөзжасам элементі болып табылады.

**Интер** префиксі. Тілімізде интер префиксі арқылы қолданылатын *интербелсенди, интернет, интерфейс, интербригада, интервокалдық, интерлингвистика, интерлингвистикалық, интерфикс, интерфиксалды* және т.б. сөздерді көздестіреміз.

**Мега** префиксі. Қазіргі қазақ тілінің кірме сөзжасам элементтеріне жатады және сындық сапаны немесе қасиеттерін күшету функциясын орындаиды. Біз mega префиксін түрлі негіздермен, ағылшын тілінен (*megaattractive, megasexy, megainteresting, megatrendy, megacool*) алынған негіздермен қосылып, қазіргі тілдік қолданыста жүргенін білеміз. Мысалы, тілде жиі қолданынылып жүрген аталымдар *мегабайт, мегаватт, мегагерц, мегалитикалық, мегарельеф, мегаскоп, мегаскопиялық, мегаспорт, мегатонна, мегаом, мегапилл* және т.б. Мега префиксінің төлдік негіздермен біріккен нұсқалары – *мегақұрылым, мегажоба*.

**Мета** префиксі. Бұл префикс те грек тілінен шыққан және ол қосылған негіздің қасиеті жоғары деңгейде екенін білдіреді. Мысалы, тілде қазіргі кезеңде *метабазис, метабиоз, метаболизм, метагалактика, металингвистика, металогика, метасоматикалық* сияқты сөздерді көздестіреміз. Ал төлтілдік негіздермен бірігіп қолданылатын *метаөңдеу, метамәлімет, метатұрақты, метатіл* деген аталымдар бар.

**Пост** префиксі. Латын тілінен шыққан, уақытша, кеңістіктік қатынас деген мағынаны білдіреді. Аталмыш префикс бойынша *постгумандық*, *постмодернизм*, *постпозиция* сияқты сөздерді кездестіреміз. Төлтілдік негізben біріккен *посткеңестік* деген аталымды ғана кездестірдік.

**Супер** префиксі. Бұл префикс те латын тілінен шыққан, бірегейлік мағынасын үстейді. Қазіргі қазақ тілінде *суперарбитр*, *супервизор*, *супергармониялық*, *суперлайнер*, *супермаркет*, *супрегенератор* сияқты кірме сөздер бар. Ал төлтілдік негізben бірігіп жасалған *суперсәнді*, *суперұстаным* будан аталымдарының қолданыста бар екеніне көз жеткіздік. Мысалы, *суперсәнді* *тиджак тар шалбармен бірге*, *керісінше*, *сіздің мінез-құлық ерекшеліктеріңізben де жақсы уйлеседі* (жарнамадан).

**Транс** префиксі де латын тілінен шыққан. Ол өзі біріккен сөзге қандай да бір кеңістікте түрін, қасиетін, өңін өзгерту деген мағынаны береді. Қазіргі қазақ тіліндегі шет тілінен енген сөздерде кездеседі. Мысалы, *трансагенттік*, *транслитерация*, *транслитерациялау*, *трансплантат*, *трансплантациялау*, *транспозиция* және т.б.

**Ультра** префиксі. Бұл префиксің де шығу тегі – латын тілі. Сындық белгінің күштейтілуі мағынасын береді. Тілімізде *ультрамикроскоп*, *ультравирус*, *ультрамикроскопиялық*, *ультрамикроскопия*, *ультратреакциялық* деген кірме сөздер бар. Төлтілдік негіздермен біріккен нұсқалары ретінде *ультрасүзгі*, *ультратражсогары*, *ультрадыбыс*, *ультрадыбыстық*, *ультракүлгін*, *ультракүлгінтолқынды*, *ультракүрүлым* сияқты будан аталымдарды атай аламыз.

**Кірме түбір/негіз + төлтілдік түбір/негіз моделі.** Бұл модель бойынша біріккен сөз тұлғасындағы, қос сөз тұлғасындағы және сөз тіркесі тұлғасындағы будан терминдер жасалады. Мысалы: *лизинг алушы*, *лизинг беруші*, *жабық есік форматы*, *ұлттық валюта* және т.б.

«Кірме негіз + төлтілдік негіз» модельіне сәйкес қос сөз түрінде көптеген терминдер жасалған: Ағылшын тілінен алынған флэш негізі *flash* – жарқыл, зерттелетін деривациялық модель бойынша композиттер жасауға қатысады: флеш-жинақ, флеш-жады, флеш-ойын т.б.

Орыс тілінде кірме сөздер сөздігіне *флеш-накопитель*, *флеш-игра*, *флеш-память*, *флеш-печать* сөздері кездеседі [72].

**Флеш-жады** – электрлі қайта бағдарламаланатын жадының жартылай өткізгіштік технологиясының түрлері. Мысалы: *Флэш жады EEPROM-қа қараганда әлдеқайда аз, сондықтан ол басым технологияга айналды*. Әсіресе тұрақты және ұзақ мерзімді деректерді *сақтау* қажет болған жағдайларда (<https://kk.atomiyume.com/flash>).

**Flash-ойын** – ActionScript тілінде әзірленген компьютерлік ойын. Flash префиксін ActionScript қолданатын қосымшаларды әзірлейтін ең көп тараған ортасының атына байланысты пайда болған. Браузерлік ойын түрінде кең қолданылады.

**Кірме веб** компонентінен *вебсайлау*, *вебсабак*, *вебхабарлама*, *вебқосымша*, *вебазірлеме*, *вебқызмет*, *вебсақина*, *вебқондырығы*, *вебмекенжай*, *вебнұсқа*, *веббасылым*, *веббаспа*, *вебкеңес*, *веббет*, *вебторап*, *вебқызметтер*

сияқты будан атальымдар жасалған. Ал екі негізі де кірме болып табылатын *вебдизайн*, *вебтрафик*, *вебхостинг*, *вебчат*, *вебдизайнер*, *вебдизайнерлік вебинтерфейс*, *вебкамера*, *вебконференция*, *вебмастер*, *вебсерфинг*, *вебтехнология* сияқты курделі тілдік бірліктер де біздің өмірімізге нақты енді.

*Арт* компоненті өнер саласына қатысты кірме сөздерде кездеседі. Мысалы:

*Арт-топ* – өз туындыларын бірлесіп жасайтын суретшілердің бірлестігі.

*Арт-объект* – өнер туындысы.

*Арт-деко* – архитектурада, сәнде және кескіндемеде пайда болған XX ғасырдың бірінші жартысындағы сәндік өнердегі ағым.

*Арт-Москва* – жыл сайынғы заманауи өнердің көркем жәрмеңкесі, 1996 жылдан бастап Мәскеуде өткізіледі.

*Арт-банкинг* – өнерге берілген инвестиция, өнерді қаржылық-консультациялық сүйемелдеу.

*Арт-рок* – музикалық жанр.

*Арт-терапия* – психотерапияның түрі.

*Арт* арқылы жасалатын «кірме негіз + төлтілдік негіз» будан терминдердің белсенді деривациялық моделінің бірі болып табылады. Мысалы, *арт-мәлімет* ← *арт* + *мәлімет*; *арт-оқиға* ← *арт* + *оқиға*; *арт-заманауилық* ← *арт* + *заманауи*; *арт-қогамдастық* ← *арт* + *қогамдастық*.

*Евро* префиксінің негізі евро – Европа сөзінің қысқарған атауынан шыққан. *Евро* төлтілдік негіздермен бірігіп будан атальым жасауда әлдеқайда актив емес. Бұл негіз көбінесе кірме негіздермен байланысып, курделі атальымдар жасайды. Мысалы: *еурокод*, *еурокоммерциялық*, *евровалюта*, *евронома* және т.б. Десек те, қазақ тіліндегі төлтілдік негіздермен байланысып, будан атальым жасайтын тұстары бар. Мысалы: *нарықтық* *евроарналар*, *евробелгі*.

Қазіргі БАҚ тілінде бір сыңары евро болатын тілдік бірліктер баршылық:

*Еуроқағаз* – төлем-несие құралы ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздар.

*Евроаймақ* – бірыңғай жалпыеуропалық валютаны айналымға енгізу.

*Еурожөндеу* – заманауи халықаралық тәжірибеде қабылданған нормаларға сәйкес тұрғын үйді аbatтандыру.

*Евроодақ* – қысқартылғаны, толықтай Еуропалық Одақ.

Н.С. Валгинаның айтуынша, «Тіл үнемі қозғалыс үстінде. Тілде ғана қоғам өмірінде болатын өзгерістер көрініс табады» [94].

Тілдегі жаңа будан атальымдардың пайда болуы қазіргі болмыстық құбылыстар мен жағдайлардың өзіндік көрінісі болып табылады. Хабар жүргізуі тілшілер шындықты философиялық және эстетикалық ұғынуға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық құрылымға да, тіл құралдарымен осы ұғынуды білдіру тәсілдеріне де жаңа нәрсе енгізеді. Көбінесе мұндай құралдар-жаңа туынды сөздер, жаңа мәндер, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың жаңаша бағалануы.

Қазір *еурожоба*, *евроодақ*, *еуромайдан*, *еврошенеуніктер* деген де сөздерді теледидардан жиі естіп жатамыз.

Тілдік бақылау барысында біз *euro* компоненті жеке тілдік бірлік ретінде қолданылатынын және күрделі сөздердің құрамына кіретінін көрдік. Даму процесінде *euro* сөзінің мағыналық-мазмұндық әлеуеті өзгереді, жаңа семантика қайта ойластырылып, өсуде. Бүгінгі күні *euro* сөзжасамдық ұясы одан әрі будан атальмдар жасауды жалғастырып келеді. Ол лексикалық жүйенің икемділігін, тілдің сөздік құрамын байытуға қабілетті екендігін, белсенділігі мен өміршендігін дәлелдейді.

Біріккен сөз тұлғасында да будан терминдер жасалады: *вебхабарлама*, *вебқосымша*, *вебазірлеме*, *вебқызымет*, *вебmekенжай* сияқты будан терминдер кірме *веб* компонентінен жасалған;

*евротур*, *евровалюта* т.б. будан терминдер *euro* – негізі (евро – Европа сөзінің қысқарған атауы) шыққан;

*спамкітап* будан атальмы спамкітап – спам + кітап (мұнда спам – ағылш. *spam* – ет консервілері үшін сауда белгісімен байланысты мәнді ауыспалы пайдалану, кейін-коммерциялық және басқа жарнамаларды немесе оларды алғысы келмейтін адамдарға хабарламалардың басқа түрлерін тарату мақсатында туған). Спамкітап – оларды сақтау үшін жасалған жарнамалық хабарламаларды автоматты түрде жіберу корпусы.

*Кибер* кірме негіздің де атальным жасау белсенділігі байқалады. Қазіргі тілде *киберқалқан*, *киберпыشاқ*, *киберқылмыс*, *кибермәтін*, *кибер әдебиет*, *киберсөзіс* т.б. будан түзілімдер кездеседі.

*Гидро* кірме негіздің будан атальным жасаушы қабілеті келесі атальмдардан байқалады: *гидроқысқыш*, *гидроқұлып*, *гидрооқшаулау*, *гидрожелі*, *соруши гидрожелі*, *кәріз гидрожелісі*, қотару *гидрожелісі*, *гидромеханикаландыру*, *гидробалга*, *гидросорап*, *гидрожетек*, *көлемді гидрожетек*, *гидрокүшеткіш*, *гидроұшақ*, *гидроскидтер*, *гидрожүйе* және т.б.

*Медиа* компонентті будан атальмдар да қазіргі тілімізде әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары тілінде көптеп кездеседі. Бұл *медиа-* тілдік бірлігінің жаңа екенін және оның қазіргі қазақ тілінде жаңа сөздерді жасауға белсенді қатысатынының айғағы. Мысалы: *медиаөнім*, *медиақоғам*, *медиамәтін*, *медиажоспар*, *медиаодак*, *медиабілім*, *медиабағдарлама*, *медиалық*, *медианарық*, *мультимедиалық*, *мультимедиалық жүйе*, *медиабаингтік*, *медиа-селлерлік* т.б.

Қазіргі тіліміздегі *медиа* компонентімен жасалған будан терминдердің көптігі және кең қолданыста болуы қазіргі қоғам табалына сай сұраныстардың әсері деп ойлаймыз.

*Медиа* компонентті лексемалар олардың қолданылатын кәсіби-ғылыми саласын көрсететін стилистикалық белгілермен сүйемелденеді: *медиажоспарлау*, *медиамәдениет*, *медиаөлшем*, *медиасауаттылық*, *медиақорғау*, *медиаделдал*, *медиаөнім*, *медиасынама*, *медиазерттеу*, *медианарығы*, *медиа технологиялар*, *медиакеңістік*, *мультимедиа-жүйе* және *мультимедиа өнімдері*.

Қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер композиттер деп аталауды. Композит будан терминдер «кірме негіз + төлтілдік негіз» атальным жасау моделі бойынша құрылады.

*Веб* компоненті арқылы *веб-баздарламашы*, *веб-сайлау*, *веб-сабак*, *веб-шолғыш*, *веб-қосымша*, *веб-күрылғы*, *веб-дизайн*, *веб-баздарлама*, *веб-баздарламалау* және т.б. тәрізді терминдер қалыптасқан.

Э.И. Мячинскаяның пікірінше, «ағылшын тілінің әсері морфологияда, синтаксиске де енеді: өзгермейтін зат есімдерінің саны артады және осылайша тілдердегі морфологиялық категориялардың аналитикалық (сөзден тыс) үлгісі күшейтіледі» [95].

Мысалы, жана *playstation* төмен базамен сатылып жатыр. Барлық мекемелерде *ксерокс* болуы шартты.

### **Қосарланған будан терминдер.**

Соңғы кезде бірінші компоненті препозитивті анықтау функциясы бар атау септігіндегі зат есім түріндегі белсенді будан неономинациялар пайда болды: *интернет-қолдау*, *интернет-қогамдастық*, *флеш-жады*, *флеш-жинақтаушы* және т. б.

Б. Момынова: «Қос сөздер моделі бар гибрид сөздер қазақ тіліндегі қос сөздердің қалыптасқан модельдеріне үнемі ұқсай бермейді. Компоненттерінің саны, реті, мағыналық үйлесімділігі, буын санына қарай орналасуы, дауысты дыбыстармен келетіндері алдыңғы орында тұруы сияқты ерекшеліктер үнемі сақталмайды» [8, б.50], – дейді.

Мысалы:

*блок-жарғы* – бір немесе бірнеше тұрақты реистерге ұшақтың жолаушылар салонының белгілі бір бөлігін жалға алу;

*веб-парапша* – веб (ағылш. web «тор, желі») + парапша (қазақ. «парақ», «бет» – «-ша» кішірейту/еркелету жүргіншілік);

*гамма-ыдырау* – гамма (грек. gamma – үшінші грек әрпі, ядролық сәулелену түрінде) + ыдырау (қазақ. «бұзу, бөлшектеу, тарау»);

*гид-аудармашы* – уакытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-акпараттық, үйымдастырушылық қызмет көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

*жоспар-карта* – каюта немесе купелердегі орындардың орналасу сызбасы;

*дейта-өнім* – дейта (ағылш. data «дерек, мәлімет», қазақша айтылуы «дейта») + өнім (қазақ. «жасаған зат, шығарылған бұйым»);

*интернет-зиянкестер* – интернет (ағылш. internet – interconnected network) + зиянкестер (қазақ. «зиян» + -кес етістік немесе заттық негіз + -тер көптік жалғауы);

*кэши-жады* – кэш (ағылш. cache «тез қолжетімді деректер қоймасы») + жады (қазақ. «есте сақтау, жад»);

*тег-сілтеме* – тег (ағылш. tag «таңба, белгі») + сілтеме (қазақ. «refer, нұсқау»);

*статус-есеп* – статус (лат. status «күй, жағдай» → ағылш. status, орыс. статус) + есеп (қазақ. «санақ, есеп-қисап»);

*сальдо-ағым* – сальдо (итал. saldo «қалдық, баланс») + ағым (қазақ. «ағу, жүргіп тұру, үзіліссіз қозғалыс»);

*ревизор-бағдарлама* – ревизор (орыс. ревизор ← лат. revisor «тексеруші, қайта қараушы») + бағдарлама (қазақ. «программа» сөзінің баламасы: бағыт + дар + лама).

### **Тіркескен будан терминдер.**

Қазақ тіліндегі будан терминдердің саны жағынан ең көп бөлігі тіркесу арқылы жасалады. Кез келген саладан тіркескен будан терминдерді көптеп кездестіреміз. Мысалы:

*үәкілетті орган* – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

*швейд дастарханы* – мейрамхана, кафелердегі өзіне-өзі қызмет көрсету түрі, ол келушілердің залға қойылған, ұсынылған тағамның кез келген көлемін өз таңдауы бойынша бірынғай орташа төлемге алудымен ерекшеленеді;

*шартсыз франшиза* – барлық жағдайларда сақтандыру өтемінен шегерілетін ең тәменгі шығыстардың белгіленген сомасы;

*шартты франшиза* – егер залалдың (келтірілген шығыстардың) мөлшері осы сомадан аспаса, сақтандыру өтемі төленбейді. Егер залал мөлшері осы сомадан көп болса, онда сақтандыру өтемі шегерусіз (сөзсіз франшизамен болған жағдайда) толық көлемде төленеді;

*иррационал өрнек* – иррационал (лат. irrationalis «ақылға сыймайтын», математикада «бөлшек түрінде жазылмайтын сан») + өрнек (қаз. «мат. expression» – бөлшек);

*иррационал сан* – иррационал + сан (қаз. «number» – сан);

*шығыс трафик* – шығыс (қаз. «сыртқа бағытталған») + трафик (ағылш. traffic «ағым, тасымал, қозғалыс»);

*капитал қамтымы* – капитал (лат. capitalis, ағылш. capital «негізгі қор, қаржы») + қамтымы (қаз. «қамту, үлес, қамтым»);

*қазы салат* – қазы (қаз. «жылқы етінен жасалатын ұлттық тағам») + салат (фр. «salade», орыс. «салат»);

*квадрат түбір* – квадрат (лат. quadratus «төртбұрышты», орыс. «квадрат») + түбір (қаз. «root» – түбір, мат.«radical» – радикал);

*женіл металл* – женіл (қаз. «салмағы аз») + металл (грек. metallon, орыс. «металл»);

*лимон қышқылы* – лимон (фр. citron «лимон», қаз. «лимон») + қышқылы (қаз. «acid») + (лат. citric acid – «цитрат»);

*бос радикалдар* – бос (қаз. free «еркін, босаған») + радикалдар (лат. radicalis «түбірлік»);

*нуклеин қышқылы* – нуклеин (лат. nucleus «ядро») + қышқылы (қаз. «acid»);

*виртуал шындық* (vr) 1) виртуал + шындық 2) жасанды (қаз. «artificial») + шындық;

*шығыс энергия* – шығыс (қаз. «сыртқа шығатын») + энергия;

*гамма (γ) ыдырау* – гамма (грек. gamma – ядролық сәулелену түрінде) + ыдырау (қаз. decay «бөлінүү»);

*гамма бөлшектер* – гамма + бөлшектер (қаз. «particles»);

*иілгіш диск* – иілгіш (қаз. «flexible») + диск (грек. diskos);

*гидроксил қосылыстар* – гидроксил (грек. *hydōr* «су» + *kys* «қышқыл») – \*οἱ тобы + қосылыстар қозғалтқыш нейрон – қозғалтқыш (каз. «қозғаушы, моторлық») + нейрон (грек. *neuron* «жүйке жасушасы»);

*табиғи иммунитет* – табиғи + иммунитет (лат. *immunitas* «қорғаныс»);

*жасанды интеллект* (жи) – жасанды (каз. «*artificial*») + интеллект (лат. *intellectus* «ақыл, саналы ой»);

*квадрат теңдеу* – квадрат + теңдеу (каз. «*equation*»);

*когерент толқындар* – когерент (лат. *co* + *haerere* «бірге байланысу», «үйлесімді») + толқындар;

*дөңгелек диаграмма* – дөңгелек (каз. «*circle, round*») + диаграмма (грек. *diagramma*);

*моноокуляр көру* – моноокуляр (грек. *mónos* «бір» + лат. *oculus* «көз») + көру (каз. «көру әрекеті»);

*ультракүлгін микроскопия* – ультракүлгін (лат. *ultra* «шегінен тыс» + каз. «*күлгін*» сөзінен) + микроскопия (грек. *míkros* «ұсақ» + *skopeo* «қарау»);

*күңгірт энергия* – күңгірт (каз. «қараңғы, түсі анық емес» «dark») + энергия;

*жұқа линза* – жұқа (каз. «薄, thin») + линза (лат. *lens* «бүршақ түйірі», оптикада «линза»).

Тіліміздегі тіркесу арқылы жасалған будан терминдердің құрамбөлікттері көбінесе матаса және қабыса байланысады.

**Қысқарған сөздердің қатысуымен жасалған будан терминдер тұзу «Аббревиатура + төлтілдік негіздер» моделі арқылы жүзеге асады.**

Кез келген тілдің лексикалық жүйесіне түрлі байланыстардың әсерінен бөгде тілдік бірліктермен толықтырылады.

Мәдениет пен тілдің қарқынды өзара әрекеті жағдайында реципиент-тіл донор-тіл тараапынан әртүрлі әсерге дайын болады, мұндай әсердің көріністерінің біріне қазак тіліндегі будан аталымдардың пайда болуын жатқыза аламыз.

Лингвистикалық зерттеулерде «графодериваттар» деп бір сөзде жасанды және кірме компоненттерді біріктіру дәйектеледі, атап айтқанда, осы түрдің будандылығы, әсіресе латын әріптерімен және кириллицамен жазуды біріктіруде айқын көрінеді.

Е.И. Голованова еңбегінде «*e-майл, i-нөмір, модель-сөздер, Clipper-бағдарламалар, DOS-бағдарламалар, USB-тасығыш, SD-карта, SQL-инъекциялар, символдық-әріптік-сандық белгілері бар атаптимдардың будандастырылған түрлері: MP4-плеерлер, 3D-үдемткіш, ASCII-файлдар*» [96] деген символ-сөздер термин ретінде қолданылған.

Ал ғалым О.А. Лазарева еңбектерінде «графикалық түрдегі дериваттарды идеофикстер» [97] деп беріледі.

Қазіргі заманғы неологиядағы жалпы қабылданған терминдер – графиксаттар, графоварианттар (графикалық нұсқалар), өйткені оларды ерекше классқа бөлудегі маңызды сөз графоорфографиялық формасының өзгеруі болып табылады.

Шет тілдік қысқарған сөздердің қатысуымен жасалған будан терминдер кей жағдайда ағылшын әріптерімен жазылады: *IBM-сәйкестікті*, *VIP-апартаменттер*, *VIP-банкинг*, *VIP-қонақ*, *VIP-бөлме*, *Web-хостинг*, *PR-компания*, *PR-шара*, *beauty-әлем*, *face-бақылау*, *flash-жады*, *make-up-сурет* және т.б.

Қазақ тілінде қолданылғанда өзгеріссіз жазылып жүрген аббревиаттарға мыналар жатады: *VIP* (ағылш. Very Important Person) – *VIP-бөлме*, *PR* (ағылш. public relations) – *VIP* (англ. internet protocol), *VIP* – апартаменттер, *VIP* – қызмет (сервистік), *VIP* – тур т.б. Кейде *V.I.P* деп жазу да кездеседі.

Жұмысымызда қысқартылған компонентті кірме және төлтілдік бірліктерден құралған графодериваттарды да қарастырдық. Мұндай дериваттардың кірме негіздерінің өзі түрлі композиттік нұсқаларда келеді. Мысалы: *PR-шы* (*PR*, ағыл. public relations – «қоғаммен байланыс» + -шы төлтілдік жүрнағы, мағынасы іс-әрекетіне байланысты адамзат атауын береді);

*PR-қой* (*PR*, ағыл. *public relations* – «байланыс» + төлтілдік жүрнақ -қой - мәнімен «тұлға» (өндіруші іс-қимылдың) уәждеуші зат есім аталған);

*IT-шы* (*IT*, ағыл. *Information Technology* – «Ақпараттық технологиялар» + -шы- әрекетті әрекет етуши тұлғага айналдырады); *VIP-тік* (*VIP*, ағыл. *Very Important Person* – «өте маңызды тұлға» + төлтілдік компоненттер/тік - (интерфиксстер-suffix-), «ұйымға қатысты, аббревиатурамен көрсетілген» мәні бар; *CD-ROMдік* (ағыл. *CD-ROM*, *Compact Disc Read-Only Memory* – «тек оқуға арналған жады бар шағын диск») және т.б. кірме қысқарған сөздер мен төлтілдік жүрнақтардың қосылуы арқылы жасалған будан атальмдар бұл бірліктердің тілге жылдам бейімделетінін байқатады. Яғни, төлтілдік аффикстердің жалғануы жолымен тіл жүйесіне бейімделуі кірме компоненттері бар бірліктердің негізгі сипаттарының бірі болып табылады.

Қысқарту арқылы жасалатын будан терминдер негізінен құрделі кірме сөздерден жасалады. «Аббревиатуралармен келетін гибридтер қысқарған сөздердің жаңа тобымен, яғни нанотехнологиялық, техникалық инновациялардың қысқарған атауларымен келеді. Бұрынғысынша мекеме, ұйым атауларының қысқарған түрлерінен бөлек арт-, спа- сияқты аббревиатуралар пайда болғанын айтуды керек» [8], – деген пікірлер мұндай будан термин түрлерінің көбінесе техника, инновациялық технологиямен байланысты атаулар екенін аңғартады.

Зерттеуші ғалымдардың пікірінше «белгілі бір номинацияны қолдану белсенділігі осы гибридті композиттің екінші негізін тиісті категориялық мәні бар жүрнақпен ауыстыруға әкеледі» [68]. Мысалы: *SMS-хабарлама* және *SMS*, *Sim-карта* және *Sim*, *USB-өткізгіш* және *USB* және т.б.

Ал кірме қысқарған сөз және төлтілдік негіз моделімен жасалған будан атальмдар төмендегідей жасалады:

*CD-өткізгіш*, *CD-ойнатқыш*, *CD-Rom* дискілері, *IBM-ұқсастық*, *IBM-үйлесім*, *PR-қолдау*, *VIP-қонақ*, *VIP-желі*, *VIP-жүлдөз*, *VIP-бөлме*, *VIP-қызмет*, *WAP-қолжетімділік*, *war-бет*, *Web-баспа*, *Web-құрылыш*, және т.б. атальыш мысалдар төлтілдік бірліктердің кірме қысқарған сөздермен оңай біріге алатынын байқатады.

Еліміздегі ғылыми-техникалық зерттеулерде көбіне қысқарған сөздер, яғни терминдер қысқарған түрінде қолданылады.

Айталық, жаратылыстану бағытындағы ғылым салаларында *ДНҚ* – дезоксирибонуклиеин қышқылы (*ДНК* – дезоксирибонуклеиновая кислота), *ЕПА* – етпептонды агар, (*МПА* – мясопептонный агар), география саласында *СГЖ* – су-газ жасары (*ВГК* – вондно-газовый контакт), *ШОЗ* – шашыранды органикалық зат (*РОВ* – рассеянное органическое вещество), геоаумақ (геозона), геобиосфера, гидрогеодинамика, геотехносфера, геожүйе (геосистема), зоогеография, медицина саласында биоыргақ (биоритм), кен ісі және металлургия саласында *ЖМ* – жарылғыш материалдар (*ВМ* – взрывчатые материалы), *ТЖМ* – тиеп-жеткізу машиналары (*ПДМ* – погрузочно-доставочные машины), *ТТМ* – тиеп-тасымалдау машиналары (*ПТМ* – погрузочно-транспортные машины), техника саласында *АЕМ* – аналогты есептеуіш машина (*АВМ* – аналоговая вычислительная машина), *АЖЖ* – автоматтандырылған жобалау жүйесі (*САПР* – система автоматического проектирования), *БӨА* – бақылау-өлшеу аспаптары (*КИП* – контрольно-измерительные приборы), *ЖТМ* – жерқазу-тасымалдау машиналары (*ЗТМ* землеройно-транспортные машины), *ҚЖМ* – құрылыш және жол машиналары (*СДМ* – строительные и дорожные машины), *ТШ* – техникалық шарттар (*ТУ* – технические условия), экология саласында *ГРШ* – гигиеналық рауалы шыгарынды (*ВГД* – выброс гигиенически допустимый), *СҚБ* – санитарлық сақтау белдемі (*ЗСЗ* – зона санитарно-защитная) т.б. қысқарған будан терминдерді мысал ретінде көрсетуге болады.

Техника мен ғылымның дамуына байланысты жаңа ұғымдар пайда болады, соған қатысты терминдер қалыптасады. Жаңа ұғымдардың көпшілігі сөз тіркестері немесе күрделі сөздер арқылы көрінеді, өйткені бұл терминдердің түрлері қажетті және жеткілікті белгілерді барынша толықтыры мен дәлдігімен білдіруге мүмкіндік береді. Бірақ терминдер күрделі сөздер мен сөз тіркестері көлемді, бұл олардың қандай да бір жолмен қысқаруына әкеледі.

Аббревиатура сөзжасам әдісі ретінде көптеген зерттеулерде қарастырылады. Процесс ретінде терминологиялық аббревиатура терминдердің пайда болу жолдарын иерархиялық сипаттауда ең төменгі деңгейге ие болғанымен, айқын прогрессивті тенденцияға ие және өте белсенді дамып келеді. Бұл нақты ғылыми тұжырымдамаларды қысқаша кодификацияланған түрде білдіретін терминологиялық аббревиатураlardы қолдануға байланысты.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы қысқарған терминдер турали: «Қысқарған атаулар тек қазақ тілінде жасалып қоймайды, олардың бірқатар бөлігі өзге тілдерден өзгеріссіз қабылданған қалпында қолданылады. Олардың өзге тілдерден қалай қабылданып, өз тілімізде қалай жасалып, қолданыс тауып жатқандығын анықтап, бұл бағыттағы жақсы үрдістерді үлгі ретінде ұсынып, кемшіліктерді түзету жолдарын көрсету тіл мамандарының тікелей міндеті. Осы тұрғыдан қарағанда кейінгі жылдары тілшілер қауымы тарапынан қысқарған сөздер мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбегені байқалады» [98, б.35], – дей келе, қазіргі тіліміздегі қысқарған терминдерді қолданудағы бірқатар кемшіліктерді атап өтеді. Мысалы:

«1. Сөз қысқарту кезінде де тілдегі дыбыстар тіркесімділігі, дауыстыдауысыз дыбыстардың бір-бірімен қатар тұру мүмкіндігі, олардың тарихи қалыптасқан орны ескерілмейді. Әйтпесе ҚӨТ(қаржы-өнеркәсіптік топтар), ОАӨAYO (Орталық Азиядағы өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы), БӨКЖА (бақылау-өлшеу құралдары және автоматика), ҚҚХКИ (Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты), ӨOAӘ (өлшемдердің орын алмастыру әдісі).

2. Басқа ұғымдарды білдіретін бірнеше күрделі атаулардың қысқартылған нұсқаларының бірдей болып шығуы.

3. Қысқарған сөздің толық нұсқасының жақша ішінде берілмеуі.

4. Қысқарған сөздерге қосымшалардың дұрыс жалғанбауы» [ 98, б.35-36].

А.В. Суперанская аббревиатура «күрделі және қысқартылған түзілімдердің барлық түрлерін біріктіретін сөзжасам әдісі» деп санайды. 40-жылдардың басында американцы ғылыми-техникалық әдебиеттерде «аббревиатура» термині «қарапайым сөзге үқсас аббревиатура» мағынасында пайда болды. Қазіргі заманғы аббревиатураның бір ерекшелігі – аббревиатура мен қарапайым сөздің омонимиясына бейімділік, яғни, аббревиатураның абсолютті «сөз ұқсастығы» [90, с.219-222].

Э.Ф. Скороходъко аббревиаттарды екі үлкен топқа бөледі: мәтіндік аббревиаттар және терминологиялық аббревиаттар [99].

Жасалу жолдарына байланысты аббревиатуралар бірнеше топқа бөлінеді. Атаулардың бастапқы әріптерінің жинағы арқылы көптеген ұғымдар пайда болады. Аббревиатуралар құрамындағы сөздердің алғашқы әріптерден жинақталған болса, әріптен құрылған немесе инициалды деп аталады. Мысалы, қазіргі таңда экономикалық реңкті қысқартуларға назар аударатын болсақ: *ЖІӨ-GDP* (жалпы ішкі өнім, ағылш. *gross domestic product*), *БИН* (баламалы инвестициялық нарық), *БИН- BIN* (бизнес-идентификационный номер, ағылш. *business identification number*) немесе *БСН* (бизнес сәйкестендіру номері), *ЕЭО* (Еуразиялық Экономикалық Одақ), *ЖСӨ*, *XВК*, *ЖШС* және т.б. құрамындағы сөздердің алғашқы дыбыстарынан жинақталған болса, дыбыстан құрылған, немесе акрофонетикалық аббревиатура дейміз: *АЕК* (айлық есен көрсеткіші), ал егер де аралас, құрамындағы сөздердің алғашқы әріптері мен дыбыстарынан жинақталған болса, әріп-дыбыс аббревиатура деп аталады: *ААҚ* (ашық акционерлік қоғам). Сонымен қатар тілімізде құрамындағы сөздердің алғашқы буындарынан жинақталған аббревиатуралар да аз емес. Олар көбінесе басқа тіл үлгілерін калькалау арқылы жасалған: *Қазком* (Қазақ коммерциялық банк). Будан терминдердің аббревиатуралар арқылы жасалуын зерттей келе, олардың төмендегідей түрлерін анықтадық:

1. Әріптік қысқарту түріндегі будан терминдер: *ЕЭО* (Еуразиялық Экономикалық Одақ), *ААҚ* (ашық акционерлік қоғам).

2. Буындық аббревиатуралар арқылы жасалған будан түзілімдер: *автокөлік*, *ұжымшар*, *КазТАГ*.

3. Әріптен немесе буыннан тұратын немесе толық сөзден тұратын ішнара аббревиатуралар: *SMS-хабарлама*, *ICQ-желі*, *WWW-парапша*, *J-қисығы*.

4. Аралас аббревиатуралардан болған будан терминдер: *ҚазҰПУ*.

5. Эріптер мен буындардан және сандардан тұратын аббревиатуралар: 3D-удеткісі.

Эріптік терминологиялық аббревиатуралар қысқартуларды құрайтын әріптердің атаулары немесе сол әріптерден тұратын сөз ретінде айтылады. Эріптердің атаулары ретінде айтылатын әріптік аббревиатуралар әдетте кіші немесе бас әріптермен нұктелермен немесе нұктесіз бас әріптермен жазылады: *ЖТЛ* (жоғары тығыздықтагы липопротеидтер), *ЯМР* (ядролық магниттік резонанс), *A.C.* (ассимиляциялық күш).

Біріктірілген қысқартулар нұктесіз кіші немесе бас әріптермен жазылады (кейде бірінші әріп бас әріппен жазылады, ал қалғандары кіші әріппен жазылады).

Әріптік терминологиялық қысқартулар тұрақты терминологиялық тіркесті немесе құрделі сөзді құрайтын сөздердің бірінші әріптерін бір сөзге біріктіру арқылы жасалады.

Кейбір жағдайларда ішінара қысқартулар қолданылады: *B-Cap cork seal* (кортикалды тығынды жабуға арналған герметикалық қақпак), *J-curve* (J-қисығы (жүрек-қан тамырлары ауруларының алкогольді тұтынуға тәуелділігі).

Қысқартылған сөздер жаргонда кең тараған, бірақ ғылыми-техникалық терминологияда өте сирек кездеседі. Олар әдетте жаргонда пайда болады, бірақ олардың кейбіреулері терминологияға енеді.

Кейде ішінара және сандық аббревиатуралар, қысқартылған сөздер кездеседі. Осылайша, сөзжасам саласындағы белсенді үрдістерді талдай отырып, аббревиацияны будан аталымдар жасауға қатысатын белсенді процестердің бірі ретінде тануға болады.

### **2.3 Будан терминжасамның аралас тәсілі**

Тіл білімінде бірнеше сөзжасамдық тәсілдің қабаттаса қолданылуы арқылы жасалған туынды сөздер аралас тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер деп аталады.

Тілімізде қолданылып жүрген будан терминдердің жасалу тәсілдерін зерттеп, саралауда синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен лексика-семантикалық тәсілдің араласа келуі арқылы да будан терминдер жасалатынын байқадық.

Демек, будан терминдер жасаудың тағы бір сөзжасамдық тәсілі аралас тәсіл болып табылады. Аралас тәсілдің бірнеше түрлері ұшырасады.

#### **Синтетика-аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер:**

*Статистикалық саяси тұрақтылық* (статическая политическая стабильность) – заң саласының термині, статистика (лат. status – «жай-күй»).

*Аkkредиттеу материалдарын актуализациялау* (Актуализация материалов аккредитации) – экономика термині, материал (māteria – «калғашқы зат, материя»), аккредиттеу (лат. accredo «сену») субъектісінің құжаттарына аккредиттеу атtestатын қайта ресімдеуге әкеп соқпайтын өзгерістер енгізу.

*Бокшиы орамы* (боксерский бант) – спорт саласының термині, (ағылш.boxing+нем.binde - «таңғыш») – мата жолағы, бокшылар және өзге спорттық жекпе-жектің өкілдері оны білек, жұдырық және саусақты жарақаттап

алмас үшін пайдаланады, сондай-ақ ол терді сіңіріп алады, бұл қолғаптың жарамдылық мерзімін арттырады.

*Геометриялық ою-өрнек* (геометрический орнамент) – өнер саласының термині (лат. ornemantum – «әшекей») – элементтері қайталанып келетін өрнек, әртүрлі заттарды (қару-жарақ, жиһаз, кітап және т.б.) әбзелдеуге пайдаланылады. *Штаттық лауазым* (штатная должность) – штат (нем. staat - «мемлекет») – нақты міндеттемелерді орындаумен байланысты ұйымдағы (мекемедегі, кәсіпорындағы) қызмет орны.

#### **Аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будандар:**

*Актин-байланыстыруыш нәруыздар* (актин - связывающие белки) – (грек. aktis «нәруыз») – актин филаменттеріне суббірліктердің қосылуы деңгейін реттеуді қамтамасыз ететін нәруыздар.

*Соқтығысып иондалу* (ударная ионизация) – ион (грек. ion – «жүріп келе жатқан») – кристалдардың дербес бөлігі ретінде немесе ерітінді құрамында, кейде газ түрінде ұшырасатын оң (катион) немесе теріс (анион) зарядталған атом (кешенді ион, яғни атомдар тобы).

#### **Аналитикалық-семантикалық тәсіл арқылы жасалған будандар:**

*Иrrационал өрнек* – иррациональное выражение (лат. irratīonālis – негізсіз, бейсаналық).

*Квадрат түбір* – квадратный корень (лат. quadratus – «төртбұрыш»).

*Квадрат үшмүше* – квадратный трехчлен (лат. quadratus – «төртбұрыш»).

*Этан (сірке) қышқылы* – этановая кислота (лат. ethanum, химиялық формула – С<sub>2</sub>Н<sub>6</sub> немесе НЗС – CH<sub>3</sub>).

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп біз жүрнақсыз, ешқандай сөз тіркесінсіз жаңа сөз құруды айтамыз. Мұндай жағдайларда сөзжасамның негізгі көзі – бұл жаңа сөз құруға лексика-семантикалық көзқарастың негізін қалайтын біздің тілімізде бұрыннан қолданылған жалпыхалықтық сөздердің мағынасында болатын әртүрлі өзгерістер. Лексика-семантикалық тәсіл – терминдерді қалыптастырудың бір әдісі. Оны басқа тәсілдермен салыстырғанда терминді құрудың негізгі әдісі ретінде бағалауға болады. Өйткені ұлт тіліне негізделген ғылыми терминдердің көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалған терминдер.

Ғылыми еңбектерде терминжасамның бұл тәсілі әртүрлі аталып жүр. Ғалым К. Мусаев терминжасамның бұл өнімді тәсілін халықтық лексиканың терминденуі деп атаса [100], Ә. Айтбаев бұл тәсілді мәністік тәсіл деп атайды [101]. Терминжасамның бұл тәсілі В.В. Иванов, О.П. Фролова, Г.Ц. Пюреев, А.В. Суперанская еңбектерінде терминологияция терминімен аталып жүр. Ал Ш. Құрманбайұлы оны терминдену деп атайды. Мысалы «толқын» лексемасы жалпыхалықтық тілде «желдің әсерінен теңіз, өзен етінің жал-жал болып тербелісі» деген мағына білдірсе» [102], ал ол лексема физика саласында термин болып, «тербелістің кез-келген ортада шекті жылдамдықпен таралуы» деген мағынаны (дефиницияға) білдіреді.

Сонымен сөздік қорымыздағы белсенді қолданыстағы «толқын» сөзінің мағынасы «желдің әсерінен», «теңіз (өзен) бетінің», «жал-жал болған», «тербеліс» деген сияқты 4 семадан болса, термин ретінде қолданылған

«толқын» сөзінде «тербеліс», «кез-келген ортада» (суда ғана емес), «шекті жылдамдықпен», «таралу» сияқты 4 сема байқалады. Екеуінің негізгі түп мағынасы – «тербеліс». Басқа семалар өзгеріп, жалпыланған (кеңейген) немесе нақтылана түскен. Жалпыхалықтық қолданыстағы тіліміздің терминденуі дегеніміз – осы. Яғни бұрын тек теңіз толқыны, толқын қүшейді деген сияқты тіркес құрамында қолданылып, қарапайым ұғымды ғана білдірсе, терминденгеннен кейін ол сөз механикалық толқын, электромагниттік толқын көзі деген тіркес құрамдарында қолданылып, ғылыми ұғымды білдіретін болды.

Жарық сөзі жалпыхалықтық тілде – «жарқыраған (жарық ай, жарық жұлдыз)», «қараңғы емес (жарық бөлме, жарық тұн)» деген мағына берсе, ол сөз физика термині ретінде «электромагниттік өріс өзгергенде пайда болатын (ұзындықтары 400 км-ден 780 км-ге дейінгі) электромагниттік толқындар» деген ұғымды білдіреді.

Терминдену үшін тек негізгі түбір сөз болуы міндепті емес. Тілімізде бұрыннан бар төл сөздер де, туынды сөздер де, біріккен сөздер де терминдене алатыны жайлы ғылыми еңбектерде айтылып жүр. Терминдену барысында мұндай сөздер жалпыхалықтық сөзден терминологиялық өріске аудиады.

Л.А. Капанадзе: «Терминдену дегеніміз – сөздің лексикалық мағынасын алып тастап, оған дефиницияны таңып беру» [103], – дейді.

Физика саласындағы лексика семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер туралы мақаласында ғалым С. Сарсенова: «Тілімізде бұрын жалпыхалықтық сөз болған, ал қазір физика ғылымының термині қызметін атқарып жүрген (терминденген) сөздердің саны біршама. Олардың қатарына бөлшек, дыбыс, жарық, кедергі, көлем, құш, қуат, өріс, сәулө, шама деген сияқты түбір сөздер мен ағын, аққыштық, ауырлық, беріктік, жылдамдық, кеңестік, қаттылық, қозғалыс, қондырғыш, қысым, өткізгіш, серпімділік, сұйық тартылыс, таратқыш, тербеліс, толқын, тұтқырлық, тығыздық, үйкеліс сияқты туынды сөздерді де, балқу, булану, жылу, кернеу, қайнау, сығылу, сыну, түйікталу, шашырау, ұдеу, үйкелу деген сияқты етістіктің қимыл атау формаларын да жатқызуға болады» [104, б.32], – деп көрсетеді.

Аталған лексика семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің будан терминдер құрамында қолданылуын ескерсек, лексика семантикалық тәсілдің будан терминдер жасауға қатысын жоққа шыгара алмаймыз» [104, б.32], – дей келе бірқатар физика терминдерінен мысалдар келтіреді.

Мысалы, физика саласындағы *космос сәулелері*, *рентген сәулелері*, *ультракулгін сәулелері*, *механикалық толқын*, *жарық дисперсиясы*, *жарық интерференциясы*, *жарық поляризациясы*, *жарық рефракциясы* сияқты будан терминдер лексика-семантикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Тіл білімінде бірнеше сөзжасамдық тәсілдің қабаттаса қолданылуы арқылы жасалған туынды сөздер аралас тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер деп аталағы. Демек, будан терминдер жасаудың тағы бір сөзжасамдық тәсілі аралас тәсіл болып табылады.

*Космос сәулелері* – әлем кеңестігінен жерге үздіксіз келіп жететін жоғары энергиялы бөлшектердің (негізінен протондардың) ағыны.

*Рентген сәулелері* – қысқа толқынды электромагниттік толқындар. *Ультракүлгін сәулелер* – рентген сәулелерінің ұзын толқындық түрлерімен қысқа толқындық түрлері арасына орналасқан электромагниттік толқындар.

Бұл құбылыс жөнінде Ш. Құрманбайұлы: «Изотоптар үйірі, радиј үйірі, металдың қажуы, термалық қажу, коррозиялық қажу деген терминдердің лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасының арасындағы айырмашылық тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл терминдердің жасалуына лексика-семантикалық тәсілдің де қатысы бар сияқты көрінеді. Яғни сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің бір компоненті терминденген деуге негіз пайда болып отырғандығын айтуда керек» [105], – дейді.

Лексика-семантикалық тәсілге тілде бұрыннан бар сөздер мен сөз тіркестердің термин ретінде жұмысалуын жатқызамыз. Жалпы қолданыстағы сөз терминденген кезде алдымен белгілі бір терминологиялық өріске еніп, өзінің бастапқы лексикалық мағынасының үстіне қосымша ғылыми мағына үстейді. Демек, жалпыхалықтық сөздердің терминденеуі тілдің лексикалық жүйесін байытудың көзі болып табылады.

Химияда *нуклеофильная атака*, *электрофильная атака* терминдері қазақша нұсқасында *нуклеофилді шабуыл*, *электрофильді шабуыл* деп беріледі. Осы тәріздес бір сыңары лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдерді кез-келген саладан кездестіруге болады.

Мұндағы төлтілдік компонент лексика семантикалық тәсіл арқылы химиялық реакцияның атауы ретінде қолданылады.

С.К. Құлманов, Н.М. Рсалиева, А.Д. Омарова, Ж.Е. Ескендір «Қазақ терминологиясындағы семантикалық ұдерістер» атты ғылыми мақаласында тіліміздің терминологиялық жүйесіндегі семантикалық ұдерістер полисемия, эврисемия, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуды, архаизмдерді және неологизмдерді терминдендіру, вариация құбылысына тоқталады. Мақалада көп мағыналы терминдердің ғылымның бірнеше салаларындағы әртүрлі пәндер мен құбылыстардың атауларын білдірсе де, олардың мағыналары бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне жақын, ал эврисемиялық терминдердің ғылыми анықтамасы мүлдем өзгеше екендігі туралы пікір айттылады [106].

Сондай-ақ, мақалада терминологиядағы мағынаның кеңеюі нәтижесінде жасалған терминдер негізінде қазақ ұлтының өміріне тән заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің атаулары, яғни ұлттық таным негізінде метафоралық түрде қалыптасады деп тұжырымдалады.

Қазақ тіліндегі архаизмдердің терминологизациясы мен детерминизациясына негізгі әсер әртүрлі экстралингвистикалық факторлар (саяси жағдайлар, мемлекеттік формацияның өзгеруі және т.б.) болып табылады.

Зерттеушілер қазіргі уақытта қазақ терминологиялық базасын толықтыратын көздердің бірі болып табылатын неологизмдер екі түрге жіктел көрсетеді:

1) жаңа ұғымдардың пайда болуы салдарынан пайда болған неологизмдер;

2) тілде бұрыннан бар атауларды жаңарту, жаңғырту және түрлендіру жолымен құрылған неологизмдер. Мақалада «Бұл ретте бірінші топқа жататын лексикалық бірліктер кіріспе сөздер, ал екінші топта – қазіргі қазақ terminологиясында басымдыққа ие бола бастаған ұлттық таным негізінде термин қалыптастыру процесінде пайда болған неологизмдер болып табылады. Қазіргі уақытта қазақ тілінің неологизмдерінің басым көпшілігі орыс тіліне ағылшын тілінен енген терминдер болып табылады» деген тұжырым айтады.

Сонымен қатар бұл зерттеуде қазіргі уақытта қазақ тілінде терминдердің дублеттік қолданылуы кеңінен байқалатыны туралы сөз болады. Салалық сөздіктерде, заңнамада, ғылыми енбектерде қазақ тіліндегі баламамен қатар орыс тіліне европалық тілдерден енген терминдер қолданылатынын ескере келе, дублеттің мұндай құбылысын мынадай түрлерге бөледі:

«1) қазақ тіліндегі термин нұсқасын немесе европалық тілдерден орыс тіліне енген нұсқаны және қазақ тіліндегі баламаны дублеттік қолдану;

2) орыс тілі арқылы енген орыс немесе Еуропа тілдерінен алынған терминдердің қазақ тілінде бірнеше баламасын қолдану» [106].

Қазіргі уақытта қолданыста жүрген будан терминдер ішінде сөз мағынасының кеңеюі немесе тарылуы арқылы, неологизмдер мен архаизмдер арқылы жасалған мысалдар кездеседі. Жаңа терминдердің көпшілігі неологизмдер арқылы жасалатыны белгілі. Будан терминдер құрамында да бір компоненті неологизмдер болып табылатын түзілімдер көптеп ұшырасады.

Мысалы: *блогерлік, диджейлік, копирайтерлік, киборг нұсқауышысы, сандық аватар әзірлеушісі, жасанды интеллекттің әмбебап жасаушысы*.

Келешекте немерелеріміз блокчейн технологы, кибер зерттеуші, кибер адвокат, *киборг нұсқауышысы, сандық аватар әзірлеушісі, сандық заңгер, жасанды интеллекттің әмбебап жасаушысы* деген мамандық алады. 10 жылдан соң әлеуметтік желілер мен медиада визуалдық коммуникация үстемдікке ие болатынына күмән жсоқ. (Жадыра Шамұратова «Болашаққа қажетті мамандықтар қандай?» «Астана ақшамы» 6 қыркүйек, 2021)

Бұл мысалдардан байқағанымыздай, синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен лексика-семантикалық тәсілдің араласа келуі арқылы да будан терминдер жасалады. Бұған будан терминдер құрамындағы неологизмдердің, архаизмдердің терминденуін, жалпыхалықтық сөздердің мағынасының кеңеюі мен тарылуы арқылы терминденуін жатқызамыз.

*Мәлімдемеде бұл компаниялар «Ресейдің арнайы қызметтерінің кибер бағдарламасына қолдау көрсетеді, оның ішінде сараптамалық кеңестер беріп, бағдарламалар әзірлеуге және кибер кеңістіктегі зиянды әрекеттерді жеңілдетуге көмектеседі» дегендеген («Егемен Қазақстан» 23 сәуір, 2021).*

Қазіргі терминологияда, жалпы тілдегі жаңа терминдер мен атаулар жасауда сөзжасам процесінде калька тәсілі өте өнімді. Мысалы: *ашиқ есік күні* (день открытых дверей), *ашиқ қоғам* (открытое общество), *сауда нұктесі* (торговая точка), *сенім телефоны* (телефон доверия), *улken сегіздік* (большая восьмерка), *айлық есептік көрсеткіш* (месячный расчетный показатель), *әлжуаз жіктер* (уязвимые слои), *галамдық жылыну* (всемирное потепление), *дыбысжазғыш құрылғы* (звукозаписывающее устройство), *дыбыс күшеткіш*

(звукосилитель), елтаним (страноведение), жол-көлік оқиғасы (дорожно-транспортное проишествие), жүйеқұраушы (системообразующий), зымырантасығыш (ракетноситель), көлік құралы (транспортное средство), қауіпсіздік белдігі (ремень безопасности), өмірсүйгіш (жизнелюб), тауарөндіруші (товаропроизводитель), төлкүжат үстелі (паспортный стол), ұлтүстілік (сверхнациональный), ұшу-қону жолы/ұшу-қону жолтабаны (взлетно-посадочная полоса), шаруа қожалығы (крестьянское хозяйство) т.б.

Калька тәсілі үш формада болатыны белгілі: толық калька, жартылай (ішінара) калька және семантикалық калька. Жоғарыда аталған барлық құрделі атаулар бұл орыс тілінен калька әдісімен жасалған толық калькалар.

Зерттеушілер бұл жөнінде: «Бізде көп жағдайда калькалау тәсілімен жасалған терминдерге қатысты біржакты пікірлер айтылып жатады. Оның басты себептерінің бірі калька тәсілімен жасалған атаулар табиғатының жанжакты зерттелмеуі екендігін айтуда керек. Сол себепті тіліміздегі терминжасамның өнімді тәсілдерінің біріне айналып отырған қалькалаудың табиғатына тереңірек үzlіліп, оның тиімді-тиімсіз қырларын көрсетіп, ғылым тіліндегі калька терминдердің аллатын орнын, үлес-салмағын, жетістігі мен кемшіліктерін анықтау міндет» [1, б.769], – деген тұжырым айтады.

Ал жалпы алғанда кең тараған шет тілдік терминбөлшектердің қатысуымен жасалған жүздеген атаулар сол қалпында қолданылып келеді немесе солардың бір бөлігі аударылып будан атаулар жасала бастады. Тіліміздің терминологиялық жүйесінде авиа, авто, агро, анти, аудио, био, вело, гео, дендро, евро, зоо, инфра, кино, ксеро, макро, метео, микро, мульти, суб, теле, транс, фото, эко, этно сынды кең тараған терминбөлшектердің қатысуымен жасалған көптеген атаулардың екінші бөлігі ғана аударылып жүр. Мұндай будан атаулардың қазақшаға аударылып алынған екінші сыңарларының көшілілігі орыс сөздері болып табылады. Мысалы, *авиатасымал* (перевозка), *автожол* (дорога), *автожорық* (поход), *автомотокөлік* (транспорт), *автомұрақ* (стоянка), *агроқалашық* (городок), *аудиокітап* (книга), *веложарыс* (гонка), *VELOшабандоз* (гонщик), *еуроодақ* (союз), *инфрақұрылым* (структура), *киноөндіріс* (производство), *ксерокөшірме* (копия), *метеожабдық* (оборудование), *микроденгей* (уровень), *мультинастіже* (результат), *тележүргізуши* (ведущий), *тележүздесу* (встреча), *телекөрермен* (зритель), *телеойын* (игра), *фотоайғақ* (доказательство), *фотокөрме* (выставка), *фотокөшірме* (копия), *фотоқондырығы* (установка), *экојоба* (проект), *экоорталық* (центр).

Ғалым С.Е. Сарсенова физика саласындағы терминдерді зерттеуге арналған еңбегінде тіліміздегі терминологиялық жүйеде байырғы төл сөздерге қарағанда шет тілден енген кірме сөздердің басым екендігін айтады. «Физикалық терминдерді кірме атаулардан құралған терминдер (электрондар дрейфи – дрейф электронов, плазмалық спектроскоп - плазменный спектроскоп т.б.) және кірме, төл сөздерден құралған аралас терминдер (абсорбталған зат – вещество абсорбированное, радиоактивті ине – игла радиоактивная) деп жіктеуге болады. Қазақ тіліндегі физикалық терминдер басқа тілден сөз қабылдау, аудару арқылы жасалумен қатар, тіліміздің өз қоры, өз мүмкіншілігі

арқылы да жасалады. Тек кірме сөздер арқылы термин жасау мүмкін емес. Шындығында, халық тілінің мол қазынасын сұрыптап, сарапай білсек, ғылыми терминология дәрежесіне дейін көтеруге болатын сөздер аз емес» [104], – деген пікір білдіреді.

Терминжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі калькалау тәсілі, бұл дегеніміз шет тілдердің терминжасам үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау. Калькалау тәсілі терминжасамда маңызды орын алады, сондықтан оны терминжасамның жеке тәсілі ретінде қарастыруға негіз бар. Морфемалар немесе лексемалар аударма тілдің тиісті элементтерімен бірге алынған кезде сөздің комбинаторлық құрамын беру тәсілі.

Бір ғалымдар калькалау дегеніміз «бір тілдегі сөз берен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру» [107], ал екінші бір ғалымдар «өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау» [1, б.768]. Қарапайым тілмен айтқанда, сөзбе-сөз аударма. Терминнің негізгі белгілері дәйектілікті білдіретіндіктен, бұл әдіс аударудың кең таралған әдістерінің бірі болып табылады: *арматура литейная – құйма арқау, құйма бекемдік, база сборочная – құрастыру негізі, балка попеччная – көлденең арқалық, антиупорядоченность – қарсы реттелгендей, быстрая сходимости – жинақталу жылдамдығы, величина дробная – бөлишек шама, величины однородные соизмеримые – біртекті өлшенімдес шамалар, вероятность случайного события – кездесісоқ оқиға ықтималдығы, язык описания данных – деректерді сипаттай тілі, эффективная система – тиімді жүйе* және т.б. Бұл тәсіл көбінесе күрделі құрылымды аударуда қолданылады. Калькалау әдісі «кеңес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды» [108]. Сол дәуірден келе жатқан бұл әдіс осы уақытқа дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, қазіргі терминжасамда кеңінен қолданылады. Ш. Құрманбайұлы калькалау жайлы «Кейбір тілдерде калька шет тілдері сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі болып саналады. Біз де солай етейік деп өзге тілдерді үлгі ете берудің реті бола қоймас. Бірақ қажетіне қарай, термин шығармашылығында бұл тәсілді де жатсынбай пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдеріміздің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігіміз арта түспек» [1, б. 591] дейді, ғалым калькалау тәсілін қолдану кезінде аса сақтық таныту керектігін айтады.

Калькалаудың айтарлықтай тағы бір ерекшелігі – оны сөз алмасудың аңғарылмайтын түрі, яғни «жасырын сөз алмасым» немесе «жабық сөз алмасым» (скрытое заимствование) деп тануға болады, реципиент тілде жаңа сөз пайда болып, ол сөздің мағынасы сол жаңа сөздің мағынасымен сәйкес келеді.

Зерттеушілердің пікірінше «Калькалау терминдену, терминжасам және терминалмасым сияқты негізгі үш тәсілдің бірігуінен (қызылсызы мен өзара әсерінен) тұрады». Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның аралас тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

Бөгде тілден енген терминдердің бір бөлігі ғана көшірілсе ол жартылай калька болып табылады, ал тұтастай көшірілсе, онда ол толық калька болып есептеледі. Будан терминжасамда жартылай калька тәсілі жиі қолданылады.

Калькалау құбылысын зерттеушілердің бірқатары бір компоненті аударылмаған күрделі сөздерді жартылай калька өнімі ретінде таниды. Зерттеушілердің тағы біразы жартылай кальканы түбір бөлшегі шет тілінен алынған және төлтілдік қосымша арқылы жасалған сөздер деп түсінеді. Бұдан байқағанымыздай жартылай калька тәсілі бірде синтетикалық тәсіл құрамында қарастырылса, енді бірде аналитикалық терминжасам тәсілі аясында қарастырылады. Біздің пікірімізше, жартылай калька тәсілі будан терминжасамның аралас тәсіліне жатады.

Ғылыми еңбектерде жартылай калька құбылысына мынандай анықтама беріледі: «Жартылай калька – сөзжасамдық кальканың бір түрі, мұнда тек сөздің бір бөлігі аударылады. Жартылай калька ретінде күрделі термин-сөз тіркестерін де қарастыруға болады. Бірақ олар фразеологизмдер болған жағдайда және тіркестің бір компонентінің сөзбе-сөз аудармасы терминнің жалпы мағынасына байланыссыз болған жағдайда ғана жартылай калька деп табамыз» [109, б.211].

Н.М. Шанский берген анықтама бойынша: «Жартылай калькалар – бұл бір бөлшегі төлтілдік, ал екінші бөлігін шет тілінің материалынан алынған сөздер, олардың сөзжасамдық құрылымы бастапқы тілдегі сөздерге толық сәйкес келеді» [110, с. 202].

«Толық калька – кальканың шет тілі сөзінің мағынасы мен мазмұнын ашуға оның терминнің барлық компоненттері қатысатын түрі. Ал жартылай калька – терминнің мағынасын ашуға сыңарларының бір бөлігі (немесе біреуі ғана) қатысып, қалған сыңарларының терминнің дыбысталуына ғана ықпал етіп, дербес мағынасы болмайтын түрі» [1, б. 590].

Шеттілдік элементтерді мағыналық-құрылымдық түрғыда дұрыс түсінбеу салдарынан қате жасалған калькалар пайда болады. Мұндай калькаларды жалған калька деп атау қалыптасқан. Жалпы тіліміздің терминологиялық жүйесінде калька тәсілімен жасалған терминдердің өте көп ұшырасатыны белгілі. Бұл тәсіл әсіресе кеңестік кезеңдегі терминологияда кең қолданылған еді. Будан терминдерді жасауда ұлттық тілдің сөзжасамдық тәсілдері мен ішкі лесикалық байлығын мейлінше ұтымды қолдануға тырысуымыз керек. Калькалау дегеніміз шеттілдік кірме сөздерді дайын күйінде өзгеріссіз қабылдау емес. Толық калька жасау барысында төлтілдік бірліктер, яғни сөздер мен қосымшалар пайдаланылады.

Семантикалық калька жасаудың негізі метафоралау, алмастыру тәсілдері арқылы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, калькалау тәсілі деп шеттілдік кірме сөзді сол күйінде көшіру емес, белгілі дәрежеде шығармашылықпен өзгерітіп жаңа сөз жасау деп танимыз. Бірақтар шетел тілдерінде калькалау тәсілі кірме сөздерді игерудің негізгі тәсілі болып есептеледі. Будан термин жасадуа калька тәсілін тиімді қолдану үшін шет тілдік кірме сөздің мағыналық – тұлғалық құрылымын, қолданылу саласын жақсы білу қажет.

Будан терминжасам тәсілдерін қажетіне қарай, дұрыс пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдеріміздің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігіміз арта түсері сөзсіз.

## **2- тарау бойынша түйін**

Будан терминдер жасауға тіліміздегі сөзжасамдық тәсілдердің барлығы қатысады. Синетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер төлтілдік немесе кірме жүрнақтар арқылы түзіледі. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер біріккен будан терминдер, қосарланған будан терминдер, тіркескен будан терминдер, қыскарған сөздерден жасалған будан терминдер деп жіктелді. Біріккен және қосарланған будан терминдер жасауға төлтілдік және кірме терминбөлшектер қатысады.

Будан терминдер жасалу жолдарына байланысты дериват будан терминдер, композит будан терминдер, аббревиат будан терминдер деп жіктеледі. Будан терминдердің басым бөлігі дериват, композит будан терминдер. Будан терминдердің басқа түрлеріне қарағанда аббревиат терминдердің үлес салмағы аз.

Будан терминжасамның аралас тәсіліне:

- а) синтетикалық және лексика семантикалық тәсілдің аралас қолданылуын;
- ә) аналитикалық тәсіл мен лексика семантикалық тәсіл;
- б) аналитикалық және жартылай калька тәсілі.

Будан терминжасамда синтетикалық тәсіл маңызды орын алады. Қазақ тілі жалғамалы тілге жататындықтан тіліміздің сөзжасам жүйесінде синтетикалық тәсілдің негізгі тәсіл болып санлатыны белгілі. Будан терминжасамда да синтетикалық тәсіл белсенді қолданылып, жалпы қолданыстағы сөздер жасалатын сөзжасамдық модельдер мен сөзжасамдық жүрнақтар қолданылады.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі бойынша сөзтудыруыш жүрнақтар арқылы жаңа сөздер жасалатыны белгілі. Терминжасамда да сөзжасамдық жүрнақтар арқылы жаңа термин жасауда тілдегі қалыптасқан сөзжасамдық жүрнақтардың қызметіне жүгінеді. Алайда будан терминжасауда сөзжасамдық жүрнақтардың белсенділігі әр алуан.

Қазақ тілінде сөзжасамдық жүрнақтар өте көп. Будан терминдердің сөзжасамдық жүрнақтар көмегімен жасалуы термин құрылымдарының категориялық байланысын көрсетуге мүмкіндік жасайды. Себебі, бірқатар зат есім жасайтын жүрнақтар арқылы процестердің, құралдардың және қасиеттердің атауларын білдіретін будан терминдер жасалады. Қазіргі терминологиялық жүйедегі маңызды мәселелердің бірі терминдердің терминжасамдық сипаттын анықтау болса, тілдің жалпы терминтаным саласының бір бөлігі болып табылатын терминжасам жаңа терминдердің жасалу үдерістерін қадағалайды. Будан терминдердің сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалуын жан-жақты зерттеу терминжасамның жаңа қырларын айқындауға мүмкіндік туғызады. Мұндай терминдердің жасалуында

синтетикалық тәсіл белсенді қолданылады. Кірме түбірге төлтілдік жүрнақ жалғану арқылы будан термин жасауда мынадай сөзжасамдық жүрнақтар қатысады: -у, -дық, -дік, -лық, -лік, -тық, -тік; -шы, -ші, -м, -ым, -ім, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше, -сыз, -сіз, -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш; -ық, -ік, -қ, -к; -ыс, -іс, -с; -и, -ғы, -гі, -қы, -кі, -ыш, -іш, -ш, -ын, -ін, -н, -гер, -кер, -малы, -мелі, -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес, -шық, -шік; -шақ, -шек, -шылық, -шілік; -теме, -деме; -нды, -нді; -лай, -лей, -паз, -т, -іт, -ыт, -ыңқы, -іңқі, -ды, -ді, -ты, -ті, -қын, -кін, мыс, -бей, -уіш, -мақ, -мек, -хана, -пар; -ыл, -іл, -л; -ғақ, -шыл, -шіл және т.б.

Будан терминдердің жасалуын зерделеу барысында мынадай сөзжасамдық жүрнақтардың өнімділігі байқалады:

кәсіп, мамандық атауларын жасайтын -шы, -ші жүрнақтары өнімділігімен көзге түседі.

Аталған жүрнақтар кірме түбірге жалғанып, будан терминдер қатарын толықтырады. Мысалы: мейкапшы, офис тіркеуші, т.б.

зат есім тудыруши -лық, -лік, -дық, -тық, -дік, -тік жүрнағы: *Комплементарлық* - «комплементар» (лат. *complementum* «толықтыру», ағылш. *complementary*) + «-лық».

*Конфиденциалдық* – «конфиденциал» (ағылш. *confidential* ← лат. *confidentia*) + «-дық».

*Менторлық* – «ментор» (грек. *mentor* – «кеңесші, ұстаз»; ағылш. *mentor*) + «-лық».

*Етістік тудыруши* -да -де -та -те -у жүрнағы.

*Йодтау* – «йод» (ағылш. *iodine* ← грек. *iodes* «кулгін түсті») + «-та+у».

*Клондау* – «клон» (ағылш. *clone* ← грек. *klon* «өркен, бұтак») + «-да+у».

*Кокстау* – «кокс» (ағылш. *coke* «отын түрі») + «-та+у».

Синтетикалық және аналитикалық тәсілмен қатар, аралас тәсіл арқылы да будан терминдер жасалады. Аралас тәсіл арқылы будан түзілімдер жасау синтетикалық-аналитикалық, аналитика-синтетикалық және аналитика-семантикалық тәсіл түрлеріне жіктелді. Аналитикалық тәсілмен синтетикалық тәсілдің қабаттаса қолданылуына будан терминдер құрамындағы неологиямдердің, архаизмдердің терминденеүін, жалпыхалықтық сөздердің мағынасының кеңеюі мен тарылуы арқылы терминденеү мысал бола алады.

Будан атальмдар төмендегідей функционалды-деривациялық модельдер негізінде пайда болады:

- 1) кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнақ;
- 2) префикс + түбір/негіз;
- 3) кірме тілдік негіз + төлтілдік сөз;
- 4) аббревиатура + төлтілдік негіз.

Сөзжасам үлгілерінің әрқайсысының құрылымдық компоненттердің нұсқалары бар, олар тілдегі интернационалдық элементтердің бейімделуінің толық көрінісін ашады және жаңа атальмдардың пайда болу процесін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі динамикалық сөзжасамдық құбылыстарының бірі – төлтілдік аффикстермен туынды сөз жасау жолымен енген бөгде тілдік бірліктердің бейімдеу процесі болып табылады.

Будан терминдердің аббревиатуралар арқылы жасалуының төмендегідей түрлерге жіктелдік:

1. әріптік қысқарту түріндегі будан терминдер;
2. буындық аббревиатуралар арқылы жасалған будан түзілімдер;
3. әріптен немесе буыннан тұратын немесе толық сөзден тұратын ішінара аббревиатуралар;
4. аралас аббревиатуралардан болған будан терминдер;
5. әріптер мен буындардан және сандардан тұратын аббревиатуралар.

Аббревиацияны будан атальымдар жасауға қатысатын белсенді процестердің бірі ретінде санауга болады. Будандылық үдерісі кірме компоненттердің жоғары дәрежесін қазіргі қазақ тілінде жазудың өзіндік нысанын (латын әріптерімен) сақтау арқылы немесе транслитерация тәсілімен бейімделетінін байқатты.

### **3 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ**

#### **3.1 Ғылыми мәтіндердегі будан терминдердің функционалдық ерекшеліктері**

Тілдік мағыналар жүйесі төрт негізгі функция айналасында ұйымдастырылған. Тілдік бірліктердің негізгі функциялары: атауыштық (номинативтік) функция; танымдық, прагматикалық функция, ақпараттық коммуникативтік функциялары; бағалау функциялары. Г.О. Винокур терминді лингвистикалық бірліктің ерекше түрі емес, ерекше функцияны орындайтын сөз деп тани отырып: «кез-келген сөз термин бола алады. Терминдер арнайы сөздер емес, тек арнайы функциядағы сөздер» [111], – деген тұжырым жасайды.

Бұл идея А.А. Реформатскийдің еңбектерінде де жалғасын тапты [112]. Терминдердің номинативтік, ақпараттық коммуникативтік, прагматикалық, танымдық, дефинициялық қызмет атқаратыны туралы терминтанушы ғалымдар еңбектерінде түсіндіріледі. Аталған функциялар будан терминдерге де тән.

Ш. Құрманбайұлы: «Қазақ тілінің гибридті терминдерін зерттеу нәтижесінде қазіргі заманғы қазақ терминологиясындағы будандастыру өнімдері 90% жағдайда зат есім болып табылатыны анықталды. Будандастыру процесінде сын есімдер мен етістіктер пайда болатын сирек жағдайлар ғана ерекшелік болып табылады» [1], – деп есептейді. Ғалымның пікірінше, бұл факт, ең алдымен, будан терминнің номинативті функциясын көрсетеді.

Терминнің номинативті функциясы: терминдердің көмегімен жалпы ұғымдарды, категорияларды, ұғымдардың белгілерін (қасиеттерін), сондай-ақ адамның білімі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы объектілер арасындағы операцияларды (қатанастарды) атайды. Мұндай атауларсыз осы салалардағы таным мен қызмет мүмкін емес. Будан терминдер тіліміздегі терминдерге қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Будан терминдерінің, кез келген лексикалық бірлік сияқты, номинативті қызмет атқаратынына күмән жоқ, өйткені ол объективті шындықты және адам әрекетін білу процесінен туындаған осы объектілер орындайтын заттарды немесе операцияларды атауға арналған.

Терминдердің сигнификатты функциясы номинативті функциясымен тығыз байланысты. Т.В. Булыгина, С. А. Крыловтың пікірінше, сигнификаттық тілдік белгінің тұжырымдамалық мазмұны ретінде анықтайды; оның пікірінше, терминдердің едәуір саны оның айрықша белгісі (белгілері) бойынша ұғымды білдіреді. Сигнификаттық – бұл тілдің жүйесінде осы сөзben дұрыс аталуы үшін маңызды объектінің (құбылыстың) белгілерінің жиынтығы [113].

Н.И. Кондаковтың пікірінше, «дефиниция (лат. *definitio* – анықтама) – заттардың бар және айрықша белгілерін сипаттайтын немесе тиісті терминнің мағынасын ашатын сөйлем» [114, с.141].

Қалыптасқан термин жүйелердің дамуындағы маңызды тенденциялардың бірі интернационалдандыру болып табылады, өйткені терминдер лексиканың басқа қабаттарына қарағанда басқа тілдермен байланыста болады. Терминологиялық лексика – бұл халықаралық алмасу ең қарқынды жүретін

және шет тілінен енген бірліктері ең көп тілдің саласы. Шет тіліндегі термин төл тілдік бірліктерден жасалған терминдермен бір синонимдік қатарда қолданылуы мүмкін.

Неонимдер ғылым тілінің ажырамас атрибуты болып табылады, өйткені әрбір немесе барлық дерлік ғылыми басылыма жаңа термин енгізіледі, бар термин қайта түсіндіріледі немесе екеуі бірге қолданылады.

Терминнің функционалдық сипатының ерекшелігі оның қызмет саласына тікелей байланысты. Ғылыми терминологияның мағыналар жүйесі мынадай категориялардан тұрады: заттық категория, ұдерістік категория, жағдаяттық категория, режимдік категория, өлшемдік категория, шама категориясы, ғылым және оның салаларының категориясы, кәсіптер мен жұмыс категориясы. Мұны денотанттық және сигнификаттық қеңістік деп екіге бөлуге болады [115]. Будан терминдер ішінде аталған категориялардың бәріне де қатысты сөздер мен атаулар ұшырасады. Бұл будан терминдердің қазіргі қазақ терминологиясынан алатын орнын көрсетеді.

Терминге тән функциялар қатарында оның танымдық яғни когнитивтік қызметі де аталады. Будан терминдер де тілдің терминологиялық жүйесінде номинативтік, ақпараттық коммуникативтік қызметтер атқара отырып, танымдық қасиетке де ие екені айқындалды.

Б.Н. Головин «термин жасанды белгі емес, арнайы ұғымды білдірудің арнайы функциясындағы сөз немесе сөз тіркесі» [116, с.54], – деп тұжырымдайды. «Ғылым, терминология және информатика тілдерінің семиотикалық мәселелері» ғылыми симпозиумындағы терминнің мәні туралы пікірталас барысында, В.Г. Гақ, В.М. Лейчик және А. Моисеев сияқты ғалымдар Г.О. Винокур айтқан көзқарасты дәлелдейді. Оның мәні мынада: термин кез-келген сөз бола алады, бұл термин функция, қолдану түрі, бірақ лексикалық бірліктердің ерекше түрі емес, олардың әрқайсысы, тривиалды болатыны сияқты, термин ретінде әрекет ете алады [111].

Терминдердің қызметі адам қызметінің арнайы салаларына – ғылымға, техникаға, өнерге және т.б. қызмет ету болып табылады, ал жалпы сөздердің қызметі құнделікті өмірде құнделікті жағдайларда тілдік коммуникацияны қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты терминдердің ерекшелігіне олардың адамдар қызметінің арнайы салаларындағы танымдық қызметін жатқызамыз.

Будан терминдердің танымдық функциясын қарастырmas бұрын, ғылым тұжырымдамаларында антропологиялық бағдарлаудың күшеюі әсіресе XX ғасырдың ортасында британдық философ Майкл Поланидің «Тұлғалық білім» [117] еңбегінің жарық көруімен байланысты болғанын айта кету керек.

Осы тұжырымдамаға сәйкес, адамдар ғылымды жасайтындықтан, ғылыми қызмет процесінде алынған білім, осы процестің өзі сияқты, адам арқылы жасалады. Жеке білім-бұл ұғымдарда, пайымдауларда және теорияларда айқын айтылған кейбір тұжырымдардың жиынтығы ғана емес, сонымен бірге адамның тәжірибесі.

Терминдердің танымдық қызметі ғалымдар тарапынан біршама зерттеліп жүр. Қазіргі уақытта терминдерді зерттеудегі когнитивті бағытты Ресейлік тіл

білімінде С.В. Гринев-Гриневич, Е.И. Голованова, В.М. Лейчик, В.М. Володина, В. Н. Прохорова, Л.В. Ивина, Л. А. Манерко, Л.А. Чернышова және т.б. ғалымдар дамытуда.

Қазақ терминологиясы саласында терминдердің когнитивті сипаты О. Жұбаева, С. Исакова, Г. Алмұханова ғалымдардың зерттеулерінде қамтылған. О. Жұбаеваның пікірінше, «терминдерге когнитивті тұрғыдан талдау жүргізу үшін, ең алдымен тіл иесінің санасындағы танымдық және ментальды процестерді анықтаап алу керек және термин адам танымымен байланысты қарастырылады» [118, б.99-101].

Ғалым С. Исакова: «Терминнің когнитивтік-семантикалық мазмұны ғылыми мәтінге, оның ұғымдық аппаратының қалыптасу деңгейіне, терминдік жүйеде оның дұрыс бейнеленуіне байланысты болады. Когнитивтік лингвистиканың, дискурс теориясының, тілдік тұлға тұжырымының дамуына байланысты терминдік жүйе терминнің когнитивтік-семантикалық мәнін ашуға мүмкіндік беретін тілдегі адам факторының әсерін анықтау тұрғысынан қарастырылуы керек» [115, б.12], – деп түсіндіреді.

Ғалым терминдердің когнитивтік сипатын әр қырынан зерттеп: «Терминді когнитивтік тұрғыдан талдаудың маңыздылығы дүниенің ғылыми бейнесінің бір бөлігінде бекітілген лингвоантропологиялық білім кешенін зерттеу мен анықтаудан, тілдік концептуалдау механизмдерін танудан және әмбебап когнитивтік семантикалық ұлгілерді анықтаудан көрінеді» [115, б.13], – деп тұжырымдайды.

Терминнің танымдық табиғаты оның ғылыми білімнің компоненті болуымен және ғылыми таным нысаны бола отырып, адамның ойлау үдерісінің нәтижесіне айналуынан көрінеді. Терминдер ғылыми танымдық ақпаратты жеткізуі бола отырып, коммуникацияға қажетті когнитивті ұлғі құрайды, қарым-қатынас құралы функциясын атқарады.

Терминдерді зерттеудің когнитивті аспектілерінің дамуына байланысты XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы бірқатар диссертациялық жұмыстарда терминологиялық бірлік объективті шындық пен адамның ішкі өмірінің объектілері мен құбылыстарының мәнін білудің ұзак процесінің нәтижесі ретінде әрекет етеді деген қорытынды жасалды.

Зерттеушілер атап өткендей, тіл ойды тұжырымдайды және қалыптастырады, бұл өте күрделі көпжақты процесс, яғни тіл тек ойды білдіру құралы ғана емес, сонымен бірге танымның белсенді құралы, адамның қоршаған шындықтың құбылыстары мен процестерін үнемі түсінуі, тәжірибелі білімге айналдыру тәсілі.

М.Н. Володина «терминдер ұжымдық кәсіби – ғылыми жадының тасымалдаушысы бола отырып, арнайы білімді қалыптастыру процесінде медиаторлардың қызметін орындаиды және адамның танымдық және трансформациялық қызметін дамытуға ықпал етеді. Ғылыми коммуникацияның маңызды құралы ретінде олар ғылыми таным процесі мен нәтижелеріне органикалық түрде енеді» [119, с.136], – деп есептейді.

Термин – бұл белгілі бір семиотикалық кеңістіктегі ғана когнитивті және дискурсивті маңызды объектілерді, құбылыстарды, процестерді, белгілерді

белгілеу үшін құрылған, қолдануда конвенционалдылықта ие және белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшесі болып табылатын лексикалық бірлік.

Демек, когнитивті тұрғыда термин білім мен таным тұрғысынан қарастырылады. Ғылыми мәтіндерде кездесетін будан терминдерге мысал келтіретін болсақ:

**Этникалық репрессиялар** – (КСРО-да) қүштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен қүш көрсету режимін орнатуды қосқанда, жекелеген этникалық топтарга қатысты саяси құзын-сұргіндер (Қазақстан тарихы, 11- сынып).

**Қогамдық-экономикалық формация** – тарихи дамудың белгілі бір сатысында тұрған қогам, қогамның белгілі бір тарихи түрі. Әрбір қогамдық-экономикалық формация белгілі бір өндіріс тәсіліне негізделеді, ал оның мәнін өндірістік қатынастар анықтайды; сонымен қатар формация өндірістік қатынастарға сәйкес қондырманы, жаңуяның түрін, тұрмысты, т.б. қамтиды. (Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал).

**Деректерді типтік классификациялау** – деректерді мазмұны мен формасының сәйкестік принципі негізінде сиынптау. Тип ақпаратты салу және сақтау тәсілдерімен ерекшеленген деректерді біріктіреді. (Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал).

**Сайлаудың мажоритарлық жүйесі** – көпшілік принципіне негізделген, көп дауыс жинаған кандидат сайланған болып табылатын сайлау жүйесі. (Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал).

**Миссионерлік** – діни наымдарды пүтқа табынуышылар мен өзге діндерінде арасында тарататын қызмет. Христиандықта көп тараптанған. Өз діндеріне үндеуді католик, православиелік, протестанттық миссионерлер әртүрлі елдерде белсенді түрде жүргізді: Азия, Африка, Оңтүстік Америка. (Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал).

**Демилитарланған белдеу** – бір де бір мемлекет әскерін орналастырмайтын, бекіністер және басқа әскери құрылыштар салмайтын жер, бұл жерде тәртіп сақтайтын және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция немесе басқа ішкі қүштер гана орналаса алады (Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал).

**Тілдік экспанция** – ата-бабалардың жеріндегі автохонды тілдердің өзінің төл аумағынан ығыстырылуы және бөтен «импортталған» тілдің үстемдік құрып, таралуы (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал.)

**Гомогенизациялану** – әлемді біртекті жасау және құрамды теңестіру үдерісі (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал).

Будан терминдердің танымдық сипаты онда бекітілген ақпараттың көмегімен нақтыланады, өйткені терминдер нақты заттар мен құбылыстардың атауы болып табылады. Мысалы:

**Мәдени плюрализм** – мәдениеттегі ерекшеліктердің жай гана ұғынын қана қоймай, сондай-ақ бұл айырмашылықты нақты мәдени жағдайда толықтай түсініп, терең бейімделу; мәдени ерекшеліктеге оң, жағымды қатынасты көрсету (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал).

**Мәдени диффузия** – бір мәдениеттің екінші мәдениеттің қандай да бір жетістіктерін алып, қабылдауы; өзара әрекеттесудің нәтижесінде бір мәдениеттің жеке құбылыстары немесе оның кешендерінің басқа мәдениетке енүі (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал)

**Күн радиациясының интенсивтігі** – күн сәулесіне перпендикуляр қойылған абсолют қара денеден жасалған, 1 см<sup>2</sup> бетке 1 минут ішінде күннен келетін жылу мөлшері (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал.)

**Азиялық немесе моңғол-сібірлік антициклон** – қыс айларында Еуразия материгінің орталық бөлігінде тұрақты жоғары қысымды аймақ (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал.)

**Неотектоникалық қозгалыстар** – альпі қатпарлығында терең тектоникалық жарықтар пайда болып, салыстармалы түрде ежелгі құрылымдардың қозгалмалы (сейсмикалық) аудандарға айналуы (Жанәділ О.Б. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Анықтамалық көмекші құрал).

Терминнің жеткізетін ақпараты оның пайда болуына түрткі болған құбылысты, жасалуы туралы дереккөзді, мәдениет туралы мәліметті тануға мүмкіндік береді.

Қазақ терминологиясын қалыптастыруда өлшеусіз еңбек сіңірген атақты ғалым А. Байтұрсынұлының төмендегідей ұстанымдары болған:

1. Терминдерді ана тілінен және ұлттық танымдық түрғыда қалыптастыру.
2. Терминдер оқырманға түсінікті болуы.
3. Қажет жағдайда шет тіл терминдерін қолдану.
4. Шетел терминдерін қолдану үстінде барынша анықтамалар арқылы түсіндіру.
5. Терминжасамдағы жүйелілік болуы.
6. Уәжді терминдер жасалуы, т.б.

А. Қожахмет: «Термин түзудегі ұлттық таным мәселесі» атты мақаласында: «Қазақ терминологиясын ұлттық деңгейге шығару үшін ұлттық сипаттағы терминдерді жасау қажет. Бұл, әрине, қазақ терминологиясы үшін жаңа кезең болмақ. Өйткені бұл – тілдің мәртебесін халықаралық деңгейде көтеретін ғылыми тіл. Ал ғылыми тіл деп атайдынымыз – терминдер. Егер бұл терминдер қазақ тілінде болса, онда ұлттық тілді ғылыми түрғыдан көрсетуге болады» [120], – дейді. Осы пікірлермен келісе отырып, бірқатар будан

терминдердің құрамындағы төлтілдік элементтердің ұлттық сипатына назар аудардық. Термин түзуде негізге алынатын бірден-бір ұғым – таным. Себебі қандай да бір ойдың түпкі тамыры танымнан бастау алады. Таным арқылы уәж, ассоциация, болжам сынды құбылыстар жүзеге асады. Терминдер де бойынан осы үдерісті өткізеді. Яғни белгілі бір тілдік бірлік танымдық, психологиялық, философиялық саралаудан өтіп барып ойға айналады. Танымдық тұрғыда әбден сұрыпталған ой коммуникацияның бірлігі ретінде қоршаған ортамен байланысқа түседі. Демек, терминді түзуші де, қабылдаушы да ұлттық мәдениетімізден, ділімізден хабары бар тұлға болуы керек. Сонда ғана терминологиямызды ұлттық сипатта қалыптастыруға мүмкіндік аламыз.

Тілімізде қолданылып жүрген будан терминдер бойынан да ұлттық сипатты байқауға болады.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген будан терминдер құрамындағы төлтілдік компоненттердің ұлттық танымдық сипатына мысал келтірсек: *велобайге, әлемдік велобайге, велошабандоз, субқоржын, киберқалқан* т.б.

**Велобайге** 2019 жылы бекітілген дene тәрбиесі және спорт саласының термині [74]. Орыс тіліндегі нұсқасы – велогонка.

**Әлемдік велобайге** (велогонка мира) 2019 жылы бекітілген дene тәрбиесі және спорт саласының термині [74].

**Велошабандоз** 2019 жылы бекітілген дene тәрбиесі және спорт саласының термині. Орыс тіліндегі нұсқасы – велогонщик. Сәтті жасалған бұл аудармада шабандоз сөзі қазақ ұғымына таныс. Қазақта әдетте ат бәйгесіне қатысатын спортшыны «шабандоз» деп атайды. Қазақ энциклопедиясында шабандоз сөзіне мынадай түсініктеме берілген:

«Шабандоз – ат бәйгесіне қатысатын спортшы. Шабандоз төзімді, епті, атқа жақсы отыратын болуы керек. Шабандоз бәйге басталардан бұрын дәрігерлік бақылаудан өтеді де, денсаулығы туралы анықтама қағазын төрешілер алқасына тапсырады. Шабандоздың киімі жеңіл, ықшамды болуы қажет. Қолына жұқа қолғап киіп, жеңіл қамшы ұстайды. Кеудесі мен арқасына нөмірі жазылады. Шабандозға көбіне балалар мен жасөспірімдерді даярлайды» [121].

*2011 жылы пайдалануга берілген республикалық «Сарыарқа» велотрекі – велошабандоз шлемі түрінде жасалған, ерекше спорт гимараты, әлемдегі ең үздік спорт кешендерінің бірі ретінде танылған.* (Битөре Ә. «Спорт кешендері қолжетімді болуы тиіс» «Егемен Қазақстан» газеті №105 (29834) 2 маусым, 2020). Мысалдан көріп отырғанымыздай, тілімізде қалыптасқан будан терминдер де танымдық қызмет атқарады. Будан терминдердің танымдық сипаты оның жасалу тәсілін, тілдегі экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың байланысын анықтауға негіз болады. Ұлттық мәдени танымды аңғартатын төлтілдік бірліктер будан термин құрамында қолданыла отырып ұлттық терминдерді байытуға қызмет етеді.

**Киберқалқан** (орыс тіліндегі нұсқасы киберщит). Киберқалқан 2018 жылы бекітілген термин. Философия және саясаттану саласының термині.

Киберқалқан – ақпараттық қауіпсіздік немесе киберқауіпсіздік деп атаплатын, яғни электрондық ақпараттық ресурстардың, әртүрлі ақпараттық

жүйелердің және ақпараттық – коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы немесе ішкі киберқауітерден қауіпсіздігі.

Түсіндірме сөздікте қалқан сөзіне мынадай түсініктеме берілген: I көне. батырлар оқтан, найзадан қорғанатын соғыс құралы. **Қалқан** болды [етті] – қорғады, сақтап қалды. II арбаның, шананың жүк үшін жасалған шарбақты қоршауы [121].

**Субқоржын** – экономика саласының термині.

Осы **субқоржынның** эталондық қоржынының кірістілігі 4,95% құрады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000313/compare>).

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында мынадай анықтама берілген:

«**Қоржын** – екі басты (қалталы) ас-тағам салып тасымалдауға арналған тоқыма бұйым. Материалы кілем сияқты тоқу тәсілімен жасалады. Бұйымның негізі болып табылатын астыңғы жағы тұтас тоқылады. Көлемі 120x50 см шамасында болып келеді. Оның екі шетінің әрқайсысының үстіне көлемі 50x50 см болып келетін арнайы тоқылған бет тігіледі. Осылайша екі қалта жасалады. Оны қоржынның екі басы деп атайды. Шеттеріне жұмыр өрім баудан жиек бастырып, етегіне әсемдік үшін құлтелі шашақ тағылады.

Қоржынға аттылы жолаушы ас-тағам және керек-жарақтарын салып, ердің артқы қапталындағы қанжығаға байлаپ, бөктеріп алып жүреді. Сондай-ақ, қоржынды құда-құдандалықта сый-сияпат салып апару үшін көптеп қолданылады. Ол құдағи қоржын, күйеу қоржын деп аталады» [122]. Бұл будан терминді лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминге жатқызуға болады. Себебі будан терминнің төлтілдік элементі қоржын өзінің бастапқы мағынасының дамып, басқа затты атауға көшуіне байланысты жасалған.

Қоржын (экономика саласының термині):

1) жекелеген фирма, сала және макроэкономика деңгейінде белгілі бір күнгі тауарлар тапсырысының жиынтығы;

2) сұранымды және дайындаушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып жасалатын, өнімді жеткізу шарттарын жасасу үшін негіз болып табылатын тауарлардың түр-түрі бойынша сұрыпталымдық жоспар;

3) занды не жеке тұлға иеленетін түрлі бағалы қағаздар;

4) экономика субъектінің байлығын құрайтын активтер жиынтығы. Қоржын экономиканың барлық аяларында қолданылады және фирма, ұйым, кәсіпорын қызметінің ауқымы, экономика келешегі, рыноктағы орны, т.б. туралы пайымдауға мүмкіндік береді [122].

**Эталондық қоржын** (экономика термині) – инвестордың мұддесімен айқындалатын бағалы қағаздар жиынтығы.

Ғалым Ж. Манкееваның «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен

бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр» [123, б.126], – деген пікірінен тіл мен ұлттың ажырамас ұғымдар екенін көруге болады.

Тілдік құбылыстарды зерттеуге когнитивті көзқарас тілдің негізінде әлем туралы білім жүйесі – адамның танымдық іс-әрекеті нәтижесінде адамның санасында қалыптастасын әлемнің тұжырымдамалық бейнесі жатыр деген идеяға негізделген. Бұл жағдайда тілдің өзі осы тұжырымдамалық жүйені қалыптастыруға тікелей қатысадын когнитивті механизм ретінде әрекет етеді.

Тіл мен ойлаудың, тілдің және білімнің арақатынасы мәселелері ғылыми білімнің дербес саласы ретінде терминологияны бөліп көрсетуден бастап әрдайым зерттеушілердің, оның ішінде терминологтардың назарында болғанын атап өткен жөн.

Термин – бұл кәсіби мағынаға ие, кәсіби ұғымды білдіретін және қалыптастыратын және белгілі бір кәсіптің бұрышында объектілер мен олардың арасындағы қатынастардың белгілі бір шеңберін тану және игеру процесінде қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі.

А.Е. Бижженованың «Деонимдердің мазмұндық және сөзжасамдық әлеуеті (жалқы есімдерге жататын сөздер)» атты еңбегінде деонимдік лексиканың, оның ішінде терминологиялық сипаттағы деонимдердің лексикалық, сөзжасамдық және когнитивтік ерекшеліктері айқындалады, неміс, қазақ және орыс тілдерінен анықталған мысалдар талданады [124].

А.С. Смағолованың «Мұнай және газ саласындағы терминологиялық өрістің ерекшелігі (ағылшын және қазақ тілдерінің материалында)» зерттеуі ағылшын және қазақ тілдерінің мұнай-газ терминологиясының құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін салыстырмалы аспектіде зерттеуге арналған [125].

Е.И. Голованова когнитивтік терминдердің бағдарлау, жүйелеу, модельдеу т.б. функцияларын атайды [96].

Соңғы жылдары когнитивті лингвистикадағы когнитивті-дискурсивті тәсіл арқылы терминдердің дәлдігін сипаттау үрдісі байқалды. Білімнің немесе қызыметтің белгілі бір саласы неғұрлым толық сипатталса, оған кіретін терминдер соғұрлым дәлірек болады. Мұндай сипат будан терминдерге де тән. Әртүрлі ғылым әдебиеттерде қолданылып жүрген будан терминдерге мысал келтіретін болсақ:

*Омыртқа жұлдыны зақымданған адамдарға қайта журуге мүмкіндік беретін революциялық экзо қанқа* (okulyk.kz).

**Биоалуантурлік** адамзатты шексіз ұзақ уақыт энергетикалық, техникалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етудің жалғыз көзі (Оразымбетова Б.Б, Ахметчина Т.А. Биологияға кіріспе).

Біз дыбыстардың магынасын білмей-ақ оларды болжай алуымыз туралы дерек, дыбыстар жасалуының қажетті әрі жеткілікті **микроқұрылымдық шарттары** микроқұрылымды сипаттау үшін қолданылатын тілдің пікірінің материалдық барабарлығына және дыбыстар білдіретін пікірге үксас болуы екіталаі (Ричард Р. Философия және табиғаттың айнасы).

*Қандай да жер бедерінің көрінісі макро жер бедері, микро жер бедері, мезо жер бедерлері* өзіне әрекет ететін факторларға сәйкес уақыттың өтуіне байланысты өзгеріп, басқа бір пішінге ие болады (Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы).

*Топырақ пен грунттагы ылғал мен тұздың болінуіне рельефтің мезо және микро пішіндері* мен *топырақ тұзуши жыныстардың литогендік негіздері* етеді.

*Құйын* (синонимдер торнадо, тромб, мезо дауыл) бұл көлемі көлденеңінен 50 шақырымнан кем және тігінен 10 шақырымнан кем, 33 м/стан астам жылдамдығы бар аса қатты ауаның айналмалы қозгалысы (Каратабанов Р.Ә., Байметова Ж.Р., География, 7- сынып). Жоғарыдағы мысалдарда географиялық будан терминдер: макро жер бедері, микро жер бедері, рельефтің макро және микро пішіндері, мездадауыл т.б. өз саласы бойынша белгілі бір ұғым туралы ақпаратты дәл жеткізуге қызмет етеді.

«Терминнің уәжділігі – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі» [1, 6.513].

*Аралас тыңайтқыштарды кең ауқымда шетелдік агрономістік елдерде минералды тыңайтқыштар өндірісінде аралас тыңайтқыштар өндірістің 1/3 құрайды* (<http://okmri.kz/kk/node/89> Ертаева Ж.Т. «Іле Алатауы тау алды жазықтығының шалғынды сортаң топырақтарының ұзақ мерзімді мелиорациялау кезеңінен кейінгі құрамы мен қасиеттерінің өзгеруінің ғылыми негіздері»).

*Әртүрлі экологиялық алуан түрлілігін зерттеу үшін жұмыста 14 локустар бойынша микросателиттік маркерлер қолданылды* (<https://www.kaznau.kz>. Елубаева М.Е «Қазақстан Республикасында өсірілетін түйе малының сүтін өндіру және өндеу үшін генетикалық потенциалын зерттеу»).

*Тұздардың топыраққа және табиги суларға көшуін үлгілеу үшін, гидромендеулеріне* негізделген математикалық үлгілер және ерітіндідегі заттардың конвекция диффузия процестерін сипаттайтын мендеулер ең қолайлы болып табылады (<https://www.kaznau.kz>). Берілген ғылыми мәтіндердегі агроталишық, экотүр, гидромендеу сияқты будан түзілімдер әртүрлі ғылым саласы бойынша белгілі бір ұғымдар туралы мәлімет береді. Аталған будан терминдердің мағынасы ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет береді. Бұл белгілер терминнің уәжділігін көрсетеді.

*Ауаны тазарту үшін адсорбциялық қабілеттерге* ие болу үшін белсендерілген көмірдің кеуек диаметрі улы және зиянды газ молекулаларының диаметрінен сол үлкенірек болуы керек (<https://kk.nxmaohua.com/news/activated-carbon-applications-and-classifications-of-porous-black-industrial-adsorbent>).

*Белсендерілген көмір: кеуекті қара өнеркәсіптік адсорбенттің қолданылуы мен жіктелуі* (<https://kk.nxmaohua.com/news/activated-carbon-applications-and-classifications-of-porous-black-industrial-adsorbent>).

Берілген мысалдардағы будан терминдер әрқайсысы өз саласы бойынша белгілі бір ұғым туралы ақпаратты жеткізуге қызмет етеді. Бұл терминдер тиісті саланың мамандары үшін түсінікті. Әртүрлі терминдер (экономикалық,

техникалық, ғылыми және т.б.) осы білімді тасымалдаушылармен (экономистер, технологтар, ғалымдар және т.б.) білім алмасу шеңберінде қолданылады.

Қазіргі уақытта лингвистиканың антропоцентристік бағытына байланысты терминологияны, осы процестегі адамның жеке басының рөлін зерттеу зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады.

Ғылыми мәтіндердегі будан терминдердің қызметін саралай келе, мынадай функцияларын анықтады:

– Номинативті функциясы – будан терминдер жалпы ұғымдарды, категорияларды, ұғымдардың белгілерін (қасиеттерін), сондай-ақ адамның білімі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы объектілер арасындағы операцияларды (қатынастарды) атайды;

– дефинициялық функция будан терминдердің белгілі бір білім саласында қолданылатын ұғымдардың мағыналарын анықтау және нақтылау үшін анықтама беруде көрінеді;

– сигнификаттық функция будан терминдердің ұғымдарды белгілеу және ажырату қабілетімен байланысты. Будан терминдер объектілерді, ұғымдарды немесе олардың белгілерін атау және белгілеу үшін қолданылады. Сигнификаттық функция белгілі бір ғылым саласындағы будан терминдерді дүрыс және нақты түсіну үшін маңызды;

– танымдық функциясы – олардың ақпаратты беру, білімді сақтау және әлемді тану процесіне, соның ішінде білім мен оқыту арқылы ықпал ету қабілеті. Терминдер білімнің әртүрлі салаларындағы ұғымдарды дәл және біржакты сипаттауға мүмкіндік береді, бұл ақпаратты түсіну мен беруді женілдетеді;

– бағдарлау функциясы – адамның қоршаған шындыққа бағдарлануына ықпал етеді;

– жүйелеу функциясы – жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар ұғымдарының арасындағы байланыстарды орнату, оларды жүйелеу, әртүрлі лингвистикалық білімді біртұтас теорияларға ұйымдастыру үшін мүмкіндіктер жасау («концепт» термині лингвистикалық білімнің қазіргі жағдайын көрсетеді);

– модельдеу функциясы – жуық ұғымдарды жақындастыру, олардың арасындағы ұқсастықты орнату (сөздің семантикалық құрылымы → тұжырымдаманың өріс құрылымы) есебінен қолданыстағы ұғымдар негізінде жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты;

– болжамдық функция – ғылымды дамытудың және ғылыми білім алудың әлеуетті бағыттарын анықтау (мысалы, «концепт», «категория» және «когниция» терминдерінің туынды және үйлесімділік әлеуеті). Терминнің формасы, оның артындағы тұжырымдаманың күрделілігін көрсете отырып, ол маманды белгілі бір ой объектісінің белгілі бір қасиеттеріне бағыттауға көмектеседі.

Бұл функциялар қатарына тағы да мыналарды жатқызуға болады:

– тезаурус – терминдер терминологиялық сөздікті жасау үшін материал ретінде қызмет етеді;

– мәдени қалыптастыруышы функция – терминдер қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады.

Қорыта келгенде, будан терминдер ғылыми мәтіндерде номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық функцияларымен қатар бағдарлау функциясы, жүйелеу, модельдеу, болжамдық, тезаурустық, мәдени қалыптастыруышылық функция атқарады. Будан терминдердің танымдық сипаты онда бекітілген ақпараттың көмегімен нақтыланады, себебі терминдер нақты заттар мен құбылыстардың атауы болып табылады. Терминнің жеткізетін ақпараты оның пайда болуына әсер еткен факторларды, жасалуы туралы дереккөзді, мәдениет туралы мәліметті тануға мүмкіндік береді. Тілімізде қолданылып жүрген бірқатар будан терминдердің ұлттық сипаты айқын көрінеді.

### **3.2 Медиакеңістіктегі будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметі**

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында әртүрлі ғылым салаларының терминдері белсенді қолданылады. Баспасөз мәтіндеріндегі терминологиялық лексиканың құрамы үнемі жаңарып отырады, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында өмірде болып жатқан әртүрлі процестер бейнеленеді. Ғылымның дамуы және қоғамдық қатынастардың өзгеруі нәтижесінде пайда болған жаңа терминдер медиакеңістікте белсенді қолданылады. Әртүрлі салаларға қатысты будан терминдер медиамәтіндерде жиі ұшырасады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында будан терминдер негізінен репортаж, сұхбат, жаңалықтар сияқты ақпараттық жанрлар тобында жиі қолданылады. Олардың барлығы жеделдігімен, материалдарда белгілі бір оқиғаның қамтылуымен, жеке фактіні, құбылыстық қарастыруымен ерекшеленеді. Мұндай мәтіндер ақпаратты тасымалдаушы ретінде әрекет етеді. Бұл мәтіндердегі будан терминдер медиакеңістікте бірқатар функцияларды орындаі алады: ақпарат беру, білім беру, ғылыми білімді насиҳаттау.

***Азобояғыштар*** (ариламиндер). Олар молекулалық құрылым ретінде азоттында кездесетін синтетикалық органикалық қосылыстар. Дүние жүзінде қолданылатын синтетикалық бояғыштардың шамамен 2/3 бөлігін азобояғыштар құрайды ([https://www.nano-lab.com.tr/kk/blog/detail/%](https://www.nano-lab.com.tr/kk/blog/detail/)).

Берілген медиамәтіннен үзіндіде **азобояғыштар** химия саласының термині қолданылған. Мемтерминком 2006 жылы бекіткен. Орысша атауы азокрастиели. Оқырманға түсінікті болу үшін анықтамасы қоса беріледі.

Елімізде *цифрлы трансформациялау* ісі 2002 жылы бастау алған болатын. **Электронды архив жүйесінің** сынамалы жобасын енгізу үшін тәжірибе алаңы ретінде Қазақстан Республикасы Президенті архіві мен сол кездегі Мұрагаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет (Алматы) таңдан алынған еді. Бұл жөнінде баспасөз беттерінде сол кездері жеткілікті жазылды да. Бұл – **архив құжаттарын цифрау**, яғни қағаз негізделі құжаттарды цифрлы нысанга көширу, пайдалану қорын жасау еді («Егемен Қазақстан» газеті №113 (29842), 12 маусым, 2020).

**Адвокаттық лицензия** алу үшін емтиханды сәтті тапсырып, қызметте жаңа белеске қадам басқан («Егемен Қазақстан» №23 (30002), 3 ақпан, 2021).

Көктемде салатты **агроталишықпен** немесе тесіктерін пленкамен жауып өсіруге болады (Смағұлова Д.Ә. «Өнімнің конвейерлік түсімін қамтамасыз ету мақсатында салат дақылын өсірудің сорттық технологиясының агробиологиялық негіздері»).

Сондықтан, жаңа құқықтық актілер мыңдаған **агроөнеркәсіп кешеніне** жалға алған жерлерін жеке менишіктеріне алуға мүмкіндік береді (Есенжол А. «Аграрлық саланы алға сүйрейді» Астана ақшамы).

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерінде тікелей қолданылатын будан терминдер ақпарат беру, білім беру және ғылыми білімді насиҳаттау функцияларын орындаиды. Дұрыс қолданылмаған немесе оқырманға түсініксіз будан терминдер БАҚ мәтінінің ақпараттылығын төмендетеді. Себебі, терминдер ғылыми ұғымдардың мазмұнын түсіндіретін ақпараттар көзі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде семантикалық параметрлерді бөліп көрсетуге болады: фактілерді, оқиғалар туралы ақпараттарды ұсыну, оны дәлелдеу; оқырманды сендіру немесе бір пікірді бағалау және болашаққа болжам жасау т.б. функцияларын атқарады. Осылан сәйкес оларда қолданылған будан терминдерден де ақпараттылық, сендіру функциялары байқалады.

Әлемде орын алған пандемиядан бірінші болып зардал шеккен туристік, логистикалық бизнес, әуетасымдаушылар мен сыртқы экономикалық мамілелерге қатысуышылар болды («Егемен Қазақстан» газеті №97 (29826) 21 мамыр, 2020).

Түркі мемлекеттерінің жылдық экономикалық өсімі 5-б пайызыга өсептіндегі бағдарлама жасау керек. **Жаңа технология, жасанды интеллект, роботизация, интернет ресурстарын** тиімді пайдалану жобалары жасалу қажет. Әр мемлекетте Ұлы Жібек жолын жандандыруға үлкен серпіліс беретін **мегажобалары, рухани – логистикалық хабтар** болуы керек. («Қазақ әдебиеті» газеті №22 (3708), 5 маусым 2020).

Бұл мысалдарда экономика, техника, информатика салаларына қатысты бірқатар будан терминдер қолданылған. БАҚ мәтіндерінде ақпаратты беру, оқырманды материал арналған білім саласына енгізу үшін жоғары мамандандырылған терминдер қолданылады. Алайда, егер термин түсініксіз болса, бұл барлық мазмұнды толық (немесе ішінара) түсінбеуге әкелуі мүмкін. Сондықтан мәтіндегі термин сөздер мен сөз тіркестері қарым-қатынас талабына сай болуы керек. Өкінішке орай, баспасөзде қолданылатын көптеген шет тіліндегі терминдердің мағыналары оқырмандарға әрдайым түсінікті бола бермейді.

Бұл әдісті қолданған кезде ауру адамның қаны құрамында **ТТЛП** қарсы антиденелер бар бағаналар арқылы өткізіледі (<http://elib.kaznu.kz/>).

Бұл мысалдағы **ТТЛП** аббревиаты арқылы жасалған будан термин көпшілікке түсініксіз.

Сондықтан кейбір салалық терминді қолданғанда автор көпшілікке түсінікті болуы үшін, сол терминнің анықтамасын бірге ұсынғаны дұрыс.

Мысалы:

КеАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» жалпы иммунология кафедрасының ассистенті, медицина гылымдарының магистрі Арайлым Абильбаева арнайы Иммунитет Күніне орай **антиденелер** мен олардың маңызы туралы айтып берді.

Адамдар өркениеттің ең бастапқы кезеңінен бастап әртүрлі аурулармен куресіп келеді және оның соңына дейін де куресетіні анық. Әр жүзжылдықта өзіндік медициналық революция болған. Бірақ өткен ғасыр ерекше есте қалады. Біздің өміріміздің әр секундында денсаулығымызды сақтап тұратын ең күрделі биологиялық механизмдерді аштық. Жалпылама **иммунды жүйе** деп аталатын осы механизмдердің ашилуы адам денсаулығына теңдессіз оң әсер етті. Берілген мәтін арнайы сұхбаттан алынған.

Бұл мысалда медицина саласына қатысты будан терминдер кездеседі. Мәтінде **иммунды жүйе** терминінің жанама анықтамасы берілген. Медиамәтіндерде дефинитивті құрылымдардың коммуникативті сипаты дербес сөйлем ретінде ресімделген тікелей анықтамалар, сөйлемнің бөлігі болып табылатын жанама анықтамалардан көрінеді. Мұндай сөйлемдер мәлімдеме стратегиясымен және автордың мақсатты қозқарасымен анықталады.

**Пуризм** ілімінің зиянды жағының қазақ тіл білімінде кең насхатталуының себебін де кеңестік тілдік саясаттан іздеуіміз қажет (Пуризм (лат. *purus* «чистый») – повышенная требовательность к сохранению изначальной чистоты, строгости стиля, приверженности канонам в языке, искусстве, спорте и тому подобное. Языковой пуранизм – лингвистический термин, обозначающий преувеличенное стремление к чистоте литературного языка. Пуризм – течение во французской живописи и архитектуре конца 1910-1920-х годов. Основные представители – художник А.Озенфен и архитектор Ле Корбюзье).

Өйткені олар (орыс тілші ғалымдары) пуризмнің жағымсыз жағы деп бізге тыйым салғандарын өздерінің сөздік құрамына шетелдік сөздерді орысшалап қабылдауда еш қолданбаған (<https://anatili.kazgazeta.kz/news/55910>).

Талданған мәтінде реципиентке түсінікті болу үшін пуризм ілімі терминінің орыс тіліндегі анықтамасы беріледі.

Қазақстан микроқаржы ұйымдары қауымдастырының басшысы Ербол Омарханов **микроқаржы ұйымдары** кепілсіз несиенің катализаторы емес екенін, олар халықтың қарызга батуына себепші болып отыр деген пікірдің жаңсақ екенін, қарыз беруге қатысты шектеуді қолдамайтынын және несие нарығының барлық ойынысына талап бірдей болу керектігін айтқан-ды («Егемен Қазақстан» газеті 31 наурыз, 2021 Айтжанбайқызы Г. Банкпен «бәсеке» микроқаржы ұйымдарының бәсін көтере ала ма?»).

Ол кезде АҚШ-тың әуе күштері мен космос және **кибергарыш** саласы да бүкіл әлемде үлкен басымдықта ие болатын.

Тогызынышыдан, **киберәлемдегі трансұлттық компаниялардың** бәрі де Еуропамен санасуда (Ахметов Ә. «Әлем алыштарының текетіресі»).

Қауіпсіздік пен басқарушылықты, ашиқ инновацияны ұстану, ашиқ ортадағы желелік қауіпсіздікті сақтау, халықаралық алмасулар мен

ынтымақтастықты ныгайту, **кибер кеңістікте** адамдардың қалың тобының пайдасы, бақыты және қауіпсіздігі сезімін жақсарту қажет» (М.А. Омарова «Ақпараттық қауіпсіздік – Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының жаңа бағыты» ([http://sp.kaznpru.kz/docs/jurnal\\_file/file20200119094150.pdf](http://sp.kaznpru.kz/docs/jurnal_file/file20200119094150.pdf)).

Ал екінші нәтижесе – **метадеректер** негізінде, осы шаралар енгізілген елдерде, құрамында алкоголь бар сусындардың сол бага санатында нарықта ҚАС пайдалану төмендеген кезде халық құрамында алкоголь бар сусындарға ауысатыны анықталған («Егемен Қазақстан» №101).

Берілген мысалдардағы будан терминдер әрқайсысы өз саласы бойынша белгілі бір ұғым туралы ақпаратты жеткізуге қызмет етеді. Ақпаратты қабылдаудың дәлдігі қолданылатын терминдердің дәлдігіне байланысты. Сөздің коммуникативті функциясы сөзді кері байланыс орнату үшін реципиентке белгілі бір ақпаратты беру құралы ретінде түсінеді. Осы себепті коммуникативті функция көбінесе «ақпараттық» деп аталады, бірақ алушымен кері байланыс орнату міндетті шарт болып қала береді.

Терминнің коммуникативті қызметін талдау кезінде сөздің әлеуметтік және жеке-коммуникативті функцияларын ажырату керек. Терминге енгізілген ақпаратты зерттеу кезінде оның уақыт пен кеңістікте арнайы білімді беру құралы екенін есте ұстаған жөн.

*Сонымен қатар көрмеде сағат шеберінің жұмыс бөлмесі, ғашықтардың кездесетін жері, сағат механизмінің құрылымы сияқты **фотоаймақ-инсталляция** үйімдестерлердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында **онлайн нұсқаға** көшуіне байланысты өз тарапынан бірнеше жобаны қолга алып отыр.*

*Нұр-Сұлтанда **автономды дезинфекция** және аялдама павильондарының қауіпсіздігін бақылау жүйесі ресми іске қосылды, деп хабарлайды Егемен.kz.*

*«Жедел-тактикалық* басқару буынының жоғары білікті офицерлерін, болашақ қолбасшыларды даярлайтын жетекші факультеттердің бірі Бауыржан Момышұлының есімімен аталады», деп толықтырды Жедел өнер және тактика кафедрасының бастығы полковник Эрнест Жусіпов.

*Айта кететін бір жайт, **резервшілер** тек «кенишілер астанасы» бойынша ғана таңдалды.*

*Сондай-ақ басқарма басшысының әскерге шақырылуышылардың бір ай бойы қала аумағын **санитарлық өндөу** үшін қосынша күш ретінде жұмылдырылатынын атап өтті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық **инфрақұрылымының** қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2020 жылдың тамыз айынан бастап Network Sandbox (желілік құмсалғыш) – **tLab өнімі** пайдалануға енгізілді.*

*Айта кетейік, порталды пайдалану үшін **ЭЦК** болуы шарт. **Электронды цифрлы қолтаңбаны** бүгінде порталда қашықтан рәсімдеуге болады.*

*«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік **корпорациясы** бұрын тек ХКО арқылы көрсетілген қызметтер, оның ішінде жәрдемақы бойынша*

*өтініштерді порталдағы «Электронды өтініштер» сервисі арқылы қабылдау мүмкіндігін жасады.*

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, БАҚ мәтіндерінде әртүрлі жолмен жасалған будан сөздер ұшырасады:

Синтетикалық тәсілмен жасалған гибридтік құрылымдар: *резервилер*;

Аналитикалық жолмен жасалған:

қосарлану арқылы: *фотоаймақ-инсталляция, жедел-тактикалық*;

бірігу арқылы жасалған: *инфрақұрылым*;

тіркесу арқылы: *«азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электронды өтініштер» сервисі*;

қысқарған сөз арқылы: *tLab өнімі, ЭЦК*. Осылай будан түзілімдердің көпшілігі ағылшын-қазақ сөзі арқылы жасалған.

Терминнің коммуникативті функциясы – оның көмегімен адресат уақыт пен кеңістікте белгілі бір арнайы ақпаратты жібереді (көбінесе реципиентпен кері байланыс орнатқан кезде). Терминнің коммуникативті функциясы басқаша ақпараттық деп аталуы мүмкін. Коммуникативті функция терминографияда да көрінеді, сонымен қатар ол мәлімдемеде, ғылыми дискурста айқын көрінеді. Термин белгілі бір дәрежеде прагматикалық функциямен сипатталады, ол реципиентке әсер ете алады. Егер біз әлеуметтік ғылымдар терминдері туралы айтатын болсақ, онда В.М. Лейчик айтқандай, эмоционалды-экспрессивті компонент осы терминдердің мазмұндық құрылымына енеді, бұл оларға прагматикалық функцияны орындауға мүмкіндік береді. Бұл ретте ғылым тілінің функциялары әдеби тілдің функцияларына қабатласпайды, өйткені ғылым тілі, ең алдымен, шындықты білу құралы (эпистемологиялық функция), зерттеу және практикалық қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты бекіту, сақтау, беру құралы (ақпараттық-коммуникативтік функция) болып табылады. В.П. Даниленконың прагматикалық функция туралы тұжырымы Н.Ф. Алефиренко пікіріне ұқсас. Ғалым белгінің прагматикалық функциясы оның адамға әсер ету қабілетінен, дәлірек айтсақ, сөйлеушінің тыңдаушыға әсер ету мақсатында белгіні қолдануынан тұрады деп есептейді.

Басқа лингвистикалық салалармен салыстырғанда терминология бірліктері қоғамға жақынырақ екені белгілі және күнделікті өмірде жиі қолданылады. Өйткені терминология тіл дамуының қазіргі кезеңіндегі лексиканың ең динамикалық саласы, ол тек метатілде ғана емес, сонымен бірге жалпы әдеби тілде де болатын өнімді процестерді ашуға мүмкіндік береді.

Кез-келген тілдің терминологиясы басқа тілдермен немесе басқа тілдердің терминологиялық базасымен ғылыми байланыстар арқылы кеңейеді. Қазіргі уақытта тарихи дамудың күрделі және ұзақ жолынан өтіп, Қазақстан ғылыми-техникалық терминологиясы ғылым мен технологияның қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін жоғары дамыған номинациялар жүйесі болып табылады. Құн сайын біз жаңа терминдер мен ұғымдарды көбірек кездестіреміз. Мұндай динамикалық дамуда терминдердің қызметін әртүрлі тәсілдермен түсіндіруге болады.

Терминнің әртүрлі тілдік салалардағы қолданысы оның белсендірілуіне байланысты. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады.

Терминдердің белсендірілуінің экстралингвистикалық себептерін ескере отырып, қазақ тіліндегі будан терминдерді көп функционалды деп айтуға болады. Олар ғылымның барлық салаларында кездеседі: *гидроқұрылыш*, *этноауыл*, *электронды оқулық* және т. б.

Осы мысалдарға сүйене отырып, терминнің ең маңызды функциялары номинативтілік және ақпараттылық деп айтуға болады.

Медиакеністікте қолданылатын будан терминдер – ғылыми ұғымдардың мазмұнын ашатын ақпараттар көзі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған будан терминдерді сөздің терминологиялық мағынасы арқылы алуға, таратуға болатын мәліметтер жиынтығы деп түсінуге болады. БАҚ та кездесетін будан терминдер арқылы берілетін ақпараттар ғылыми ұғымның арнайы зерттеулер нәтижесінде анықталған көбінесе әр саланың мамандарына ғана таныс болатын, жалпы жүртшылық немесе маман еместер біле бермейтін белгілерден тұрады.

Мысалы:

*Билік легитимділігінің ресурстары сарқылған сайын халық наразылығы* өсуімен қатар, оппозициялық күштердің қогамдық қолдауға ие болып, тез қүшесінде ықпал етеді («Ақиқат» журналы, 2015).

Қазіргі заманғы қогамдық-саяси ой-пікірде исламофобия, антисемитизм, синофобия, антиамериканизм, американофобия, НАТО-фобия сияқты түрлі фобиялар, яғни, қорқыныш ұялататын ұғым-түсініктер мен жеккөрушілік сезімдер туындаған отырғаны жасырын емес. Сонымен қатар, антиглобалистік, евроскептиктік, антиеуразиялық пігылдар да, ұлтшылдықты фашизмге теңеуші антиукраиналық көзқарас та белен алған тұр («Ақиқат» журналы, 2015).

Будан терминдер мағыналары арқылы берілетін ақпараттар көп жағдайда ғылыми дәлдігімен және өзге лексикалық қабаттарға жататын сөздер мағыналарында сақталатын мәліметтермен салыстырғанда толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленеді. Будан терминдер кәсіби ортада қарым-қатынас жасаудың тиімді құралы болып табылады. Әртүрлі ғылым саласы терминдері сол саланың мамандары үшін түсінікті.

Будан терминдердің коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінеді. Сонымен қатар будан терминдер күрделі ұғымдарды немесе процестерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

### 3.3 Будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар

Терминдерді қолданудағы олқылықтар зерттеуші ғалымдар тарапынан айтылып та жүр. Терминология мен терминтану салаларын зерттеуші ғалымдар терминдерді қолданудағы бірнеше кемшіліктер атап көрсетеді. Терминтанушы ғалым, академик Ш. Құрманбайұлы терминжасамдағы біршама кемшіліктерді, терминнің үндесімсіздігі, семантикалық сәйкесіздігі, бұрыс бағыттаушы термин, шұбаланқылығы, көпмағыналығы, квантативті вариантар, салыстырмалы синонимдер, толық синонимдер, толық сәйкеспейтін синонимдер, термин сияқты кемшіліктерді атап көрсетеді [126].

Жоғарыдағы көрсетілген кемшіліктердің бірқатары будан терминдер бойынан да табылады. «Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар» атты мақаламызда будан терминдердің жұмсалуындағы кейбір сәйкесіздіктер талданып, төмендегідей олқылықтар анықталған:

- «төл тілдегі баламасы бола тұра шетел сөздерін қолдана отырып, будан сөздер жасау (шеттілдік сөздерді уәжсіз қолдану);
- будан терминдерді қолдануда грамматикалық нормадан ауытқу;
- будан терминдерді жазуда орфографиялық зандылықтардың сақталмауы;
- будан терминдердің бірнеше сөздердің тіркесінен жасалып тым шұбалаңқы болып келуі» [127, б.259].

Бұл айтылғандардан басқа аббревиаттардан жасалған будан сөздердің құрамында қысқарған сөздердің өзгетілдік нұсқасының берілуі (публицистикада, ғылыми мәтінде, ресми қағаздарда) кездеседі:

*VIP-түйіндеңе, VIP-хабарландыру, IT-мамандар, PR-мамандар* т.б. Мұндай будан атальмдар кейбір зерттеулерде **кентавр терминдер** деп аталып жүр.

Бірнеше сөздердің тіркесінен тізбектеліп жасалған шұбалаңқы будан терминдер кез келген ғылым саласында кездеседі.

Мысалы: *ақпараттық – терминологиялық қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесі, химия халықаралық одагы, шартты алдын ала тексеру циклі, жылу мәшинесінің пайдалы әсер коэффиценті; теориялық және қолданбалы екі өрнек қосындысы квадратының формуласы, материялық нұктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозгалысы* [69].

Термінтанушы ғалым Ә. Қайдаров «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде: «терминология – мемлекеттік тілдің жон арқасы, бүкіл рухани – мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс» [59], – дейді.

Ғалым М. Ахметов зерттеу мақаласында медицина терминдерін аударудағы қателерді көрсете отырып, атальған сала терминдерінің қазақша баламасын табу керектігін айтады, төлтілдік баламасы жоқ болған жағдайда ғана терминнің грек, латын тіліндегі нұсқасын қалдыруды дұрыс деп есептейді. «Терминдерді тәржімалағанда міндettі түрде сол ғылым саласының ғалым маманы және тіл ғылымы саласының маманы бірлесіп жұмыс істесе дұрыс болар еді. Өйткені бұл екеуінің одақтасуы арқылы ғылыми терминнің тереңіндегі іірімдер игеріліп, қазақ тіліндегі ұмыт болған архаизмдер орнын табар еді» [128], – деген ұсыныс айтады.

Термінтанушы ғалым Ә. Айтбайұлы «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясында: «Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды дейміз. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық ярусына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қабаты өзгеріс, өріске онша көне бермейді (мәселен тілдің грамматикалық категориялары, дыбысталу жүйесі т.б.). Ал оның қайсы бір қатпарлары жаңалыққа иін беріп, жаңа мағыналық ұғым, түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алғып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты

көрсеткішінің бірі – оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады» [101], – дейді.

А. Колпек «Химия терминдерінің қазіргі жай-күйі және қазақ тілі зандылықтарына сәйкестігі» [129, б.29-33] мақаласында мектеп оқулықтарындағы бірқатар химиялық терминдердің дұрыс аударылмай жүргенін айтады.

Ғалымның көрсетуінше, 7 – сыныптың химия оқулығында біртекті (гомогенді) қоспаларды бөлу үдерісінде «дистилдеу» сөзін «айдау» деп аударған. Бірақ дистилдеу – сұйық қоспаларды бір-бірінен бөліп алу деген мағынаны білдіреді. Сол себепті дистилдеу деген сөзді солай қалдыру керек сияқты, сонымен қатар сөздікте «дистилдеу – дистилляция» деп аударылған ([termincom.kz](#)). Себебі *айдау* деген сөз – *перегонка* деген сөздің аудармасына жақын келеді. 8 – сынып оқулығында «инертті газ» деген сөздегі «инертті» сөзін «бекзат» деп аударған, бұл химиялық ұғымды толық ашпайды. Терминдер жинағында «инертный газ – инертті газ» деп аударылған (бұл термин 1971–1981жж. бекітілген термин).

Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдерді зерттеу барысында төлтілдік элементтердің терминнің мағынасына сәйкес келмейтінін, сонымен қатар орыс тілінен немесе шет тілінен сәтсіз аударма жасалу мәселелері кездесетінін аңғардық. Мысалы: *химическое средство* термині *химиялық ынтықтық* деп аударылған. Үнтықтық сөзінің түп негізі қазақтың *ынтығу*, *ынтық* сөздерінен алынғаны белгілі.

*Химическое средство* терминіне берілген анықтама бойынша бұл заттардың өзара химиялық әрекеттесу қабілетін сипаттау үшін немесе алынған қосылыстың бастапқы заттарға ыдырауына төзімділік дәрежесін сипаттау үшін қолданылатын термин (<https://www.booksite.ru/fulltext/1/001/008/119/080.htm>). Ал медицинадағы *средство к кислороду* термині *оттегіге ұқсастық* деп аударылады. Сондықтан химиялық ынтықтық термині құрамындағы ынтықтық сөзі сродство сөзінің мағынасын дәл бере алатын басқа сөзben ауыстырылғаны дұрыс деп ойлаймыз.

О. Мазбаев «Географиялық терминдердің халықаралық атаулармен үйлесімділігі» [130, б.33-36] атты ғылыми мақаласында география саласындағы бірқатар терминдерді мысалға келтіре отырып, олардың түсініксіздігін, және терминнің уәжділігі талабына жауап бере алмайтындығын алға тартады.

*Оазис (жазира)* – шөл мен шөлейттегі тұщы суы бар көгектарлды алқап. (Жазира немесе тұщы суы бар көгектарлды алқапты қалай түсінуге болады?). *Акведук* (лат. *aqua* «вода», *duco* «веду») сөзінің қазақша нұсқасы тарнау сөзін ешкім түсініп жатқан жоқ.

*Үйиқтану, тұнба шөгу* – заиление, абразивы – түрлітас сөзі мағынасынан ауытқып кеткен.

*Дигрессиялық ландшафт өзгерісі* – ландшафтының құнарсыздануы т.б. терминдердің қазақша нұсқасының мағынасы түсініксіз, мазмұнында сәйкесіздік бар екенін ескертеді.

Осы сияқты өзге тілдік компонентін төл тілімізге аударуда түсініксіз сөздермен беру, мағынасынан ауытқу төмендегі терминдерде де кездеседі.

Тілімізде будан терминдерің қолданыс аясында бірізділік пен жүйелікті қажет ететін жағдайлар көтеп кездеседі. Мәселен, *микроорганизм* терминін алатын болсақ, бұл термин ғылымның әртүрлі салаларында қолданыста екенін байқаймыз. Медицина, химия, биология және әскери іс саласында бұл терминнің әртүрлі аударылып жүргенін көреміз, микроорганизм деп те, микроағза деген де баламасы жарыспалы қолданылып жүр.

Мысалы: *микроорганизмдер* 2023 жылы бекітілген термин:

*анаэробты*      *микроорганизм* (анаэробные микроорганизмы) 2023 жылы бекітілген термин;

*микроорганизмдермен ластану* (обсеменение микроорганизмами) 2022 жылы бекітілген термин;

*патогенді микроағзалар* – патогенные микроорганизмы (әскери іс);

*микроағзалар түрлерін идентификациялау* – идентификация видов микроорганизмов (әскери іс);

*ауру тудыратын микроағзалар* – болезнетворные микроорганизмы;

*микроорганизмдердің қоректенуі* – питание микроорганизмов (биология);

*санитарлық көрсеткіштік микроорганизмдер* – микроорганизмы санитарно-показательные (ауыл шаруашылығы);

*индикаторлық микроорганизм* – микроорганизмы индикаторные (ауыл шаруашылығы);

*азотсіңіргіш микроорганизм* – микроорганизм азотфиксациующий (ауыл шаруашылығы);

*сұлы сапрофитті микроорганизмдер* – микроорганизмы сапрофитные водные (ауыл шаруашылығы);

*микроорганизм* – микроорганизм (ауыл шаруашылығы);

*микроағзалар* – микроорганизмы (су шаруашылығы саласында).

Су шаруашылығында кеңінен қолданылып жүрген термин *адаптация* термині – *бейімделу*, *адаптация программы* – *бағдарламаны бейімдеу* түрінде аударылған. Ал *адаптивная контрольная карта* деген термин – *адаптивтік бақылау картасы* деп бекітілген. Яғни адаптация деген шеттілдік кірме элемент бір жерде бейімделу деп аударылса, екінші бір жерде аудармасыз сол қалпында берілген. Тілімізде нақты баламасы бар болғандықтан бұл будан термин уәжіз жасалған терминдердің қатарына жатады. Сондықтан да, осыған сәйкес шеттілдік элементі бар будан терминдерді бірізге түсіру қажеттігі айқындалды.

Энергетика саласында жиі қолданыста кездесетін термин *авария* термині – *авария*, *апат* деп бекітілген. Бұл кірме сөзben келген будан терминдердің бірқатары апат деген төл сөзben берілсе, біршамасы авария түрінде аудармасыз бекітілген. Мысалы: *авария лавинная* – *тасқындық апат түрінде берілсе*, *авария локальная* – *шектеу авария*, *авария по мощности* – *қуаттық авария*, *авария системная* – *жүйелік авария* өзгеріссіз шет тілдік компонентімен бірге берілген. Осыған орай, авария сөзінің апат деп бекітілген баламасы болғандықтан аталған будан терминдер құрамындағы авария терминбөлшегі апат сөзімен қолданылғаны дұрыс деп санаймыз.

Сонымен қатар физика және астрономия саласындағы бекітілген терминдер қатарында *автомолықтыру* деген термин ұшырасады, орыс тілінде

*автокомпенсация* деп аударылады, алайда *автокомпенсатор* термині *автомолықтыруыш* деп емес, аудармасыз сол күйінде бекітілген.

С. Құлманов заң саласындағы терминдерді біріздендіру туралы мақаласында заң саласы терминдерін қаастыра келе, мынадай жалпы жайттарды атап көрсетеді:

«1) орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы (қазақ тіліндегі осы нұсқалар орыс тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі);

2) қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы (орыс тіліндегі осы нұсқалар қазақ тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі);

3) орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы (сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылуы да кездеседі)» [131, б.77-82].

Галым заң саласы терминдерінің қолданысындағы кейбір сәйкесіздіктердің себептерін «бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлармен (мысалы, сала мамандарының ғылыми түрғыда негізделген тұжырымдары, тілдік қалыптасу факторы, терминдердің семантикалық әлеуеті, шығу төркіні және т.б.); заңнамада қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген уәждің алға тартылуымен; салалық терминологиялық сөздіктерде қамтылған терминдердің бекітілген нұсқалармен қатаң түрде біріздендірілмеуінен» [131, б.84], – деп туғындареді.

Терминдерді қолдану барысында латын негізді будан терминдердің қазақ тілінде жарыспа қолданылып келетінін анықтадық. Яғни, латын тіліндегі баламасы мен қазақ тіліндегі баламасы бірге, қатар қызмет атқарып келеді (3-кесте).

Кесте 3 – Будан терминдердің қазақ тілінде бірнеше баламасының жарыспалы қолданылуы

Қазақ тіліндегі жарыспалы будан терминдер	Орыс тіліндегі нұсқасы
абстракты, дерексіз, ойтекті	абстрактный
агглютинативті тіл, жалғамалы тілдер	агглютинативные языки
адвербиалдану, үстеуге айналу	адвербиализация
актуалдану, өзектену	актуализация
альвеол дыбыс, тіл үшін дыбыс	альвеолярный звук
аморфтық, тұлғасыздық, тұрсіздік	аморфность
абсолютист, абсолютшіл	абсолютист
алғыбет, пердебет, авантитул	авантитул
сахна алды алғысахна	авансцена

### 3-кестенің жалғасы

1	2
авангардты, озық	авангардный
автономдық, дербектік	автономный
автопортрет, төлбейне	автопортрет
агентура, агенттік іс	агентура
автостереотип, автотаптаурын	автостереотип
акцепттеу, келісім беру	акцептирование
амбиваленттілік, қосарластық	амбивалентность
аналогтық, баламалық	аналогичный
аногенез, биотектілік	анаогенез
антиөнер, өнерге жат	антиискусство
антикоммунизм, коммунизмге қарсы	антикоммунизм
антилогизм, логикаға қарсы, қисынға қарсы	антилогизм
апатиялық, енжарлық	апатичность

Химия пәнінен мектеп оқулығында *жылыжай* *эффектісі* термині қолданылады. Жылу эффектісі туралы түсінік болуы керек (*termincom.kz*, 2023 жылы бекітілген термин) тепловой эффект – жылу әсері немесе тепловой эффект – жылу эффекті деп аударылып берілген. Жылыжай эффектісі деген химиялық тұжырымдамасына сәйкес келмейді, жылыжай – теплица. Ал тепловой эффект аудармасы – жылу эффекті. Тепло – жылу, жылы дегенді білдіреді.

Ал *termincom.kz* сайтының 2023 жылы бекітілген терминдерді қарастыrsaқ, сәйкессіздік аңғарылады. Мысалы, «амфотерный оксид – амфотерлі оксид», «амфотерный электролит – екіұдайлы электролит» деп берілген, «екіұдайлы оксид» деп болмаса, екінші мысал, «амфотерлі электролит» деп екеуі сәйкес алынуы керек еді.

*Пурпур античный термині – антиктік қызыл* деп аударылған.

*Активирующий – активтеуши* (дұрысы белсендіруші болу керек).

*Полислойная – поликабатты* (дұрысы көп қабатты болу керек) деп есептейміз.

*«Көрнекі сигналдау, сигналдауышы қоңырау, сигналдау арнасы, композитті сигналдау, дыбыстық сигналдау»* [74] берілген будан терминдер 2024 жылы бекітілген, ғылымның электроника, радиотехника және байланыс саласында жиі қолданылатын терминдер болып табылады. Аталған терминдердегі кірме элемент *сигнал* деген сөз – латын сөзі, «signum» – белгі. Бұл будан терминдерде -да және -у журнақтары арқылы сигналдау етістігі жасалған.

Біздің ойымызша, бұл будан термин құрамындағы *сигналдау* шеттілдік элементі уәжсіз қолданылуда. Себебі, сигнал шеттілдік кірме сөзін қазақтың

белгі сөзімен алмастырып, белгі беру (көрнекі белгі беру, белгі беруші қоңырау, белгі беру арнасы, композитті белгі беру т.б.) деген терминмен ауыстыруға болар еді деп есептейміз.

Көптеген ғылыми атаулар, терминдер грек, латын тілінен орыс тілі арқылы тілімізге еніп, аудармасыз сол күйінде қолданылып, тілге берік орнықты. Қазірде бір сыңары аударылып, бір сыңары кірме сөз күйінде қолданылып жүрген будан терминдердің шеттілдік компоненті қазақ тілінде баламасы болған жағдайдаң өзінде аударылмай сол күйінде қолданылуы жиі кездеседі.

*Қазіргі гылымның көптеген салаларының сипаттамалық кезеңнен эволюциялық кезеңге өтуi (астрономиядағы бұл ерекшелікті В.А. Амбарцумян осылайша атап өттi, қазіргі физика мен химияның кейбір тараулары туралы да, геологиялық географиялық гылымдардың циклі туралы да осылай деуге болады) жаңа пәндік аймақтарды (мысалы, физикадағы **элементарлық бөлшектердің** өздерінің құрылымды әлемі, астрономиядағы шексіз ғаламның гипер әлемі, биологиядағы нуклеиндік қышқылдар және басқаларындағы), күтпеген, мейліние **экзотикалық нысандары** обьектілерди (мысалы, астрономиядағы пульстары, квазарларды) және осы аймақтардағы терең заңдылықтарды зерттеуде даму принципінің әдіснамасын тереңінен пайдалануды үдайы талап еттi.*

*Ресурс жинақтау орталығы* ретінде қызмет ететін парк эко турдың заманауи туристік үдерісіне сәйкес дамитын болады. Баршага белгілі, «**еко тур**» табиги экожүйенің барынша сақталуын қамтамасыз етеді (Астана ақшамы 19 шілде, 2016).

*Сөйтін, Кисе Курокава қаланың экологиялық саулығын қамтамасыз етуде Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендерін бойлай **еко әліз** қалыптастырумен бірге, Астананың айналасына орман өсірудің қажеттігін айтты.*

*Бұл ойды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қуаттап, Бурабайдың орманды алқабына жалғасқанға дейін қала айналасына **еко орман** отырғызуға тапсырма берді («Астана ақшамы» 5 шілде, 2016).*

*Мәселен, вокзал, әуежай, улken сауда орындары алдында заңсыз **автомұрақ** жасап алғандар барылық («Астана ақшамы» 16 сәуір, 2024 жыл).*

Келтірілген мысалдардағы будан терминдер ғылыми еңбектерде де, күнделікті қолданыста және баспасөз тілінде әбден орнықсан, тіліміздің терминологиялық жүйесінен орын алғып, қалыптасқан терминдер болып табылады.

Сонымен қатар тілімізде енді ғана қалыптасып, әлі де қолданыста тұрақтала қоймаған будан терминдер де көптеп кездеседі.

*Жинақталған зейнетақы қаражасты есебінен азаматтар **орфандық ауруларды** емдеу, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтер (тісті протездеу, имплантация), операциядан кейінгі тыртықтар мен туа біткен ақауларды түзету мақсатында **реконструктивті және қалпына келтіру операциялары** (пластикалық), сондай-ақ мастэктомия, радионуклидтік және радиоидтерапия, радиохирургиялық емдеу (гамма-пышақ, кибер пышақ),*

*протонды терапия, офтальмологиялық қызметтер сияқты қымбат тұратын қызметтерді ала алады* («Егемен Қазақстан» 24 ақпан, 2021 жыл)

Тілімізде қолданылып жүрген көптеген кірме терминдерді ұлттық тілдегі баламасын тауып, аударып қолдану, немесе бір компонентін төлтілдік сөздермен алмастырып будан термин жасау ұлттық терминологияны дамытуға ықпал етері сөзсіз. Бұл туралы ғалым С.Қ. Әлісжанов: «Қазақша термин жасауға неге болмасын, болады. Біз бұған дейін «адвербиализация» дегенде – адвербиалдану, «адъективизация» дегенді – адъективтену, «вербализация» дегенді – вербалдану, «конъюнктивизация» дегенді – конъюнктивтену, «прономинализация» дегенді – прономиналдану, «субстанция» дегенді – субстантивтену деп, орыс тіліндегі – изация/ация жүрнақтарын қазақшалап, -тану/тену, -дану/дену түлгеларымен беріп келген болатынбыз. Бұларды «адвербиалдану», «адъективтену» ... деп тілімізді бұрап жатқанша, оларды өз атымен атап, неге қазақша үстелену (адвербиалзация), шылаулану (конъюнктивизация), есімдіктену (прономинализация), затесімдену (субстантивация), сынесімдеу (адъективизация), етістіктену (вербализация) деген терминдермен атамаймыз?! Көрсетілген сөздердің (терминдердің) бәрі деғылыми ұғымдардың атауын дәл беріп тұрған жоқ па?! [132, б.112] – дейді.

Будан терминдердің жазылуында кездесетін ала құлалық та бірізге түсіруді қажет етеді. Мысалы, *киберқалқан* термині 2018 жылы бекітілген. Баспасөз беттерінде *кибер қалқан* түрінде жеке жазылады. *Кибер қауіпсіздік* термині де бірде жеке бірде біріккен сөз түрінде жазылуда.

Біз халық үшін де, экономика үшін де барынша оң нәтиже алу мақсатында цифrlандырудың «құрақталған» моделінен тұмас платформалық моделіне өтетін кез келді. IT саласындағы кез келген шешім, әсіресе халықаралық шешім *кибер қалқан* мен азаматтардың мүдделерін қорғау жөніндегі уәкілетті органдардың ұсынымын ескере отырып қабылданады («Түркістан газеті» 23 қыркүйек, 2023).

Қазіргі таңда мамандар да Қазақстанда өз өндірісінің *кибер қалқаны* қашан пайда болатынын дөп басып айта алмайды. Себебі Қазақстан бұған дайын емес («Қазақстанда өз өндірісінің кибер қалқаны қашан пайда болады?» (<https://ult.kz/post/kazakstanda-oz-ondirisinin-kiber-kalkany-kashan-payda-bolady#:>)

*Кибер қауіпсіздік* ісімен айналысатын қорғаныс бөлімшелері біздің елімізде жоғары жалақы төленетін мәртебелі мамандық,abyroйы биік мекемелердің санатынан болуы тиіс.

(Р. Жақсылықұлы «Бейбітшілік – бесігі, қауіпсіздік – қалқаны», «Егемен Қазақстан», 1 қаңтар 2019).

Осы тәріздес бір жерде жеке, бір жерде бірге жазылып жүрген будан терминдер өте көп. Осыған байланысты Р.Сыздықтың «Бірінші компоненті фото, радио, электр(o), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, метео, био, микро, макро, квази, транс деген түлғалар, екінші компоненті тәуелдік жалғауы сөз болса, әрі ғұлар қосылып, бір заттың, бір құбылыстың атын білдіріп тұрса, бірігіп жазылады. Мұндайда екінші компонент қазақ сөзі де, кірме сөз де бола береді: автобаза, автоқалам, автосуарғыш, автоміркес, авиапочта, авиабайланыс, авиамектеп, фотоаппарат, фотосурет,

*телеmekаника, телеқабылдағыш, теледидар, телестудия, телехабар, агрокомплекс, агрошаралар, биосузгі, макромолекула, микробиология, микросинтез, транссібірлік, инфрақызыл, ультракулгін, изосызық, гипержазықтық»* [133] деген пікірін ескерсек, киберқалқан, киберэкономика, киберкеңістік тәрізді будан терминдер де бірге жазылуы тиіс.

Терминді құру, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалауды және түзетуді қажет ететін өте жауапты жұмыс. Терминология – өндіріс пен білім берудің белгілі бір саласы терминдерінің жиынтығы, сонымен қатар терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі туралы ілім. Жеке салада арнайы сөздерді құру және қолдану, терминдердің жаңа жүйесін құру – бұл терминология мәселесі.

Ө. Айтбайұлы терминология жайлы: «Терминология – ғылым мен техниканың тілін дамытатын лексиканың жалғыз құрделі қабаты» [101], – дейді. Макроқұрылым – сөздік мұқабасынан соңғы бетке дейінгі аралықтағы әрбір элементтің жиынтығы. Терминологиялық сөздіктің сапасын жақсартуға осы элементтерді дұрыс жоспарлау және оларды іске қосу, практикалық қолданыста жұмыс істеу үшін негіздеу әсер етеді. Макроқұрылымдық элемент сөздік құрылымында маңызды функцияны орындаиды. Сөздікке кіріспе немесе алғысөз, мақсаты мен міндеттері, ондағы терминдердің көлемі, сөздіктің құрылымы, оны осы құрылымға сәйкес қолдану, қолданумен байланысты әдістемелік нұсқаулар сияқты мәліметтер бар. Қазақ тілінде терминологияны қалыптастырудың екі қағидаты бар.

Бірінші принцип – терминологияны қалыптастыруда қазақ тілінің мүмкіндіктерін пайдалану. Осы принцип бойынша біз қазақ терминологиясының қалыптасу жолдарын талдау кезінде мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен сөздіктер мен орыс-қазақ сөздіктерін кейіннен басып шығару тәжірибесіне сүйендік. Біріншісінде соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде Мемтерминком бекіткен терминдерге талдау жасалды, олардың кейбіреулері қайта қаралып, бірізге түсірілді. Болашақта сөздікті редакциялау кезінде қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминологияға үлкен мән беріледі. Терминдер мен атаулардың орфографиялық емлесін анықтау кезінде орфографиялық сөздікті басшылыққа алады.

Терминдер мен атаулардың қазақша баламасын жасау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылды:

1. Орыс терминдеріне балама ретінде қазақтың байырғы сөздерімен төл сөздерден жасалған туынды сөздер қабылданды.

2. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдердің көмегімен орыс тілінен енген терминдер мен жаңа ұғымдарға баламалы жаңа сөздер жасалады, бірқатар терминдер толықтырылады.

3. Орыс тіліндегі бір ұғым қазақ тіліне әртүрлі тәсілдермен аударылған (натяжение – керіліс (физ.), керілу (тех.).

4. Орыс туынды терминдері мен атауларын беруде бұрынғы тәжірибе сақталған (қазақ тіліндегі туынды терминдер мен бағыныңқы сөздердің түбірін сақтау; орыс туынды терминдерінің бір бөлігін қазақ сөздеріне ауыстыру).

5. Кейбір көп мағыналы қазақ сөздерінің әрбір мағынасы орыс бір түбірлі терминдерінің (бағана – колонка, столбец; үлес – доля, удел) баламасы ретінде берілген.

6. Кейбір кірме сөздер мен жергілікті сөздерге балама терминдер мен атаулар қалыптастыру әдептегідей. Қазақ терминологиясын қалыптастыруда әлі де ізденуді, нақтылауды қажет ететін, екішты нәрселер бар. Бірқатар сөздердің баламасы болғанымен, аударылмайтындар да бар. Бұл сияқты сәйкесіздікті бірізге түсіру керек.

Екінші принцип – қазақ тілінде баламасы болмаған кезде терминдерді орыс тілінен алу. Оларға негізінен халықаралық терминдер жатады. Сөздіктердегі терминдердің бірі осы принцип бойынша қалыптасады. Қоғамның дамуына байланысты туындастын жаңа ғылыми іс-әрекеттер тілге жаңа сөздер әкеледі. Қай салада байланысқанына қарамастан, сөз өз қажеттіліктеріне сәйкес өмір сүреді. Демек, ғылымның көптеген салаларында жүргізілген ғылыми зерттеулерде оқулықтар жазу кезінде біз қолданатын термин сөздер мен сөз тіркестерін ойластырып, сұрыптаған дұрыс, сонда ғана олар ғылыми айналымға еніп, тұрақты қолданысқа ене алады.

Кез-келген тілдің терминологиясы ұлттық және халықаралық қабаттардан тұратыны белгілі. Ғылым саласының терминологиясында, әсіресе жаратылыстану ғылымдарында латын, грек сөздері басым. Әлемдік тіл болып саналатын ағылшын тілінде де көптеген терминдер латын, грек сөздерінен алынатыны айқын. Қазіргі уақытта қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелері біршама зерттеліп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Алайда, термин мәселесі тек ғылыми зерттеуді ғана емес, сонымен бірге практикалық қолдануды, қоғамның барлық салаларына, өндіріске енгізуі талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминологиясында қалыптасқан қағидаттарға сүйене отырып, мемлекеттік тілдің терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту және біріздендіру бүгінгі таңда корреспонденттердің де, сала, жалпы қоғам мамандарының алдында күрделі мәселе болып отыр.

Мемлекеттік тіл деңгейін арттыру жолдарының бірі оның ғылыми тілін жетілдіру (реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау) жөніндегі терминологиялық жұмыс мәселелерін ғылыми негіздеу, сондай-ақ ұлт тілінде ғылыми атауларды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың қарқынды дамуы нәтижесінде пайда болған ұғымдарды ұлттық дұрыс баламалармен және біздің тіліміздегі жаңа атаулармен толықтыру қажеттілігі терминологиялық жұмыс теориясына жаңа көзқарасты қажет етеді. Терминологиялық жүйені біріздендіру мақсатында қазақ тілінің табиғатына сай келетін терминжүйелер проблемасы аударылатын, стандартталатын бірліктердің пайыздық үлесін айқындауды және оларды белгілі бір жүйеге енгізуі талап етеді. Терминдік білім беру процесінде оның теориялық негіздерін анықтау, терминологиялық жұмыстың тілдік принциптерін жүйелеу, аудармашыларға, сала мамандарына нақты бағыттар беретін заманауи әдістемелік нұсқаулар қажет.

Қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру туралы жарияланған монографиялар мен мақалаларда терминологиялық жұмыстың

мәселелері айтылғанымен, терминологияны реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау сияқты теориялық мәселелер арнайы зерттеулер нысанасына айнала қойған жоқ. Қазақ тіліндегі терминологиялық неологизация теориясы мен практикасы әлі біртұтас жүйеге енген жоқ. Басқаша айтқанда, терминдерді қазақ тілінде ұсынудың ерекшеліктері толық қамтылып, жан-жақты талданып, оның ғылыми негізі әлі анықталған жоқ.

Шет елдердің терминология саласындағы осы бағыттағы жұмыстар өзгеше ұстанымдар негізінде жүзеге асады. Мысалы, орыс тіл білімінде терминологиялық қорды қалыптастыру бағытында шет тілдерден терминдер еркін қабылданады да, орыс тілінің фономорфологиялық заңдылықтарына сайбейімделеді.

Қытайдағы қазақ диаспорасында шетел тілдерінен кірген бірқатар кірме терминдер тек аударма түрінде, төлтілдік баламасымен қабылдау бір жүйеге қойылған. Өйткені иерогливке негізделген қытай жазуы терминдердің уәжділігін дәл беру мүмкіншілігі жоғары.

Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыру, реттеу, жүйелеу және біріздендірудің, теориялық және практикалық негіздерін жүйелеудің қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дами түсіне әсері орасан зор. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі терминологиялық жүйедегі олқылықтар, терминдерде кездесетін жүйесіздік т.б. мәселелерді реттеу, терминологияны теориялық тұрғыда толықтыру, практикалық мәселелерді бір жүйеге түсіру, жаңа терминдерді сұзгіден өткізіп, бекіту және терминологиялық жүйге еніп, орнығын қамтамасыз ету сияқты жұмыстардың мемлекеттік тілдің дамуына ықпалы ететіні айқын.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны оның тұтастырушы фактор, ұлттық код, рухани жаңғырудың негізі сияқты қасиеттерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің тағы бір маңызды сипаты ол ғылым тілі болуы. Ал тіліміздің ғылым тілі ретінде дамуында терминдердің атқаратын рөлі үлкен. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ тілін дамытудың маңызды тетіктерінің бірі ұлттық терминологияны біріздендіру.

Кейінгі жылдары тілімізде жасалған жаңа терминдердің едәуір бөлігі синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан түзілімдер. Сондықтан будан терминдерді зерттеудегі негізгі міндет – қазіргі ұлттық терминологиялық жүйеге енген жаңа будан терминдік атальмдардың теориялық негіздерін қалыптастыру, оларды жасаудың тиімді тәсілдерін анықтау, будан терминдерді реттеу, біріздендіру, олардың қолданысындағы олқылықтарды жою, будан терминдік түзілімдердің сөздіктердегі, оқулықтардағы, ғылыми мәтіндер мен медиакеңістіктегі стандарттар мен оқу-әдістемелік құралдардағы қолданысына талдау жүргізу, олардың тілдік табиғатын, тілдік нормаға сәйкестігін айқындау.

Будан терминдердің қолданылу аясын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілген болатын.

Сауалнама мақсаты – будан терминдердің қаншалықты жиі қолданылатынын, қазақша баламасы бар терминдердің қолданысы, орыс тіліндегі нұсқасы жарыспалы қолданылып жүрген будан терминдердің

қолданыс жиілігін анықтау. Сауданама <https://docs.google.com/forms> онлайн сервисінде ұйымдастырылды (Қосымша А).

Сауданамаға жалпы саны 232 респондент қатысты. Олардың пайызы 82,4 пайызы 18-35 жас аралығындағы жастар болды. 16,9 пайызы 36-60 жас аралығындағы респонденттер болды.

«Қазақ тілінде баламасы бар шетел сөздерін жиі қолданасыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 59,6 пайызы «Қазақ тіліндегі баламасын қолдануға тырысамын» деп жауап берсе, 33,8 пайызы «Қазақ тілінде баламасы болса да шетел сөздерін қолдана беремін, себебі солай сөйлеу ыңғайлы» деп жауап берген. Ал 6,6 пайызы «Шетел сөздерін жиі қолдану қазір сәнге айналғандықтан қолданатынын» айтады.

«Сіз термин сөздерді қолдануда қандай ерекшеліктеріне басымдық бересіз?» деген сұрақ бойынша жауаптардың 31 пайызы «Олардың қазақ тілінің нормаларына сәйкес болуына», 29,3 пайызы «халық арасында жиі қолданылатын сөздерге», 39,7 пайызы «түсініктілігі мен ыңғайлылығына» мән беретінін аңғардық.

Сондай ақ «Қай нұсқасын жиі қолданасыз?» деген сұрақ бойынша, вебпарақша будан терминін 19 пайыз, ал вебстраница нұсқасын 51,7 пайыз қолданатынын байқадық. 19 пайызы екі нұсқасын да қолданатынын айтқан. Ал техникалық байқау – 22%, техосмотр – 66,8%, телеарна сезін – 48,7 %, телеканал – 31,9 %, 19,4% екі нұсқасын бірдей қолданады.

Футболшы сезін – 29,8%, футболист – 55,3 %, ал 14,9 % респонденттер екі нұсқасын бірдей қолданатынын айтады.

Автомектеп нұсқасын – 19,4 %, автошкола – 70,7 %, 9,9 % респонденттер екі нұсқасын да пайдаланады.

Автобөлшектер – 49,1 %, автозапчастілер – 34,9 % респонденттер қолданса, 15,9 % екі нұсқасын қатар қолданатынын көрсетті.

Фотосурет – 42,2%, фотография сезін – 38,8 %, 19 % респонденттер екі нұсқасын да пайдаланады.

Гиперсілтеме – 23,3%, орысша нұсқасы гиперсылка – 59,9 %, 16,8 % респонденттер екі нұсқасын да пайдаланады.

Әуекомпания – 27,6 %, орысша нұсқасы авиакомпания нұсқасын – 54,7 %, 17,7 % респонденттер екі нұсқасын да пайдаланатынын көрсетті.

Сауданамада күнделікті өмірде жиі қолданылатын будан терминдер берілді. Сауданама нәтижесі бойынша бұл терминдердің орысша нұсқасы жарыспалы қолданылатыны, сонымен қатар қолданушылардың басым бөлігі будан терминнің аудармасыз орысша нұсқасын пайдаланатыны белгілі болды. Көптеген кірме терминдер қазақша баламасы бар болса да, әлі де аудармасыз сол қалпында қолданыла береді. Қазақ тіліндегі кірме терминдердің көпшілігі орыс тілі арқылы енген латын, грек сөздері. Кейінгі жылдары бұл терминдерді аудару қолға алынып, біршама терминдердің қазақша нұсқасы қолданыла бастады. Дегенмен олардың ішінде сәтсіз аудармалар, тілде қолданыс тауып орныға алмаған терминдер де ұшырасады.

Ш. Құрманбайұлы: «Ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі өзінің ғылым саласындағы қызметтін толық атқаруға көшуге тиіс. Ол үшін

терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріп отыруымен қатар, термин жасауда пайдаланылатын лексика көздері анықталып, олар термин шығармашылығында тиімді пайдаланылуы қажет» [1, б.95], – дейді. Яғни қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуында ғылыми жаңалықтардың төл тілімізде жасалуы маңызды рөл атқарады.

Ұлттық психология әлсіз болған жағдайда ұлттық тілді дамыту да, ұлттық тілде жаңа сөз жасау ісі де әлсіз болады. Бұдан шығатын қорытынды, ұлттық терминологияны дамытатын қозғаушы күштердің бірі – ұлттық психология. Сондай ақ ұлтжандылық пен ұлттық тілге деген құрмет те қазақ тілін ілгері дамытуға айтарлықтай әсер етеді. Ұлттық тілді құрметтейтін, оған жанашырылған қарайтын әрбір тұлға ұлттық тілде баламасы бар кірме сөздерді қолданбауға тырысады. Тіліміздің сөздік қорында баламасы бола тұра кірме сөздерді қолдану төлтілдік бірліктердің біртіндеп қолданыстан шығып қалуына әкелетінін түсінеді. Шет тілінен алынған сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдеу кезінде А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, К. Кеменгерұлы сияқты терминолог-ғалымдардың ұстанымдары басшылыққа алынуы керек. Шетелдік термин сөздер қазақ тіліне бейімделген кезде, А. Байтұрсынұлы бастаған зиялды қауым еңбектерін басшылыққа алып, қазақ тілінің нормаларын нақтыладап, оларды сол қағидаттарға сәйкестендіру қажет.

Қорыта келгенде, қазіргі тілімізде кездесетін будан терминдердің қолданылуындағы бірқатар олқылықтар әлі де зертте, саралауды, қазақ тілінің орфографиялық нормаларына сай етіп, бірізге келтіруді қажет етеді. Сондай ақ, будан терминжасамның, кірме терминдерді аударудың сапасын арттырудың да маңызы зор.

### **3- тарау бойынша түйін**

Будан терминдер ғылыми мәтіндерде номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық функцияларымен қатар бағдарлау функциясы, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функция атқарады. Будан терминдердің танымдық сипаты онда бекітілген ақпараттың көмегімен нақтыланады, себебі терминдер нақты заттар мен құбылыстардың атауы болып табылады. Терминнің жеткізетін ақпараты оның пайда болуына әсер еткен факторларды, жасалуы туралы дереккөзді, мәдениет туралы мәліметті тануға мүмкіндік береді. Тілімізде қолданылып жүрген бірқатар будан терминдердің ұлттық сипаты айқын көрінеді.

Медиакеңістікте қолданылып жүрген будан терминдер ақпараттық-коммуникативтік қызметімен ерекшеленеді. Будан терминдер кәсіби ортада қарым-қатынас жасаудың тиімді құралы болып табылады. БАҚ та кездесетін будан терминдер арқылы берілетін ақпараттар ғылыми ұғымның арнайы зерттеулер нәтижесінде анықталған көбінесе әр саланың мамандарына ғана таныс болатын, жалпы жүртшылық немесе маман еместер біле бермейтін белгілерден тұрады. Әртүрлі ғылым саласы терминдері сол саланың мамандары үшін түсінікті. Будан терминдердің коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінеді.

Сонымен қатар будан терминдер күрделі ұғымдарды немесе процестерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Будан терминдер мағыналары арқылы берілетін ақпараттар көп жағдайда ғылыми дәлдігімен және өзге лексикалық қабаттарға жататын сөздер мағыналарында сақталатын мәліметтермен салыстырғанда толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленеді.

Қазақ тіліндегі будан терминдердің жасалуы мен қолданылуындағы бірқатар олқылықтар анықталды: қазақ тіліндегі баламалары бола тұра шеттілдік кірме сөздерді орынсыз қолдану; будан терминдердің бірнеше сөздердің тіркесінен жасалып, тым шұбалаңқы болып келуі; терминге қойылатын талаптардың бұзылуы; тілдік нормалардың сақталмауы. Будан терминдердің қолданысындағы аталған кемшіліктерге жол берілмесе, тіл тазалығы сақталады. Бекітілген терминдер құрамындағы шеттілдік кірме элементтердің бірде аудармасыз, бірде қазақша аудармасымен қолданылуы бірізге түсіруді қажет етеді.

Будан терминдерді қолдануда грамматикалық нормадан ауытқу тілдік норманы сақтамауға әкеледі. Гибрид сөздерді жазуда орфографиялық заңдылықтардың сақталмауы тіл тазалығына кері әсерін тигізеді, тілдің шұбарлануына әкеп соғады.

Аббревиаттардан жасалған будан терминдер құрамында қысқарған сөздердің өзгетілдік нұсқасының берілуі (публицистикада, ғылыми мәтінде, ресми қағаздарда) VIP-түйінде, VIP-хабарландыру, IT-мамандар, PR-мамандар т.б.

Тіліміздегі белсенді сөзжасам ұдерістері қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістермен қатар, лексикалық жүйедегі өзгерістерді, туынды сөздердің әлеуетін де көрсете алады. Терминжасамда жаңадан жасалған будан терминдерді лексикалық, грамматикалық, семантикалық және функционалдық белгілеріне, қазақ тіліне бейімделу дәрежесіне қарай саралау терминжасам тәсілдерінің тиімділігін анықтауға және терминологиялық жүйені біріздендіруге септігін тигізері сөзсіз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық ғалымдардың будан терминдерге байланысты ғылыми зерттеулері, пікірлері мен тұжырымдары сарапанып, қазақ тіліндегі будан терминдерің теориялық негіздері жасалды. Қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндер мен бұқаралық-ақпарат құралдарынан будан терминдер жинақталып, оларға кешенді лингвистикалық талдау жасалды.

Будан терминдер тілдік табиғаты, шығу тегі, құрылымы, жасалу жолдары түрғысынан құрделі құбылыс болып табылады. Сол себепті тілімізде қолданылып жүрген будан терминдердің типологиялық жіктелімін жасау, олардың жасалу жолдарын, құрылымдық ерекшеліктерін, функционалдық ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор. Қазіргі уақытта будан жаңа қолданыстар әртүрлі ғылым салаларының лексикасын толықтыруға, ғылым тілін дамытуға үлес қосуда. Дегенмен қазақ тіл біліміндегі будан терминдерге қатысты зерттеулерде будандар мен будандастыру тұжырымдамаларының әлі де аражігі ашылмаған, зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық. Будан түзілімдерді қарастырған зерттеулердің көпшілігі будандардың құрылымдық ерекшеліктеріне ғана мән береді. Осыған байланысты будан терминдердің тілімізге бейімделуін, қолданыс ерекшеліктерін қарастыру кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Будан терминдердің жасалу тәсілдерін, сөзжасамдық модельдерін, құрылымдық ерекшеліктері мен қолданысын, функционалдық сипатын, ұлттық терминологиялық қордан алатын орны мен қазақ ғылым тілін дамытуға тигізетін әсерін зерделеу терминология ғана емес, қазақ тілі сөзжасамы, аударматану, мәдениаралық қатысым, этимология, лингвоэкология сияқты салалардың да бірқатар мәселелерін шешуге ықпал етеді. Сондықтан будан терминдерді графикалық түрғыдан зерттеп, олардың құрамындағы шет тілдік кірме элементтің қазақ тілінің орфографиялық нормаларына сәйкестендірілуін қарастыру; фонетикалық аспектіде кірме компоненттің ұлттық тіліміздің фонетикалық занұлықтарына бейімделуін зерделеу; морфологиялық аспектіде будан түзілімдердің ұлттық тілдің грамматикалық жүйесіне бейімделуін, оның ішінде қосымшалардың жалғану тәртібіне сәйкестігін дәйектеу; синтаксистік түрғыдан будан терминдердің синтаксистік құрылымға ықпалын қарастыру; семантикалық аспектіде будан терминдердің мағыналық құрылымын зерттеу және этимологиялық аспектіде қарастырып, олардың құрамындағы шет тілінен енген элементтердің шығу тегін және тарихи дамуын айқындау, функционалдық аспектіде будан терминдердің қоғамның әртүрлі салаларындағы қолданысын, атқаратын қызметін сарапау, лингвоэкологиялық аспектіде тіл тазалығына әсерін зерделеу кезек күттірмейтін өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Будан терминдерді лингвистикалық түрғыда кешенді зерттеудің ұлттық тілдің терминологиясын жүйелеу жұмыстарына белгілі дәрежеде септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің теориялық мәселелерін, морфологиялық құрылымын, құрамын, сөзжасамдық тәсілдері мен деривациялық модельдерін айқындалап, функционалдық ерекшеліктерін анықтауға тырыстық. Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде

тілдің динамикалық жүйесі мен қоғамдағы трансформацияның арақатынасы, экстраграмматикалық ақиқаттың тілдегі көрінісінің тәсілдері, әлем туралы білімді құрылымдау, лексикалық жүйені модельдеу мәселелеріне ерекше қөніл бөлінеді.

Жаңа сөздерді жасау механизмдері өнімді деривациялық үлгілерді белсенді қолдануды қамтиды, олардың ішіндегі маңыздысы төлтілдік негіздер мен кірме аффикстерден жасалған будан аталымдардың жасалуы, кірме негіз берілген төлтілдік аффикстің үйлесімі, композиттік құрылымдар болып табылады. Будан аталымдардың ең көп мөлшері терминологиялық жүйеде байқалады.

Қазіргі қазақ тілінде жаңа кірме аталымдардың пайда болуы кезінде компоненттердің бірігуі будан аталымдардың, әртүрлі бірліктердің пайда болуына әкеледі, олардың құрылымында төлтілдік және бөгде тілдік морфемалар үйлестіріледі.

Будан аталымдардың ең өнімді деривациялық модельдері кірме аффикстер арқылы жасалған модельдер, кірме негіз берілген төлтілдік аффикстердің үйлесімі, сондай-ақ композиттік құрылымдар болып табылады.

Құрамындағы компоненттер санына қарай будан терминдер бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті деп жіктелді. Будан терминдер үшін жаңа сөздер жасаудың барлық тәсілдері жат емес. Будан терминдердің зат есімнен кейінгі үлкен бөлігі сын есім компоненті бар түзілімдер.

Будан терминдердің бір бөлігі анықтауыш сыңарлар (композиттер): ол анықтауыш композиттер зат есім құрылымды болып келеді және көбінесе екі яғни үш құрамды болады.

Будан терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі синтетикалық тәсіл, яғни түбірге сөзтудыруши жүрнақ жалғау арқылы жаңа сөз жасау. Будан терминжасамда сөзтудыруши жүрнақтардың түрлері, өнімділігі мен будан терминдердің тіліміздің сөзжасам заңдылығын сәйкес жасалуын зерттеудің маңызы зор. Сондықтан диссертациялық жұмыста будан терминжасамда қолданылып жүрген сөзтудыруши жүрнақтар мен олардың өнімді, өнімсіздігі анықталды. Будан терминдердің басым бөлігі зат есімдер екені анықталды.

Будан аталымдар тәмендегідей функционалды-деривациялық модельдер негізінде пайда болады:

- 1) кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнақ;
- 2) префикс + түбір/негіз;
- 3) кірме тілдік негіз + төлтілдік сөз;
- 4) аббревиатура + төлтілдік негіз.

Будан аталымдардың ішінде «кірме бірлік+ төлтілдік бірлік» моделі қазақ тілінде кең таралуда. Будан терминдер жасауда шет тілдік префикстер де маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында қазақ тілінде будан терминжасамға қатысатын бірқатар кірме префикстердің қолданысы қарастырылып, мысалдар арқылы дәлелденді.

Сөзжасам үлгілерінің әрқайсының құрылымдық компоненттердің нұсқалары бар, олар тілдегі интернационалдық элементтердің бейімделуінің

толық көрінісін ашады және жаңа атальымдардың пайда болу процесін көрсетеді.

Будан терминдер жасауға тіліміздегі сөзжасамдық тәсілдердің барлығы қатысады. Будан терминжасамда синтетикалық тәсіл маңызды орын алады. Қазақ тілі жалғамалы тілге жататындықтан тіліміздің сөзжасам жүйесінде синтетикалық тәсілдің негізгі тәсіл болып саналатыны белгілі. Будан терминжасамда да синтетикалық тәсіл белсененді қолданылып, жалпы қолданыстағы сөздер жасалатын сөзжасамдық модельдер мен сөзжасамдық жүрнақтар қолданылады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер төлтілдік немесе кірме жүрнақтар арқылы түзіледі.

Қазақ тілінде сөзжасамдық жүрнақтар өте көп. Терминжасамда да сөзжасамдық жүрнақтар арқылы жаңа термин жасауда тілдегі қалыптасқан сөзжасамдық жүрнақтардың қызметіне жүргінеді. Алайда будан терминжасауда бұл жүрнақтардың белсенділігі әр алуан. Будан терминдердің сөзжасамдық жүрнақтар көмегімен жасалуы термин құрылымдарының категориялық байланысын көрсетуге мүмкіндік жасайды. Себебі, бірқатар зат есім жасайтын жүрнақтар арқылы процестердің, құралдардың және қасиеттердің атауларын білдіретін будан терминдер жасалады. Қазіргі терминологиялық жүйедегі маңызды мәселелердің бірі терминдердің терминжасамдық сипатын анықтау болса, тілдің жалпы терминтаным саласының бір бөлігі болып табылатын терминжасам жаңа терминдерді жасалу үдерістерін қадағалайды. Будан терминдердің сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалуын жан-жақты зерттеу терминжасамның жаңа қырларын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Тілімізде аналитикалық жолмен жасалған будан терминдер өте көп ұшырасады. Мұндай сөзтіркесім арқылы жасалған терминдер композит будан терминдер деп аталды. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер біріккен будан терминдер, қосарланған будан терминдер, тіркескен будан терминдер, қысқарған сөздерден жасалған будан терминдер деп жіктелді. Біріккен және қосарланған будан терминдер жасауға төлтілдік және кірме терминбөлшектер қатысады. Будан терминдер жасалу жолдарына байланысты дериват будан терминдер, композит будан терминдер, аббревиат будан терминдер деп жіктеледі. Будан терминдердің басым бөлігі дериват, композит будан терминдер. Будан терминдердің басқа түрлеріне қарағанда аббревиат терминдердің үлес салмағы аз екені анықталды.

Қазіргі қазақ тіліндегі динамикалық сөзжасамдық құбылыстарының бірі – төлтілдік аффикстермен туынды сөз жасау жолымен енген бөгде тілдік бірліктерді бейімдеу процесі болып табылады.

Будан терминдердің аббревиатуралар арқылы жасалуының төмендегідей түрлерге жіктедік:

1. әріптік қысқарту түріндегі будан терминдер;
2. буындық аббревиатуралар арқылы жасалған будан түзілімдер;
3. әріптен немесе буыннан тұратын немесе толық сөзден тұратын ішнара аббревиатуралар;
4. аралас аббревиатуралардан болған будан терминдер;
5. әріптер мен буындардан және сандардан тұратын аббревиатуралар.

Аббревиацияны будан атальмдар жасауға қатысатын белсенді процестердің бірі ретінде санауға болады. Будандылық үдерісі кірме компоненттердің жоғары дәрежесін қазіргі қазақ тілінде жазудың өзіндік нысанын (латын әріптерімен) сақтау арқылы немесе транслитерация тәсілімен бейімделетінін байқатты.

Синтетикалық және аналитикалық тәсілмен қатар, аралас тәсіл арқылы да будан терминдер жасалады. Арапас тәсіл арқылы будан түзілімдер жасау синтетикалық-аналитикалық, аналитика-синтетикалық және аналитика-семантикалық тәсіл түрлеріне жіктелді. Аналитикалық тәсілмен синтетикалық тәсілдің қабаттаса қолданылуына будан терминдер құрамындағы неологиямдердің, архаизмдердің терминденуін, жалпыхалықтық сөздердің мағынасының кеңеюі мен тарылуы арқылы терминденуі мысал бола алады.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

– Будан терминдер – шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдер.

– Будан терминдер құрамындағы компоненттерінің шығу негізіне қарай ағылшын - қазақ сөздерінен; грек, латын негізді сөздер - қазақ сөздері; француз, неміс сөздері-қазақ сөздерінен; орыс-қазақ сөздерінен жасалған будан терминдер деп жіктелді. Мұндай түзілімдердің басым бөлігі – грек, латын негізді будан терминдер. Компоненттік құрылымына байланысты бір компонентті, екі компонентті және көп компонентті будан терминдер деп жіктелді.

– Будан терминжасам тәсілдері синтетикалық, аналитикалық және арапас тәсілдер деп жіктелді. Қазақ тіліндегі будан терминдер жасалу жолдарына байланысты дериват будан терминдер, композит будан терминдер, аббревиат будан терминдер деген түрлерге бөлінді. Басым бөлігі – дериват, композит будан терминдер. Статистикалық зерттеу нәтижесі аббревиат будан терминдердің үлес салмағы аз екендігін көрсетті.

– Қазақ тілінде будан терминдердің «кірме тілдік негіз + төлтілдік жүрнақ»; «Префикс + түбір/ негіз»; «кірме түбір/негіз +төлтілдік түбір/негіз, «кірме қысқарған сөз + төлтілдік түбір негіз» сөзжасамдық моделдері кездеседі.

– Будан терминдердің ғылыми мәтіндердегі функционалдық сипатын зерттеуде номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық функцияларымен қатар бағдарлау, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функциялары анықталды.

– Медиакеңістіктері будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінеді және күрделі ұғымдарды немесе процестерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Будан терминдер мағыналары көп жағдайда ғылыми дәлдігімен, толымдылығымен, ақпараттылығымен ерекшеленеді.

– Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуында терминге қойылатын талаптардың сақталмауы: төлтілдік баламалары бола тұра шеттілдік сөздерді уәжісіз қолдану; будан терминдердің тым шұбаланқы болып келуі; тілдік нормалардың сақталмауы; бірізділіктің болмауы сияқты бірқатар

олқылықтар ұшырасады. Аталған кемшіліктерді жою тіл тазалығының сақталуына, ұлттық ғылым тілінің дамуына ықпал етеді.

Шетел тілдерінің элементтері немесе кірме элементтер тілдің барлық деңгейінде кездесетіні белгілі. Будан терминдерді анықтауда тек этимологиялық құрамын зерттеумен шектелу жеткіліксіз. Себебі өзге тілдік бірлік тілімізге өз тілінің дыбыстық жүйесін, графикасын, морфологиясын және синтаксистік ерекшеліктерін алып келеді. Бұл тұрғыда, мұлде басқа типологиялық топқа жататын тілден еніп, қолданылып жүрген будан терминдерді этимологиялық қырынан зерттеумен шектеліп, қалған аспектілерді назардан тыс қалдыруға болмайды. Будан терминдер құрамындағы шет тілдерінен енген элементтердің игерілуін, қазақ тілінің зандылықтарына бейімделу, бейімделмеуін, жазу нормаларына бағынбауын, грамматикалық құрылымға ықпалын, сондай-ақ синтаксистік ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру ұлттық тіліміз бен терминологиямызды біріздендіруге де ықпал етеді. Тілдегі будан терминдердің қолданылуын зерттеу қазақ тілінің сөзжасам, терминология саласы үшін ғана емес, тіл тазалығы үшін де маңызды. Будан терминдердің тілдік жүйедегі орны мен рөлін айқындаудың ұлттық тіл мен терминологиялық жүйенің дамуына және тұрақтылығына да әсер етеді.

Қорыта келгенде, будан терминдер – шеттілдік лексиканың ана тіл жүйесіне кірігіп, интеграциялануы арқылы жасалған терминдер. Будан терминжасам тәсілдерін тиімді пайдаланып, оны қазақ тілінің зандылықтарына сәйкестендіріп жетілдіру, терминжасам тәсілдеріміздің өрісін кеңейтуге, өзге тілден енген кірме терминдерді игеруге ықпал етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография . – Алматы.: Сардар, 2014. – 952 б.
- 2 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 571с.
- 3 Marouzeau J. Lexique de la terminologie linguistique: français, allemand, anglais, italien. – 3e edition. Librairie orientaliste Paul Geuthner, 1951. – 268 p.
- 4 Friedman V. The Grammatical Categories of the Macedonian Indicative. – Columbus: Slavica, 1977. – 210 p.
- 5 Erkınay Tamtamış H. K. Türkçede hibrit (melez) sözcükler. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-belleten, 72 (Aralık), 2021. – 320 s.
- 6 Şirin H. Dil Devrimi'nin melez sözcükleri ve “bağnaz” üzerine. Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi. 809, Mayıs, 2019. –112 s.
- 7 Момышова Б. Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері // <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindeggi-zhazy-ulgileri>. 10.01.2025.
- 8 Момышова Б. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер және тіл тазалығы проблемасы // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 б.
- 9 Ахмет А.Н., Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі будан терминдердің жасалу жолдары // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. –2022. – № 4. – Б. 40-50.
- 10 Момышова Б., Әнесова Ү. Қазақ тіліндегі гибридтік сөздер (массмедиа материалдары негізінде) // Tiltanum журналы. – Алматы, 2019. – №4. – Б.14-20.
- 11 Құлманов С. Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. –№3 (136). – Б.50-62.
- 12 Vaugelas Claude Favre de. Remarques sur la langue française. Collection: Descriptions et théories de la langue française, n° 2 Série : Remarques et observations sur la langue française, 2018. – 940 p.
- 13 Бабенко Н.Г. Окказиональное в художественном тексте. Структурно-семантический анализ: учебное пособие. К.: КГУ, 1997. – 84 с.
- 14 Novotna Z. Contributions to the study of loan-words and hybrid words in Modern Chinese // Archív Orientální. Volume 35. Praha, 1967. – P.13-648
- 15 Johannes B. Buddhist hybrid Sanskrit: the original language // Aspects of Buddhist Sanskrit: Proceedings of the International Symposium on the Language of Sanskrit Buddhist Texts. October 1-5, 1991. – P. 396-423.
- 16 Waley A. Chinese-Mongol hybrid songs // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. Volume 20, No.1/3. University of London, 1957. – P. 581- 584.
- 17 Schach P. Hybrid compounds in Pennsylvania German // American Speech. Volume 23(2), 1948. – P.121-134.
- 18 Sheard J. The Words We Use. New York: Andre Deutsch, 1954. – 344 p.

- 19 Хауген Э. Языковой контакт. Новое в лингвистике. Выпуск 6. – М.: 1972. – С. 61-80.
- 20 Fleischer W. Barz I. *Wortbildung der deutschen Gegenwartssprache*. Berlin/Boston: de Gruyter, 2012. – 484 s.
- 21 Sanchez-Stockhammer Ch. English compounds and their Spelling. Cambridge University Press: UK, 2018. – 396 p.
- 22 Лейчик М.В. Терминоведение: предмет, методы, структура. – М.: КомКнига, 2006. – 256 с.
- 23 Тарасова М. Семантические изменения английских заимствований в русском и немецком языках в условиях глобализации: дисс. ...канд. филол. наук. – Белгород, 2009. – 199 с.
- 24 Крысин Л.П. Лексическое заимствование и калькирование в русском языке последних десятилетий // Вопросы языкознания, 2002. – № 6. – С. 296-313.
- 25 Тарасова Л.А. Структурно-семантические аспекты телескопии в современном английском языке: афтореф. ...дис. канд. филол. наук. – М, 1991. – 22 с.
- 26 Ардаматская Е.Н. Акронимия как форма адаптивности языковой системы (на материале английской морской терминологии): автореф. ...дис. канд. филол. наук. – Л, 1987. – 20 с.
- 27 Алиева Г.Н. Окказиональные неологизмы последнего десятилетия // Русская речь, 2006. – №3. – С.79-80.
- 28 Перцов Н.В. Инварианты в русском словоизменении. – М.: Языки русской культуры, 2001. – 280 с.
- 29 Попова Т.В. Графодеривация в русском словообразовании конца XX начала XXI в. // Русский язык: исторические судьбы и современность. III Международный конгресс исследователей русского языка. Труды и материалы. – М.: МГУ, 2007. – С. 230-231.
- 30 Пучинина А.С. Графодериваты как особые единицы речи // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение – 2013. – №16 (307). – С.102-104.
- 31 Шкапенко Т.М., Ваулина С.С. Проблемы терминологизации и теоретического описания уровней языковой деривации // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2. Языкознание. – 2020. – № 19 (6). – С. 204-215.
- 32 Ирисханова О.К. О языковой гибридизации, лексических гибридах и фокусе внимания // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. – 2010. – № 603. – С. 27-44.
- 33 Кравченко А.В. Взаимодействие культур и гибридизация языка // Homo communicans: человек в пространстве межкультурных коммуникаций. Щецин: GRAFFORM. – 2012. – С. 80–86.
- 34 Кузембаева Г.Н. Проблемы заимствованных слов в казахском языке // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. – 2018. – №4 (53). – С.151-154.
- 35 Кошекова А.Р. Современные словообразовательные тенденции

казахского языка // <https://rmebrk.kz/journals/4215/53638.pdf#page=89>.07.06.2024.

36 Нурмахова Ж.К. Вопросы терминообразования // Global Science and Innovations: Central Asia. – 2021. – № 3(9). – С. 71-76.

37 Wüster E. Einführung in die allgemeine Terminologielehre und terminologische Lexikographie dritte Auflage. – Bonn: Romanisticscher Verlag. 3 aufl., 1991. – 236 s.

38 Jespersen O. Growth and Structure of the English Language. Chicago: The University of Chicago Press, 1982. – 244 p.

39 Лотте Д.С. Вопросы заимствования упорядочения иноязычных терминов и терминоэлементов. – М.: Наука, 1982. – 152 с.

40 Austin J.L. How to Do Things with Words. – London: Oxford University Press, 1955. – 170 p.

41 Auger P., Rousseau L.J. Méthodologie de la recherche terminologique. – Québec: Éditeur official du Québec, 1978. – 80 p.

42 Boutin-Quesnel R., Bélanger N. Vocabulaire systématique de la terminologie. Québec: Éditeur officiel du Québec, 1985. – 38 p.

43 Clas A. Guide de recherche en lexicographie et terminologie. – Paris: Agence de coopération culturelle et technique, 1985. – 158 p.

44 Wright S., Budin G. Handbook of Terminology Management. Volume 2. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2001. – 549 p.

45 Felber H. Terminology Manual. – Paris: Unesco, 1984. – 426 p.

46 Picht H., Draskau J. Terminology: an introduction – Guildford: G. Morin, 1985. – 265 p.

47 Rondeau G. Introduction à la terminologie. 2 edition. – Chicoutimi, Quebec: University of Surrey, 1984. – 238 p.

48 Sager J.C. A Practical Course in Terminology Processing. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1990. – 258 p.

49 Rey A. Essays on terminology. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1995. – 223 p.

50 Pearson J. Terms in Context. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1998. – 249 p.

51 Жұбаева О. Қазақ тіліндегі терминжүйенің когнитивті сипаты // <https://termincom.kz/articles/?id=43/?lang=rus> 09.11.2024.

52 Құрманбайұлы Ш. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіиезі. – Алматы.: Ел-Шежіре, 2005. – 144 б.

53 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдеріндең үрдісі: филол. ғыл. док. ...дисс. – Алматы, 1998. – 250 б.

54 Құрманбайұлы Ш. Терминология мәселелері. 1 том. – Астана: «1С-сервис», 2006. – 288 б.

55 Әуезов М. Ғылым тілі (научный термин) // Абай журналы. – 1918. – №7. – Б. 4-7.

56 Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 3-бас. – Алматы.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

57 Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма «Орнак», 2012. – 388 б.

- 58 Сауранбаев Н.Т. Ұлы дағы тұлғалары. – Алматы: Елтаным, 2014. – 384 б.
- 59 Қайдаров Ә. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.
- 60 Айтбайұлы Ә. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Абзат-Ай, 2013. – 400 б.
- 61 Айтбаев Ә. Терминдердің жасалу жолдары мен принциптері // Қайнар университетінің Хабаршысы. – Алматы: Қайнар университеті, 2001. – №1. – Б. 3-12.
- 62 Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке: на материале относительных прилагательных. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 128 с.
- 63 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 182 б.
- 64 Крысин Л.П. Иноязычное слово в контексте современной общественной жизни // Русский язык конца XX столетия (1985-1995). – М.: Языки русской культуры, 2000. – С. 143-161.
- 65 Серебрянников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и мышление. – М.: Наука, 1988. – 242 с.
- 66 Ильина Л.А. О теоретических основах классификации лексических заимствований // Вопросы языка и литературы. – Новокузнецк, 1981. С.13-17.
- 67 Лившиц Т.Н. Специфика рекламы в pragmatischem и лингвистическом аспектах: дисс. ...канд. фил. наук. – Таганрог, 1999. – 354 с.
- 68 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация: учеб. пособие для студентов, аспирантов и соискателей по спец. «Лингвистика и межкультурная коммуникация». – М.: Изд. Слово, 2000. – 165 с.
- 69 Вступительные статьи В.А. Звегинцева. Новое в лингвистике. Выпуск 3. – М.: Издательство иностранной литературы, 1963. – 568 с.
- 70 Момышнова Б. Тілдегі гибрид сөздер: жазба тілдік ерекшеліктері, модельдері // Филология мен шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» атты IV халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2018. – 437 б.
- 71 Вайнрайх У. Языковые контакты. – Киев.: Вища Школа, 1979, –265с.
- 72 Онуфриенко Г.С. Взаимоотношения русских и иноязычных морфем в составе научно-технических терминов: дисс. ...канд. фил. наук. – Киев, 1984. – 124 с.
- 73 Маринова Е.В. Проблема этимологической интерпретации слов-гибридов (на материале современного русского языка) // Вестник РУДН. Серия Лингвистика, 2008. – №4. – С.75-81.
- 74 <https://termincom.kz>.
- 75 Zecca-Naples N. Lingua Latina omnia vincit: How Latin became the language of the Roman Empire. <https://unravellingmag.com/articles>. 13.11.2024.
- 76 Korolova N., Koshchii O., Myronova V. The Latin Language as a Universal Cultural Code // Journal of History Culture and Art Research. – 2019. –Vol.8. – №4. – P. 278-290.

77 Platin B. Is Latin a dead language? // <https://www.livescience.com/did-latin-die.html>. 01.06.2024.

78 Abikenova G., Nessipbay A. et al. Ways of formation and structural features of hybrid terms in the tourism sphere in Kazakh language // Forum for Linguistic Studies. – 2025. Vol. 7. Issue 3, – P.779-789.

79 Мамаева Г.Б. Терминжасамның аналитикалық тәсілі // Известия НАН РК. Филология сериясы. – 2010. – №5. – Б. 3-5.

80 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері (математика саласы негізінде). – Алматы.: Ғылым, 1996. – 426 б.

81 Шойбекова Ф.Б., Абдрахманова Ж.Ә., Насырғазы А.Б. Қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері арқылы жасалған компьютер терминдері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №1 (177). Б. 211-221.

82 Жонкешов Б.С. Ғылыми-техникалық терминдер және оларды жасауда қолданылатын аударма әдістері // Шетелдік терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибелі. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының электрондық жинағы. – Астана, 2022. – Б. 50-56.

83 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – Алматы, 2009. – 256 б.

84 Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 213 б.

85 Петрухина, Е. В. Новые явления в русском словообразовании. <https://www.portal-slovo.ru/philology/45939.php>. 10.06.2024.

86 Kulmanov S., Kordabay B. et al. Genealogic and grammatical character of hybrid terms in the Kazakh language // The scientific heritage. Hungary, 2022. – №87. – P. 32-38.

87 Рациурская Л.В. Специфика современных деривационных процессов в аспекте «амерглобализации» // Русский язык: исторические судьбы и современность: IV Международный конгресс исследователей русского языка: Труды и материалы. – М.:Изд-во Моск. ун-та, 2022. – С. 377–378.

88 Лопатин В., Улуханов И. Словарь словообразовательных аффиксов современного русского языка. – М.: ИЦ Азбуковник, 2016. – 812 с.

89 Щитова О.Г. Процесс словообразовательной ассимиляции иноязычной лексики в русском языке как отражение культурных и языковых тенденций // Вестник Томского государственного педагогического университета. Серия: гуманитарные науки (филология). – 2004. – №1(38). – С. 15–20.

90 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. – М.: Либроком, 2012. – 248 с.

91 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі БАҚ тіліндегі будан атаулардың жасалуы мен қолданысы // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. ҚР ҰҒА академигі М. Серғалиевтің 80 жылдығына арналған ғылыми – теориялық конференция материалдары. – Астана, 2018. – Б.54-57.

92 Возбранная Т.В. К вопросу о современных тенденциях в области словообразования // Lingua mobilis. – 2013. – № 3 (42), – С. 28–32.

- 93 Есенова Қ.Ә. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспекті. – Алматы: Елтаным, 2015. – 352 б.
- 94 Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке: учебное пособие для студентов вузов. – Москва: Логос, 2003. – 304 с.
- 95 Мячинская Э.И. Гибридизация русского письма под влиянием английского языка // <https://philarts.spbu.ru/structure/subfaculties/englfilolog/etyudy/gibridizatsiya-russkogo-pisma>. 09.03.2025.
- 96 Голованова Е.И. Введение в когнитивное терминоведение: учебное пособие. – М.: Наука, 2011. – 224 с.
- 97 Лазарева О.А. Идеолексема: к постановке проблемы // Вестник СПбГУ. – 2010. – Серия 9, вып.1. – С. 164-168.
- 98 Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. – Алматы, 2013. – 296 б.
- 99 Скороходъко Э.Ф. Вопросы перевода английской научно-технической литературы. – Киев: Киевский университет, 1989. – 90 с.
- 100 Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик. – М.: 1986. – 79 с.
- 101 Айтбаев Ә. Қазақ терминдерінің дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.
- 102 Аққошқаров Е. Физика терминдерінің орысшы-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 152 б.
- 103 Капанадзе Л.А. Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века. Русский язык и советское общество. – М.: 1968. – 152 с.
- 104 Сарсенова С.Е. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған физика терминдері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – №2. – Б. 32-35.
- 105 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасның терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 206 б.
- 106 Кулманов С.К, Рсалиева Н.М., Омарова А.Д, Ескендер Ж.Е. Қазіргі қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер // Tiltanum журналы. – 2023. – №3. – Б. 85-94.
- 107 Қеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1966. – 211 б.
- 108 Айтбаев Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 624 б.
- 109 Лингвистический энциклопедический словарь под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 683 с.
- 110 Шанский Н. М. Очерки по русскому словообразованию. – М.: МГУ, 1968. – С.108–109.
- 111 Винокур Г. О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Труды Московского института истории, философии и литературы. Сборник статей по языковедению. – М.: ЛИТЕРА, 1939. С. 3-54.
- 112 Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии. – М.: Наука, 1986. – С. 163-198.

- 113 Булыгина Т. В., Крылов С. А. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с.
- 114 Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. Москва: Наука. Логический словарь-справочник, 1975. – 721 с.
- 115 Исакова С.С. Терминдерді зерттеудің когнитивтік аспекті // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №4 (42). – Б. 10-14.
- 116 Головин Б. Н., Кобрин Н.Ю. Лингвистические основы учения о терминах. – М.: Высшая школа, 1987. – 105 с.
- 117 Полани М. Личностное знание. Пер. с англ. М.Б.Гнедовского, Н.М. Смирновой, Б.А. Старостина. – М.: Прогресс, 1985. – 105с.
- 118 Жұбаева О.С., Сүлейменова Ж.Н., Сарбалина А.Б. Қазақ тіл білімі терминдері: когнитивтік негіздері // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2019. – №1 (173). Б.95-101.
- 119 Володина М.Н. Знание сквозь призму терминологической информации // Вестник МУ. – 2011. – Серия 9, №3. – С.136-144.
- 120 Қожахмет А. Термин түзудегі ұлттық таным мәселесі // <https://abai.kz/post/93836>. 20.11.2024.
- 121 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
- 122 Әлімбай Н. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-том. ҚР мемлекеттік орталық музейі. – Алматы: DPS, 2011. – 670 б.
- 123 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзат-ай баспасы, 2014. – 639 б.
- 124 Бижкенова А. Содержательный и словообразовательный потенциал деонимов (слов, восходящих к именам собственным). – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2003. – 308 с.
- 125 Смагулова А.С Қазақ тіліндегі мұнай мен газдың терминдік жүйелері: даму перспективалары // Tiltanum журналы. – 2016. – №2. – Б.72-76.
- 126 Құрманбайұлы Ш. Термінтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: Ер-Дәulet, 2007. – 208 б.
- 127 Несіpbай А. Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуындағы олқылықтар // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. № 1, 2025. – Б.254-262.
- 128 Ахметов М. Медицина терминдерін қалай қазақшалап жүрміз? <https://tilalemi.kz/kz/news/medysyna-termynnderin-qalay-qazaqshalap-jurmiz.html>. 09.03.2025.
- 129 Колпек А. Химия терминдерінің қазіргі жай-қүйі және қазақ тілі заңдылықтарына сәйкестігі // <https://termincom.kz/articles/?id=175>. 09.11.2024.
- 130 Мазбаев О. Географиялық терминдердің халықаралық атаулармен үйлесімділігі // <https://termincom.kz/articles/?id=176>. 20.03.2025.
- 131 Құлманов С.Қ. Заң саласы терминдерінің қолданысындағы жарыспалылық мәселесі // Tiltanum. – 2021. – №3. – Б.74-88.

132 Әлісжанов Қ. Терминология мәселелері. Оқу құралы. – Астана: 2004.  
– 70 6.

133 Сыздық Р. Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар  
// Қазақ әдебиеті газеті. – 2018. – №39 (3621). 5-11 қазан.

## **ҚОСЫМША А**

**Будан термин түрлерінің қолданылуына байланысты сауалнама  
нәтижелері**

### **Күрметті респондент!**

**Бұл сауалнама қазақ тіліндегі будан терминдердің қалай қолданылатынын анықтау мақсатында жүргізілуде. Сіздің жауабыңыз біз үшін маңызды!**

1. Респондент туралы мәлімет

А) 18-35 жас

Ә) 36-60

Б) 61-ден жоғары жас

---

2. Қазақ тілінде баламасы бар шетел сөздерін жиі қолданасыз ба?

А) Қазақ тіліндегі баламасын қолдануға тырысамын.

Ә) Қазақ тілінде баламасы болса да шетел сөздерін қолдана беремін, себебі солай сөйлеу ыңғайлы

Б) Шетел сөздерін жиі қолдану қазір сәнге айналған, сондықтан қолдана беремін

В) Басқа қосымша пікіріңіз болса жазыңыз

---

3. Сіз термин сөздерді қодануда қандай ерекшеліктеріне басымдық бересіз?

А) Олардың қазақ тілінің нормаларына сәйкес болуына

Ә) халық арасында жиі қолданылатын сөздерге

Б) Түсініктілігі мен ыңғайлылығына

В) Басқа қосымша пікіріңіз болса жазыңыз

---

4. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?

А) Вебпарақша

Ә) Вебстраница

Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

5. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?

А) Техникалық байқау

Ә) Техосмотр

Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

6. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?

А) Телеарна

Ә) Телеканал

Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

7. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Футболшы  
Ә) Футболист  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

8. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Автомектеп  
Ә) Автошкола  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

9. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Автобөлшектер  
Ә) Автозапчастілер  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

10. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Фотосурет  
Ә) Фотография  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын


11. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Гиперсілтеме  
Ә) Гиперсылка  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

12. Сіз қай сөзді жиі қолданасыз?  
А) Әуекомпания  
Ә) Авиакомпания  
Б) Екі нұсқасын бірдей қолданамын

## Саялнама жауаптары:

Респондент туралы мәлімет

232 ответа




Қазақ тілінде баламасы бар шетел сөздерін жиі қолданасыз ба?

232 ответа




Сіз термин сөздерді қолдануда қандай ерекшеліктеріне басымдық бересіз?

232 ответа




Сіз қай сөзді жи қолданасыз?


232 ответа




232 ответа




232 ответа




232 ответа




232 ответа




232 ответа




232 ответа



232 ответа



232 ответа



## ҚОСЫМША Ә

Мемлекеттік терминология комиссиясының 2019-2024 жылдары бекітіken  
будан терминдер

Кесте 1 – Будан терминдердің жасалу жолдары

Термин	Өзге тілдегі атауы, шетелдік субстрат мағынасы	Жасалу тәсілі
Ақпараттық ұрлық	Плагиат (лат. plaqio – «урлау, ұрлық»)	Аналитикалық тәсіл
Авторлық шарт	Авторский договор (грек. autos – «өзім»)	Аналитикалық тәсіл
Авторлық құқық	Авторское право (грек. autos – «өзім»)	Аналитикалық тәсіл
Анафилактикалық шок	Анафилактический шок (бастап грек. ἀνά – «қарсы» және φύλαξις – «қорғаныс»)	Аналитикалық тәсіл
Авариялық жиілік	Аварийные частоты (итал. avaria немесе франц. avarie – «закым»)	Аналитикалық тәсіл
Автоматтық оталдыру	Автоматическое зажигание (франц. automate – «автомат», грек. Αὐτόματος – «өзінен-өзі қозғалатын»)	Аналитикалық тәсіл
Су айдыны аэрациясы	Аэрация водоема (грек. air – «ая»)	Аналитикалық тәсіл
Акропеталды өсу	Акропетальный рост (грек. akron – «шын» және лат. peto – «өрлеу»)	Аналитикалық тәсіл
Артериялық қысым	Артериальное давление (артерия – arteria; көне гр. ar – «ая»; көне гр. terein – «ішіндегі»)	Аналитикалық тәсіл
Бактериоскоптық зерттеу	Бактериоскопическое исследование (лат. skopeo – «зерттеймін»)	Аналитикалық тәсіл
Вакуольді тасымал	Вакуолярный транспорт (лат. vacuus – «бос»)	Аналитикалық тәсіл
Вегетативті көбею	Вегетативное размножение (лат. vegeto – «тірілту, қоздыру, өсіру»)	Аналитикалық тәсіл
Вексельдік құқық	Вексельное право (нем. wechsel – «айырбастау»)	Аналитикалық тәсіл

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Дипломатиялық құқық	Дипломатическое право (көне грек. δίπλωμα – «екеуден салынған»)	Аналитикалық тәсіл
Гигиеналық норматив	Гигиенический норматив (грек. hygieinos – «дени сау», лат. normatio «іріктеу»)	Аналитикалық тәсіл
Гипермәтін	Гипертекст (грек. ύπέρ – «жоғарғы»)	Аналитикалық тәсіл
Гибридологиялық зерттеу	Гибридологический метод (лат. hibrida – «гибрид»)	Аналитикалық тәсіл
Жедел жады	Оперативная память (ағылш. memory – «жады»)	Аналитикалық тәсіл
Есептілік валютасы	Валюта представления (итал. voluta – «құн, баға»)	Аналитикалық тәсіл
Операциялық жүйе	Операционная система (лат. operatio – «ic, әрекет»)	Аналитикалық тәсіл
Қосынды формулалары	Формулы суммы (лат.forma – «форма»)	Аналитикалық тәсіл
Объектив бастиеғінің оптикалық көздеуіші	Оптический прицел головки объектива (лат. objectivus – «заттық»)	Аналитикалық тәсіл
Линзаның оптикалық центрі	Оптический центр линзы (лат. lens – «жасымық»)	Аналитикалық тәсіл
Металдардың актив қатары	Активный ряд металлов (лат. metallum – «шахта»)	Аналитикалық тәсіл
Мөлдік көлем	Молярный объем (лат. moles – «масса, зор»)	Аналитикалық тәсіл
Фидуциялық жауапкершілік	Фидуциарная ответственность (лат. fiducia – «сенім»)	Аналитикалық тәсіл
Тізбекті рекурренттік тәсілмен беру	Передача последовательности рекуррентным способом (лат. recurrens, recurrentis – «қайта оралатын»)	Аналитикалық тәсіл

## 1 кестенің жалғасы

1	2	3
Табиғи радиоактивтілік	Естественная радиоактивность (лат. radio – «сәүле шығару», activus – «әсерлік»)	Аналитикалық тәсіл
Сілті-жер металы	Щелочно-земельный металл (лат. metallum – «шахта»)	Аналитикалық тәсіл
Тірі организмдер	Живые организмы (гр. organon және лат. organizo – «кеlestі тұрге келтіру»)	Аналитикалық тәсіл
Кумулятив инвестициялар	Кумулятивные инвестиции (лат. cumulatus – «толық, аяқталған»), (лат. invest – «салым салу»)	Аналитикалық тәсіл
Капитал қамтымы	Капиталоемкость (нем. capital – «басты нәрсе, негізгі қаржы»)	Аналитикалық тәсіл
Фирмалық тағам	Фирменное блюдо (итал. firma – «қойылған қол»)	Аналитикалық тәсіл
Жылдық параллакс	Годовой параллакс (грек. παράλλαξις, параллаксис – «ауысу»)	Аналитикалық тәсіл
Екіөлшемді наноматериалдар	Двумерные наноматериалы (грек. πᾶνος – «өргежейлі»)	Аналитикалық тәсіл
Дифракциялық тор	Дифракционная решетка (лат. difractus – «сындырылған»)	Аналитикалық тәсіл
Идеал тербелмелі контур	Идеальный колебательный контур (франц. idéal, грек. idéa – «идея, үздікүлгі»)	Аналитикалық тәсіл
Индукциялық генератор	Индукционный генератор (лат. inductio – «ойсалу, бағыттау»)	Аналитикалық тәсіл
Толқындар интерференциясы	Интерференция волн (лат. interferens, бастап inter – «арасында» + ferens – «тасымалдаушы»)	Аналитикалық тәсіл
Нанотұтік	Нанотрубка (грек. πᾶνος – «өргежейлі»)	Аналитикалық тәсіл
Репродуктивті еңбек	Репродуктивный труд (re. және лат. produco – «өндіремін»)	Аналитикалық тәсіл

## 1 кестенің жалғасы

1	2	3
Корпұсқулалық-толқындық дуализм	Корпұскулярно-волновой дуализм (лат. корпұскулум – «бөлшек») – классикалық (кванттық емес) физикадағы бөлшек, дуализм (лат. dualis – «екі жақты»)	Аналитикалық тәсіл
Нейтрондардың көбею коэффициенті	Коэффициент пролиферации нейтронов (ағылш. neutron, латын. neuter – «ол да емес, басқа да емес»)	Аналитикалық тәсіл
Жаңа сауда теориясы	Теория новой торговли (гр. <i>theoria</i> – «пайымдау, анықтау»)	Аналитикалық тәсіл
Бағдарламалық интерфейс	Интерфейс программный (interface-inter – «өзара», face – «бет жағы»)	Аналитикалық тәсіл
Циклді алгоритмдер	Алгоритм ветвлений (лат. <i>algorithmi</i> – «реттелген нұсқаулар тізбегі»)	Аналитикалық тәсіл
Шытырман туризм	Adventure-туризм (франц. <i>tourisme</i> – «серуендеу, саяхат»)	Аналитикалық тәсіл
Экономикалық зандар	Законы экономические (экономика еж. грек. «ойкос, экос» – үй, үй шаруашылығы және «номос» – зан)	Аналитикалық тәсіл
Конституциялық жауаптылық	Конституционная ответственность (лат. <i>constitutio</i> – «құрылым»)	Аналитикалық тәсіл
Консулдық экзекватура	Консульская экзекватура (лат. <i>consulere</i> – «кеңес беру»), (экзекватура лат. <i>exsequor</i> – «орындаймын»)	Аналитикалық тәсіл
Консулдық конвенция	Консульская конвенция (лат. <i>conventio</i> – «шарт, келісім»)	Аналитикалық тәсіл
Консулдық иммунитет	Консульский иммунитет (лат. <i>immunitas</i> – «босату, құтқару»)	Аналитикалық тәсіл
Консулдық корпус	Консульский корпус (лат. <i>corpus</i> – «дене, организм»)	Аналитикалық тәсіл

## 1 кестенің жалғасы

1	2	3
Консулдық патент	Консульский патент (лат.litterae patentes – «грамота, марапат», лат. patens «ашық»)	Аналитикалық тәсіл
Өндірістің спецификасымен құрылымын өзгерту	Изменение спецификии структуры производства (лат. specificus – «ерекше» + лат. structura – «құрылыш»)	Аналитикалық тәсіл
Кәсіптер классификаторы (жіктеуіш, сыйныптауыш)	Классификатор занятий (лат.classis – «разряд» және facere – «жасау»)	Аналитикалық тәсіл
Лауазымдар классификациясы	Классификация должностей (лат.classis – «разряд» және facere – «жасау»)	Аналитикалық тәсіл
Биоырғақ	Биоритм (грек βίος – bios, «өмір» және ρυθμός – rhythmos – «кез келген қайталанатын қозғалыс, ырғақ»)	Аналитикалық тәсіл
Биоырғақтану	Биоритмология (грек βίος – bios, «өмір» және ρυθμός – rhythmos – «кез келген қайталанатын қозғалыс, ырғақ»)	Аналитикалық тәсіл
Биоэнергетика	Биоэнергетика (грек βίος – bios, «өмір» және ρυθμός – rhythmos – «кез келген қайталанатын қозғалыс, ырғақ»)	Аналитикалық тәсіл
Велобәйге	Велогонка (лат.vēlōx – «шапшан»)	Аналитикалық тәсіл
Велошабандоз	Велогонщик (лат.vēlōx – «шапшан»)	Аналитикалық тәсіл
Фотокезеңділік	Фотопериодизм (грек: фото – «жарық, граф – «сурет саламын, жазамын»)	Аналитикалық тәсіл
Криптоталдама	Криптоанализ (гр. κρυπτός – «жасырын» және гр. γράφω – «жазамын»)	Аналитикалық тәсіл

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Жылу электр стансасы (ЖЭС)	Тепловая электростанция (ТЭС) (лат. statio – «аялдама»)	Аналитикалық тәсіл
Мұлікті инвентаризациялау	Инвентаризация имущества (лат. inventarium – «тізімдеу»)	Синтетикалық тәсіл
Интеграциялау	Интеграция (лат. integratio – «қондырма»)	Синтетикалық тәсіл
Легализациялау	Легализация (лат. legalis – «заңды, заңдастыру, заңды күш беру»)	Синтетикалық тәсіл
Көппартиялық	Многопартийность (лат. partis – «бөлік, топ»)	Синтетикалық тәсіл
Галогендеу	Галогенирование (еж.грек. ἄλς – «тұз» және γένοσι – «шығуы»)	Синтетикалық тәсіл
Гибридтену (хим.)	Гибридизация (лат. hibrida – «гибрид»)	Синтетикалық тәсіл
Нитратсыздану	Нитратирование (грек. nitron – «сода, селитра»)	Синтетикалық тәсіл
Детекторлау	Детектирование (лат. detectio – «кашу, табу»)	Синтетикалық тәсіл
Дифференциалдау	Дифференцирование (фр. differentiation, лат. differentia – «айырымы, айырмашылық»)	Синтетикалық тәсіл
Иммерсивтілік	Иммерсивность (лат. immersio – «сұңғу, бату»)	Синтетикалық тәсіл
Инерттілік	Инертность (iners – «әрекетсіз»)	Синтетикалық тәсіл
Синхрондылық	Синхронность (гр. syn – «бірге», гр. chronos – «уақыт, мерзім»)	Синтетикалық тәсіл
Модулдену	Модулирование (лат. modulus – «мөлшер»)	Синтетикалық тәсіл

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Мобильдік	Мобильность (лат. mobilis – «қозғалушы»)	Синтетикалық тәсіл
Йодтау	Иодирование (лат. iodum, еж.грек ιώδης – «кулгін»)	Синтетикалық тәсіл
Клондау	Клонирование (грек. clon – «ұрпақ, бұтак»)	Синтетикалық тәсіл
Кокстаяу	Коксирование (нем. koks – «көмір») көмірді немесе мұнайлы шикізаттарды кокстеу арқылы алынатын жасанды қатты отын	Синтетикалық тәсіл
Комплементарлық	Комплементарный (франц. compliment – «бірін-бірі толықтыруши»)	Синтетикалық тәсіл
Конфиденциалдық	Конфиденциальность (лат. confidentialia – «сенім»)	Синтетикалық тәсіл
Менторлық	Менторство (ағылш. mentor – «тәлімгер»)	Синтетикалық тәсіл
Метандылық	Метанирование (фр. méthane, лат. methanum – «метан»)	Синтетикалық тәсіл
Эфирлендіру	Этерификация (еж.грек. αἴθήρ – эфир және лат. facio – «жасаймын»)	Синтетикалық тәсіл
Электрлену	Электризация (көне гр. ἥλεκτρον – «электрон»)	Синтетикалық тәсіл
Плюрипотенттілік	Плюрипотентность (лат. pluralis – «көп», potentia – «күш, куат»)	Синтетикалық тәсіл
Полимерлеу, Полимерлену	Полимеризация (еж. грек. πολυμερής – «бірнеше бөліктен тұратын»)	Синтетикалық тәсіл
Альтышы	Альтист (лат. altus – «биік (тенордан жоғары)»)	Синтетикалық тәсіл
Балеттану	Балетоведение (грек. ballizein – «билеу»)	Синтетикалық тәсіл

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Бандурашы	Бандурист (польск.bandura, итал. pandūra – «лютня», лат. pandūra, грек. Πανδοῦρα – «кифара»)	Синтетикалық тәсіл
Авиамодельші	Авиамоделист (лат. avis – «құс» + фр. modèle)	Синтетикалық тәсіл
Акробатшы	Акробат (грек. akros – «шеткі, биік, жоғары» және bainein – «жүргү»)	Синтетикалық тәсіл
Геометриялау	Геометризация (көне гр: γεωμετρία; көне грекше: γῆ «жер» көне гр. μετρέω – «өлшеу»)	Синтетикалық тәсіл
Гемизиготалы	Гемизиготный (грек. hemi «жарты»; грек – зигот – zygotós – «бірге», «байланысқан»)	Синтетикалық тәсіл
Интерлейкиндер	Интерлейкины (лат.inter «арасында» + лейкос – грек. leukos «ақ» + ин – лат. -in (e) – «ұқсас»)	Синтетикалық тәсіл
Баскетболшы	Баскетболист (ағылш.basket – «себет»+ball – «доп»)	Синтетикалық тәсіл
Бобслейші	Бобслеист (ағыл.bob – 'боб' және to sleigh – «шанамен сырғанау»)	Синтетикалық тәсіл
Кодоминанттау	Кодоминирование (лат.co (cum) «бірге»+ доминат, dominare – «үстемдік», «биликету»)	Синтетикалық тәсіл
Эмпирикалық қауіп	Риск эмпирический (грек. emperia – «тәжірибе», риск – франц. risque – «қауіп»)	Синтетикалық тәсіл
Эпигенетикалық	Эпигенетический (грек. επί «үстінде», «жоғары», «сыртқы» + генетика – грек. genētikos «тууға, пайда болуға қатысты»)	Синтетикалық тәсіл
Дефлимпиялық ойындар	Дефлимпийские игры (ағылш. deaflympiada – «санырау» сөзінен)	Синтетикалық тәсіл

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Иррационал өрнек	Иррациональное выражение (лат. <i>irratiōnālis</i> – негізсіз, бейсаналық)	Аралас тәсіл
Квадрат түбір	Квадратный корень (лат. <i>quadratus</i> – «төртбұрыш»)	Аралас тәсіл
Квадрат үшмұше	Квадратный трехчлен (лат. <i>quadratus</i> – «төртбұрыш»)	Аралас тәсіл
Этан (сірке) қышқылы	Этановая кислота (лат. <i>ethanum</i> , химиялық формула – $C_2H_6$ немесе $H_3C - CH_3$ )	Аралас тәсіл
Факультативтік міндеттеме	Факультативное обязательство (лат. <i>facultas</i> – «мүмкіндік»)	Аралас тәсіл
Факультативтік хаттама	Факультативный протокол (лат. <i>facultas</i> – «мүмкіндік»)	Аралас тәсіл